

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

# ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТІ

---

№ 9

СЕНТЯБРЬ

№ 9

АЛМАТЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫ

1955



**ҚАЗАҚСТАН  
КОММУНИСТІ**ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ  
КОМИТЕТІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ  
және СЯСИ ЖУРНАЛЫ

Қазақ және орыс тілінде шығады

№ 9

С Е Н Т Я Б Р Ъ

1955

## М А З М У Н Ы

БАС МАҚАЛА — СОКП XX съезінің құрметіндегі социалистік жарыс кең өрістетілсін	1
Партия оқуы жүйесіндегі жаңа оқу жылы	8
Қ. СӘТПАЕВ — Қазақстанның өндіргіш күштерін онан әрі дамытудың кейбір мәселелері	14
Ю. РОЗЕНТАЛЬ — Циклдік график барлық лаваларға енгізілсін	23
М. БУТИН — Ауыл шаруашылығында еңбек өнімділігі арттырыла берілсін	28
Р. ШАМЖАНОВА — Советтік Қазақстанның халықаралық мәдени байланысы	33
Ш. ӨТЕГЕНОВ — Вьетнам Демократиялық Республикасы жаңа өмір орнатуда	38

## ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ

Ж. ЖАНДОСОВ — Еңбекшілер арасындағы бұқаралық-саяси жұмыс	43
А. АСҚАРОВ — Ұйымдастыру жұмысы — табыстың кепілі	49

## ЖЕРГІЛІКТІ БАСПАСӨЗГЕ ШӨЛУ

Өнеркәсіп жанашыларының тәжірибесі кеңінен таратылып, өндіріске қажырлылықпен енгізілсін	53
--	----

## СЫН ЖӘНЕ БИБЛИОГРАФИЯ

Г. СТЕПАНЕНКО, В. ШЕХТЕРМАН — Совет мемлекетінің қызметін зерттеудегі былыққа және жауапсыздыққа қарсы	58
Партия тұрмысының хабарлары	63

**СОКП XX съезінің құрметіндегі  
социалистік жарыс кең өрістетілсін**

1956 жылғы 14 февральда Совет Одағы Коммунистік партиясының кезекті XX съезі шақырылады. Бұл — партия мен совет халқының өміріндегі ірі тарихи уақыт.

Совет Одағының Коммунистік партиясы біздің қоғамның коммунизм үшін күрестегі демберуші және ұйымдастырушы күші. Туысқан Коммунистік партия совет адамдарының жалынды сүйіспеншілігіне, қалтықсыз сеніміне бөленген. Оның социалистік Отанымыздың күш-қуатын нығайтуға, халықтың тұрмыс-күйін көтеруге, бүкіл дүние жүзінде бейбітшілік ісін нығайтуға бағытталған сыртқы және ішкі саясатын совет халқы бірауыздан мақұлдауда және белсене қолдауда.



Коммунистік партияның съездері партияның, бүкіл халықтың өмірінде ерекше күшті роль атқарып келді. Олар біздің онан әрі даму жолымызды маркстік-лениндік теорияның сәулесімен нұрландырды, сонымен бірге әруақытта партия мүшелерінің, бүкіл совет адамдарының коммунистік саналылығын, белсенділігін арттырудың маңызды кезеңі болып келді. СОКП-ның XX съезі партияның XIX съезден кейінгі дәуірдегі қызметінің қортындысын шығарады, коммунистік құрылыстың осы жылдарда жыйналған бай тәжірибесін қорытады, біздің еліміздің коммунизм жолымен онан әрі дамуының келешегін белгілейді.

Коммунистік партияның XX съезін шақыру туралы хабарды совет адамдары, біздің шетелдердегі достарымыз зор өрлеумен қарсы алды. Бұл хабар біздің халқымызда патриоттық өрлеу, творчестволық күш және инициатива туғызды. Жұмысшылар, колхозшылар, интеллигенция даңқты большевиктік дәстүр бойынша туысқан Коммунистік партияның съезін еңбекте жаңа ерлікпен қарсы алуға даярланды.

Бүкіл елімізде — кәсіпорындарда, транспортта, құрылыстарда, колхоздарда, машина-трактор станцияларында және совхоздарда Коммунистік партияның XX съезі құрметіндегі социалистік жарыс барған сайын кең өрістеуде. Бұл жарыс СОКП Орталық Комитетінің июль Пленумы қойған жауынгерлік міндеттерді жүзеге асыру жолындағы бүкілхалықтық күрес туымен жүргізілуде. Қала мен деревняның миллиондаған еңбекшілер бұқарасы Пленумның шешімдерін бірауыздан қолдады, бұл шешімдер олардың творчестволық инициативасын арттырды. Сүйікті Отанымыздың күш-қуатын арттыру деген игілікті мақсатпен жігерленген совет патриоттары өздеріне көтеріңкі социалистік міндеттемелер алуға съезге еңбектегі табыстарымен сыйлықтар әзірлеуде.

Социалистік жарыс жаңа өндірістік қатынастың көрінісі, қанаудан азат еңбекшілердің жолдастық бірлік және өзара социалистік көмектестік қатынасы. Ол социалистік өндіріс тәсілінің объективтік нәтижесі, совет қоғамы дамуының заңдылығы және қозғаушы күші болып саналады. Жарыс — коммунистік құрылыстың сыналған әдісі, ескіні, мешеуді сындырып жойып, жаңаны, прогрессивті нормалар мен жұмыс әдістерін туғызатын қуатты күш.

Коммунистік партия социалистік жарысқа зор, бірінші кезекті маңыз бере отырып, оны жәй формалардан жоғары сатыға көтеріп, миллиондардың қозғалысына айналдырды. СОКП Орталық Комитетінің тарихи июль Пленумы совет халқының біздің халық шаруашылығымызды онан әрі өркендете беру жолындағы күресінде социалистік жарыстың зор роль атқаратындығын тағы да атап көрсетті.

Коммунистік партияның XX съезі құрметіндегі социалистік жарысқа бүкіл елімізбен бірге Қазақстан еңбекшілері де белсене қатынасуда. Көптеген кәсіпорындардың, машина-трактор станцияларының, колхоздар мен совхоздардың коллективтері өздеріне көтеріңкі социалистік міндеттемелер алып, бесінші бесжылдық жоспардың тапсырмаларын мерзімінен бұрын орындау жолында, партияның XX съезін жаңа табыстармен қарсы алу жолында табыспен күрес жүргізуде.

Съезд құрметіндегі жарыс еңбек майданында жүздеген және мыңдаған ерлерді туғызуда. Жаңа өндірістік табыстарға жету үшін тек жеке жұмысшылар мен колхозшылар ғана жарысып жатқан жоқ, сонымен бірге кәсіпорындары, колхоздар, совхоздар, аудандар, облыстар жарысқа түскен. Еңбекке коммунистік көзқарастың, бүтіндей коллективтердің жоғары саналылығының көптеген мысалдарын келтіруге болады.

«Казахстаннефть» бірлестігінің коллективі партияның XX съезі құрметіндегі жарысты кең өрістете отырып, мұнай шығарудың 8 айлық жоспарын мерзімінен бұрын орындады. Мұнайшылар жылдың аяғына дейін тапсырмадан тыс кемінде 20 эшелон сұйық отын шығаруға міндеттеме алды. Жыл басынан бері өнімдердің өзіндік құнын кеміту есебінен 5





миллион сомнан артық қаржы үнемделді. Жарысушылардың алдыңғы қатарында Доссар-Мақат, Байчунас, Шұбарқұдық мұнай кәсіпшілік басқармалары келеді.

Съезд қарсаңындағы жарысқа Қарағанды бассейніндегі ең жас шахталар — «Бірінші вертикальная» және № 6/7 шахталарының коллективтері белсене қатнасауда. «Бірінші вертикальная» шахтасының коллективі жылдық программаны мерзімінен 25 күн бұрын орындауға ұйғарып, өз міндеттемелерін табыспен орындауда. Техниканы жақсы пайдаланудың және прогрессивті технологияны енгізудің есебінен шахтерлер лава-ларда көмір шығаруды едәуір арттырды. Жарыс озаттары коммунистер С. Гуров және А. Бабаков ең жақсы нәтижеге жетті. Олар циклдік графикпен жұмыс істеп, өз комбайндерімен норманы екі есе артығымен орындауда. Жеті айдың ішінде олар жоспардан тыс он эшелон отын өндірді. Жаңашылдар жоспардан тыс тағы да бірнеше мың тонна көмір шығаруға сөз байлап отыр. № 6/7 шахтасының № 2 участкасының кеңшілері жоғары өнімді еңбек етіп келеді. Олар күндік тапсырманы едәуір асыра орындайды, август айында жоспардан тыс 1000 тоннадан астам көмір шығарды.

Теміртаудағы Қазақ металлургия заводының болат қорытушыларының әрбір он балқытпасының жетеуі шапшаңдатылған әдіспен алынған балқытпа. А. Королевтің, С. Рубановтың, И. Баумгертнердің бригадалары август айында 10 — 13-тен шапшаңдатылған балқытпа берді. Жүнісовтың, Голубевтің, Насриденовтің бригадалары бесжылдықтың басынан бері жоспардан тыс 13 мың тоннадан астам болат балқытты. Прокатчиктер де жақсы табысқа жетті. Қ. Сажнев басқаратын бригада «280» стан-ында күнсайын тапсырмадан тыс 40 — 50 болат слиткаларын берді. Заводтың прокатчиктері СОКП-ның XX съезінің ашылуына дейін жоспардан тыс мыңдаған тонна металл қорытуға міндеттенді.

Республиканың ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің арасында да социалистік жарыс барған сайын кең өрістей түсуде. Олар бүкіл ауылшаруашылық жұмыстарын толық аяқтау, ауылшаруалық өнімдерін дайындаудың мемлекеттік жоспарын мерзімінен бұрын орындау, мая қыстатуға үлгілі даярлану жолында күресіп келеді. СОКП XX съезінің құрметіндегі социалистік жарысқа қосылып, Көкшетау облысының колхоздары мен совхоздары тың және тыңайған жерлерді көтеру жоспарын асыра орындады. Өткен жылы және быйыл барлығы облыста 2,5 миллион гектардай жаңа жер игерілді.

Бұл мысалдар бұқараның творчестволық бастамаларының күшін көрсетеді. Жұмысшылар мен колхозшылардың жасампаз еңбегі туысқан Коммунистік партияның съезін зор өндірістік табыстармен қарсы алуға бағытталған.

Социалистік жарысты онан әрі кең өрістетіп беру және оған басшылықты жақсартып беру маңызды міндет болып саналады. Партия, кәсіподақ, шаруашылық органдары жарысқа басшылық ету мәселесіне баса көңіл бөлулері, бұл іспен нақты және үнемі шұғылданулары, социалистік жарыстың бұқараның творчестволық бастамаларынан туған жаңа формаларын тарата берулері керек.

Жарысқа басшылық ету дегеніміз бұл — әрбір нақты кезеңде әрбір учаскеде жарыстың мақсаты мен міндеттерін жақсы білу, оларды жігерлілікпен жүзеге асыру, творчестволық бастамаларды барынша қолдап отыру, бұл бастамаларды социалистік өндірісті онан әрі өрістетіп беру ісіне бағыттап отыру деген сөз.

Қазіргі кезде социалистік жарыстың кейбір ерекшеліктері бар екенін практика көрсетіп отыр, бұл ерекшеліктерді партия, кәсіподақ, шаруашылық қызметкерлері ескерулері керек. Техниканың, жалпы өндіргіш күштердің даму қарқынының жоғары дәрежесі социалистік жарыстың жаңа формаларын туғызуда, оны ұйымдастыруда оралымдылықты, опера-



тивтікті талап етуде. Мысалы, егер соғысқа дейінгі дәуірде еңбек өнімділігінің артуы негізінен алғанда еңбек ұйымдастыруды жақсарту, жұмыс күнін тығыздау, техниканы меңгеру есебінен болатын болса, ал көзір жаңашылдар бұл факторларды пайдаланумен бірге техниканы жетілдіре түсуде, еңбек өнімділігін техникалық прогрестің негізінде арттыруда.

Көзіргі кезеңде социалистік жарыстың дамуындағы тағы бір тән ерекшелік техникалық-экономикалық көрсеткіштерді комплексті жақсарту болып саналады. Олардың бастылары мыналар: еңбек өнімділігінің өсуі, өнімдердің түсер құнын арзандату, оның сапасы мен ассортименттерін жақсарту, жұмысшылардың мәдени-техникалық дәрежесін арттыру. Бұл көрсеткіштердің барлығы жөнінде де, көзіргі заманғы техниканы, ғылым мен озат тәжірибенің ең жаңа табыстарын өндіріске барлық жерде енгізу негізінде ғана табысқа жетуге болады.

Социалистік жарыстың мақсаты — барлық еңбекшілердің еңбек өнімділігін жаңашылдардың қолы жеткен дәрежеге дейін көтеру. Ұлы Ленин: «Коммунизм дегеніміз алдыңғы қатарлы техниканы пайдаланатын, ерікті, саналы, бірлескен жұмысшылардың, капиталистік еңбек өнімділігіне қарағанда, жоғары еңбек өнімділігі» деп үйретті.

СОКП Орталық Комитетінің июль Пленумы партия ұйымдарын, ең бастысы — өндіріс озаттары мен жаңашылдардың жетістіктерін табандылықпен пайдалану және тарату негізінде жаңа табыстарға жетуді көздеп, социалистік жарысты жаңа сатыға көтеруге міндеттеді. Социалистік жарыстың мәнінің өзі алдыңғы қатардағылардың тәжірибесіне сүйене, оны пайдалана отырып, сонда қалғандарды көтеріп, жалпы өрлеуге жету болып саналады.

Озат тәжірибені тарату — партия органдарының аса маңызды міндеті. Партия ұйымдарының жарысқа басшылығының дәрежесіне жарысқа тартылғандардың проценті, міндеттемелер мен шарттардың саны бойынша емес, жаңашылдардың бастамаларын жаппай қолдап, олар кең таратылып, өндіріске еңгізіліп жатыр ма — осы бойынша баға беру керек. Кейбір партия және кәсіподақ қызметкерлері жеке жаңашылдардың табыстары туралы ешкімге керексіз, зыянды айқай-шу көтереді, құлаш-құлаш шешім, қаулы-қарар қабылдайды, бірақ ол жаңалықты кең тарату және өндіріске еңгізу жөнінде еш нәрсе істемейді. Осының салдарынан бағалы бастаманы ешкім қолдамайды, ол өзінен-өзі құрып, естен шығып кетеді.

Жаңашылдар еңбек өнімділігін арттыруға резервтерді пайдаланудың мол мүмкіндіктерін көрсетуде. Бірақ егер оның соңынан жүздеген, мыңдаған еңбекшілер ермесе, ең жақсы бастаманың өзі көп пайда келтіре алмайды. Мысалы, Сарыөзек авторотасының шофері С. Грудко, жолдастарының көмегімен кәдімгі төрт тонналық «ЗИС-150» машинасын жартылай тіркемелі тягач етіп қайта жабдықтады. Бір жылдың ішінде Грудко жолдас 65 мың километр жол жүрді, машинаның пайдаланылу сапасы жоғары болды. Ол мыңдаған сом мемлекет қаржысын үнемдеді.

Жаңашылдың тәжірибесі республикамыздан тыс жерлерге де мәлім болды. Грудко жолдасқа еліміздің барлық түкпірлерінен шоферлер, механиктер, автомобиль шаруашылығының басшылары оның машинаны қалайша қайта жабдықтағандығы, жасаған тәжірибесінің нәтижесі туралы толық жазуды сұрап хат жазады. Грудко жолдасқа Бийск қаласынан шофер П. Довбыш былай деп жазады: «Сіздің үлгіңіз бойынша мен «ЗИС-150» автомашинасына кузовасының ұзыны 6 метр жартылай тіркеме даярладым, кәзір онымен 8 тоннадан жүк тасып жүрмін. Бұл жаңалықты еңгізу көптеген жергілікті ұйымдарды қызықтыра бастады. Маған күніне ондаған әртүрлі сұрауларға жауап беруге тура келді. Жақсы бастаманыз үшін Грудко жолдас, сізге рахмет. Ол бастама Алтайдың



көптеген шоферларына өздерінің автомашиналарының өнімділігін едәуір арттыруға мүмкіндік берді».

С. Грудконың жаңалығы Қазақстанға кең таралуға, бұған республикалық және облыстық шаруашылық ұйымдары жәрдем беруге тиісті еді. Бірақ, бұлай болмады. Талдықорған облысында кәзір 30 дан астам автомашина, Алматы облысында 4 автомашина қайта жабдықталды, Қазақ ССР Автомобиль транспорты және тас жолдар министрлігі С. Грудконың бастамасын мақұлдап, автомобиль шаруашылықтарының басшыларына 70 автомашинаны жартылай тіркемемен жабдықтауды міндеттеді. Мынадай сұрақ туады: республиканың Автомобиль транспорты және тас жолдар министрлігі (министрі Жуков жолдас) жаңашылдың ұсынысын өндіріске енгізуде неге мұнша жасқаншақтық жасады? Мұның үстіне министрлік коллегияның қаулысы бойынша қайта жабдықталуға тиісті аздаған машиналарды да қайта жабдықтай алмады. Министрліктің басшы қызметкерлерінде жаңалықты сезу, техникалық прогресс үшін күресте ынта және табандылық жоқ. Меңгерілген техникамен, ескіше жұмыс істеу сөзсіз оңай. Бірақ советтік басшы қызметкер өзінің жұмысын ауырлатпау үшін өндірістің мүддесін қыя ала ма?

Партия және шаруашылық ұйымдарының кейбір басшылары әлі қаулы-қарарға сенеді, олар жаңашыл бастаманы мақұлдаған қарар қабылданса болғаны іс өзінен өзі жүре береді деп ойлайды. Озат тәжірибені кең тарату үшін бұл іске күнделікті бақылау, ең алдымен, бірінші басшылардың бақылауы керек. Партия ұйымдары жаңашылдардың тәжірибесін таратуға барлық кәсіподақ және комсомол ұйымдарын, шаруашылық органдарын, мамандарды тарту, сол сыяқты баспасөзді, радионы, мәдени-ағарту мекемелерін, маман лекторларды кеңінен пайдалану керек.

Социалистік жарысты ұйымдастырудағы кемшіліктерді ақырына дейін жою үшін партия ұйымдары бұл маңызды істегі формализмге, бірсарындылыққа қарсы батыл күрес жүргізулері, кәсіподақтарына көмекті күшейтулері керек. Жұмысшы табының ең бұқаралық ұйымы кәсіподақ арқылы партия социалистік жарысқа басшылық етеді, бұқараның инициативасын аса маңызды халықшаруашылық міндеттерді атқаруға бағыттап отырады.

СОКП Орталық Комитетінің июль Пленумы, кәсіподақтардың әлі де социалистік жарыс мәселесіне тиісінше көңіл бөлмейтіндігін атап көрсетті. Олар көбінесе жеке адамдармен немесе жұмысшылардың шағын тобымен шұғылданып, өз жұмыстары арқылы мемлекеттік жоспардың орындалуын шешетін жарысқа қатнасушы негізгі бұқараны естен шығарады.

Кәсіподақтарының XI съезі жарысқа басшылық етудегі формализм мен салақтықты, еңбекшілер арасында жанды ұйымдастыру жұмысын жүргізудің орнына көптеген ақпарлар, справкалар мен есептер жазумен, әртүрлі формалар мен есеп бланкаларын жасаумен шұғылданып теріс практиканы қатаң және әділ сынады. Бірақ, жарысқа басшылық етудің бұл теріс әдісі осы күнге дейін жойылған жоқ. Қазақстанның бірсыпыра кәсіпорындарында әлі де жарыстың кәсіпорын жұмысының белгілі бір жағын жақсартуға бағытталған көптеген ойдан шығарылған формаларымен әуестенеді, ал техникалық-экономикалық көрсеткіштерді комплексті жақсарту мәселесіне көңіл бөлмейді. Мысалы, жұмысшылардың бір бөлегі өнімнің түсер құнын төмендету жолындағы жарысқа қатнасады, бірақ өнімнің сапасын жақсарту үшін күреспейді. Ал басқа жұмысшылар негізгі қорларды жақсы пайдалану жөнінде міндеттеме алады да, бірақ шапшаңдатылған әдістерді өндіріске енгізу жөнінде жарысқа түспейді.

Социалистік жарысқа қатнасушыларға қандайда болсын міндеттемені зорлап таңбау керек, бірақ әрбір участкенің қызметкерлеріне олардың творчестволық инициативаларын өз кәсіпорны, МТС-ы, колхозы, совхозы қызметінің қай жағын жетілдіруге бағыттауы керек екендігін түсіндіру керек. Социалистік міндеттемелердің ұйымдастырушы және жұмылдыру-



шы маңызының өзі — олар әрбір жұмысшыны, бүкіл коллективті кәсіпорынның алдына қойылған негізгі міндетті орындауға бағыттайды, алға ұмтылуға шақырады. Сондықтан да бұл істе формализм мен бірсарындылыққа төзуге болмайды.

Цех және фабрика-завод комитеттерінен бастап, кәсіподақ ұйымдары барлық жұмысшылар мен қызметкерлерге жоғары еңбек өнімділігіне жетуге көмектесе отырып, олардың жарысқа белсене қатнасуын қамтамасыз ете отырып, жарысқа күнделікті басшылық етіп отыруға міндетті.

Социалистік жарыстың өрістеуі және әсерлілігі үшін тек партия, кәсіподақ ұйымдары ғана емес, сонымен бірге шаруашылық басшылары да жауапты. Дегенмен олардың бірсыпыралары социалистік жарысты дамыту, жаңашылдардың жетістіктерін зерттеу және насихаттау тек қоғамдық ұйымдардың, кәсіподақ ұйымдарының ісі деп санап, оған өзін аулақ ұстайды. Бұл қате түсінік. Шынында да, жарысты ұйымдастыруда және оған басшылық етуде кәсіподақтардың ролі зор. Ал, егер өндірісті және еңбекті ұйымдастырудағы елеулі кемшіліктер жойылмаса, жарыс туралы қандай сөз болуы мүмкін? Бұл ең алдымен шаруашылық басшыларының қызметіне байланысты. Мысалы, Жезказған руднигінде жұмысты нашар ұйымдастырудың (транспортты уақытында бермегендіктен) салдарынан машинист Буравцев жолдастың экскаваторы жыл басынан бері 18000 сағат, яғни жұмыс уақытының 66 процентінде уақыт қарап тұрды. Ол айына 6700 текшеметрдің орнына 2800—3800 текшеметр руда қазады. Кең басшыларының бейқамдығының салдарынан Буравцев жолдастың және басқа жұмысшылардың жарыста табысқа жетулері қиын.

Жарысты дұрыс ұйымдастыру дегеніміз — бұл жұмысшының немесе колхозшының озат тәжірибені меңгеріп, барған сайын жоғары көрсеткіштерге жете беруіне керекті жағдай туғызу деген сөз. Социалистік жарыстың өрістеуі мен күші өндіріс басшыларының және қоғамдық ұйымдардың келісіп, бірлесіп іс істеуіне байланысты.

Ауылшаруашылық еңбекшілерінің арасындағы социалистік жарыс мәселесіне баса көңіл бөлінуге тиіс. Көптеген ауылшаруашылық органдары және ауылшаруашылық дайындау қызметкерлерінің кәсіподағы колхоздарда, МТС-терде, совхоздарда жарысты ұйымдастырудан қол үзген. Деревнядағы социалистік жарыстың негізгі мақсаты еңбек өнімділігін арттыру — әрбір гектар жерден, еңбек шығынын азайтып, өнімді мол алу — болуы керек. Жарыстың нәтижелі болуы колхозшылар арасындағы еңбек тәртібін нығайтуға, олардың еңбегін ұйымдастыруды жақсартуға байланысты. Барлық колхозшылардың бірдей қоғамдық шаруашылықта адал және ынта-жігерімен еңбек етуін қамтамасыз ету керек. Ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігін арттырудың зор резерві машиналар мен механизмдерді пайдалануды жақсарту жолындағы жарысты дамыту болып есептеледі. Машина-трактор станциялары мен совхоздар қызметкерлерінің борышы — қуатты ауылшаруашылық техникасын тиімді пайдалану, егін шаруашылығы мен мал шаруашылығының өнімдерін арттыру үшін қажырлылықпен күресу.

Социалистік жарысты кең таратудың және оның нәтижелілігін арттырудың маңызды шарты еңбекшілердің өндірістік мамандығын арттыру болып есептеледі. Қазіргі заманғы техника жұмысшылардың, инженер-техник қызметкерлердің, ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің жалпы білім және техникалық білім дәрежесі жоғары болуын талап етеді. Осылай бола тұрса да кешкі мектептер жұмыс істемейтін, немесе нашар жұмыс істейтін, курстық оқу ұйымдастырылмаған кәсіпорындар көп. Бірсыпыра ауылшаруашылық артельдерінде агрозоотехникалық оқу формальды жүреді. Машина-трактор станциялары мен совхоздардың партия ұйымдары механизаторлардың екінші мамандық: слесарь, токарь комбайншы және т. б. мамандықтарын алуына барлық уақытта бірдей көмек беріп отырмайды. Саяси және жалпы білім беретін, техникалық және экономи-



калық білім беретін оқуды тыңғылықты ұйымдастырып отыру — социалистік жарысты онан әрі дамытудың міндетті шарты. Мұндай оқуларды жолға қою — партия және кәсіподақ ұйымдарының, шаруашылық басшыларының міндеті.

Жарысты өрістетуде өндірістік мәжілістер үлкен роль атқарады, оларда өндірістің түбірлі мәселелері талқылануға тиіс. Партия және кәсіподақ ұйымдары жұмысшы жыйналыстарында немесе өндірістік мәжілістерде айтылған найдалы ұсыныстардың, орынды сын ескертпелердің бірде-біреуінің босқа кетпеуіне, басшылардың барлық бағалы ұсыныстарды ескеріп, коллективтің алдында бұл ұсыныстардың орындалуы туралы үнемі есеп беріп отыруына қамқорлық жасаулары керек.

Партия, кәсіподақ және шаруашылық органдары материалдық ынталандыру принципін бағаламаушылықты батыл жоюға тиісті. Кейбір басшылар материалдық ынталандыру мәселесін социалистік жарыс идеясымен байланыстыру тіпті ыңғайсыз деп қателеседі. Олар еңбегіне қарай бөлудің социалистік принципі еңбек өнімділігін арттырудың қуатты материалдық қозғаушысы екенін ұмытады. Социалистік жарыстың, озат тәжірибені енгізудің табысты болуын қамтамасыз ететін барлық ынталандыру шараларының системасы пайдаланылуға тиісті. Социалистік жарыстың өсіп дамуы үшін еңбекшілерге мәдени-тұрмыс жөнінен қызмет көрсету ісін жақсарту керек.

Социалистік жарыстың табысты болуы партия ұйымдарының жарысқа басшылығының дәрежесіне тікелей байланысты екенін өмір көрсетіп отыр. Социалистік жарысты өрістете отырып, партия ұйымдары оның жариялылығына, нәтижелерінің шығарылып отырылуына ерекше қамқорлық жасауға міндетті. Үгітшілер, қабырға газеттері арқылы жарыстың барысын кең түрде хабарлап отыру, озаттарды көрсетіп, ынталандырып отыру, төменнен көтерілген бастаманы барынша қолдап отыру керек. Жарысқа қатынасшы әрбір адам өз жұмысының нәтижесін өзімен жарысқа түскен адамның жұмыс нәтижесімен салыстырып отыратын жағдай туғызылуға тиісті. Бұл жөнінде қабырға газеттердің маңызы бар. Сондықтан қабырға газеттердің, «жауынгерлік листоктардың», «молниялардың» уақытында шығарылуын қамтамасыз етіп, оларда коллективтердің өмірін дұрыс көрсетіп отыру өте маңызды іс. Еңбектегі табыстардың нәтижелерін көрсеткіш тақталарына үнемі жазып отыру, аса үздік шыққандарға ұрандар мен плакаттар арнау керек.

Коммунистік партия еліміздің бүкіл еңбекшілерін бесінші бесжылдық жоспарды орындау және асыра орындау жолындағы, халық шаруашылығын онан әрі өркендетудің және совет адамдарының тұрмыс дәрежесін арттырудың негізі — жоғары еңбек өнімділігіне жету жолындағы социалистік жарыста жаңа табыстарға жете беруге шақырады. Бұл шақыруды бүкіл совет халқы қызу қолдап, Совет Одағы Коммунистік партиясының XX съезі құрметіндегі социалистік жарысты барған сайын кең өрістетуде.

Коммунистік қоғам құру күресінде, совет халқы туысқан Коммунистік партияның төңірегіне бұрынғыдан да тығызырақ топтаса түсіп, жаңа табыстарға жетуде. Партияның XX съезі құрметіндегі жарыста алған міндеттемелерін толық орындау совет адамдарының Отанымыздың күш-қуатын нығайта беру, еңбекшілердің тұрмыс дәрежесін арттыра беру ісіне қосқан үлесі болады.

Совет Одағы Коммунистік партиясының XX съезі құрметіндегі бүкіл-халықтық социалистік жарыстың туын жоғары көтерейік.



# Партия окуы жүйесіндегі жаңа оқу жылы

СОКП Орталық Комитетінің январь және июль Пленумдары белгілеген ауыр индустрияны онан әрі мықтап өркендету және ауыл шаруашылығының барлық салаларын шұғыл өрге бастыру программасын ойдағыдай орындау партия ұйымдарынан бұқара арасындағы ұйымдастыру және саяси жұмысты күшейтуді, партиялық насихатқа, кадрлардың идеялық-саяси даярлығына басшылықты жақсартуды талап етеді.

Біздің кадрларымыз, барлық коммунистер жеңімпаз марксизм-ленинизм ілімін неғұрлым терең үйреніп, теорияны практикамен шебер ұштастыра білсе, озат тәжірибені неғұрлым ғылыми қорытып, тарата білсе, партия, совет және шаруашылық жұмысындағы жаңа сапалық өзгерістер мен нақты ерекшеліктерді неғұрлым жақсы түсінсе, партияның саяси жолы сол ғұрлым ойдағыдай жүзеге асырылып отырады.

Республикамыздың партия ұйымдары коммунистердің маркстік-лениндік білім алуына басшылықты біраз жақсартты, насихаттың идеялық-теориялық мазмұнына, оның сапасын арттыруға көбірек көңіл бөле бастады. Көптеген партия ұйымдарында насихатшы кадрлардың құрамы едәуір жақсарды, лекциялық насихат кеңейтілді, оның сапасы арттырылды. Партия ұйымдары коммунистердің өскен идеялық тілектерін орындау, әсіресе кадрлардың экономикалық білім алуын ұйымдастыру жұмысында едәуір тиімді тәжірибе алды.

Өткен оқу жылының қортындылары мұнымен бірге саяси оқуда елеулі кемшіліктер бар екенін көрсетті. Насихат жұмысы өмірдің алға басуынан, коммунистік құрылыстың нақтылы міндеттерінен әлі де артта қалып келеді, сол себепті коммунистердің, партияда жоқ активтің идеялық тілектерін қанағаттандырмайды. Кейбір партия комитеттері мен бастауыш партия ұйымдары еріктілік принципін қатаң түсініп, саяси оқуға нашар басшылық етті, коммунистердің теорияны өздігінен үйренуін бақылап отырмады, оларға бұл істе тиісті көмек көрсетпеді. Мұның салдарынан партияның мүшелері мен кандидаттарының едәуір бөлегі партия оқуына тартылмады және іс жүзінде еш жерде оқымады. Сөйтіп, әрбір коммунисті өзінің саналылығын арттыру, марксизм-ленинизмнің негіздерін үйрену жолында қажырлылықпен еңбек етуге міндеттейтін СОКП Уставының аса маңызды талабы орындалмады.

Өткен оқу жылында болған бір елеулі кемшілік—сабақтардың, лекциялардың, консультациялардың идеялық-теориялық дәрежесінің жеткіліксіз дәрежеде болуы. Көптеген лекторлар мен насихатшылар марксизм-ленинизмнің творчестволық сипатын жеткілікті ашпай, аса маңызды теориялық қағидаларды нақты практикалық міндеттермен жеткілікті және шебер байланыстырмайды. Кей кездерде насихат жұмысының жауынгерлік, алғырлық сипаты болмайды.

Үйірмелердің, мектептердің, семинарлардың сабақтарында, лекцияларда, консультацияларда Коммунистік партияның тарихы мен теориясының кейбір аса маңызды мәселелері, мысалы: халық бұқарасының тарихтағы шешуші ролі туралы, жұмысшы табы мен шаруалардың одағы және бұл одақтың коммунизм орнату күресіндегі маңызы туралы, социа-



лизм тұсында қоғамдық мүдделер мен жеке адамның мүдделерін ұштастыру туралы, Коммунистік партияның ұлт саясаты туралы, халықтар достығы және пролетарлық интернационализм туралы мәселелер жеткілікті айқын баяндалмады. Халық шаруашылығының барлық салаларын оған әрі өрге бастырудың түпкі негізі — ауыр индустрияның ролі мен маңызы соңғы уақытқа дейін қате баяндалып келді. Кейбір насихатшылар даурықта сарынға және қол жеткен табыстарды дәріптеуге салынды, кей кездерде тыңдаушыларға шаруашылық және мәдениет құрылысындағы кемшіліктерді көрсетпеді.

Насихаттың идеялық-теориялық мазмұнының сапасын мейлінше арттыру, сөйтіп оны өмірмен, коммунистік құрылыстың практикасымен тығыз байланыстырып, нақты мәселелерді шешуге белсенді әсерін тигізетін ету — келешекте де партия ұйымдарының коммунистерге саяси білім берудегі басты міндеті болып қалады.

СОКП Орталық Комитеті партиялық насихаттың дәрежесін арттыруға керекті жағдайлардың бәрін жасап отыр. Өткен жылы партия комитеттерінің барлық штаттағы лекторлары СОКП Орталық Комитеті жанындағы айлық курстарда оқып, білімін толықтырды. Лекторлар мен насихатшылардың республикалық семинарлары оқтын-оқтын өткізіліп тұрады. Быйылғы жаздың өзінде Қазақстан КП Орталық Комитеті, облыстық және қалалық партия комитеттері жанындағы айлық курстарда 3 мыңдай насихатшы оқыды. Жаңа оқу жоспарлары мен программалары, оқу құралдары мен көрнекі құралдар шығарылып тұрады.

Бірінші октябрьде барлық жерде, қалаларда да, селоларда да, партия оқуы жүйесінде жаңа оқу жылы басталады. Қазір партия оқуы жүйесіндегі сабақтардың басталуына барлық жағынан әзірлік жасап, өткен жылдың қателері мен кемшіліктерін ескере отырып, үйірмелерде, семинарларда, мектептерде сабақтың ұйымшылдықпен басталуын қамтамасыз ету керек, сол сыяқты, теорияны өздігінен үйренушілерге көмектесу үшін лекция және консультация жұмысын кеңінен жүргізу керек. Үйірмелерді, саяси мектептерді және саяси оқудың басқа сондай буындарын дұрыс құрастырып, мұнымен бірге еріктілік принципін бұлжытпай орындау — жаңа оқу жылына әзірлік жасаудағы аса маңызды және шешуші кезең. Алайда кейбір партия ұйымдарында, әсіресе Ақмола, Павлодар және Талдықорған облыстарында, бұл жұмыс нашар жүргізіліп отыр, ал кейбір аудандарда әлі басталған жоқ.

Партия оқуы жүйесіне оқушылар алғанда коммунистер арасында тиісті түсінік жұмысы жүргізілмейді, оларға өздерінің саяси білімін арттырудың формалары мен әдістерін қалап алуға көмек көрсетілмейді. Кейбір жерлерде үйірмелер мен саяси мектептер дұрыс құрастырылмайды, коммунистердің даярлық дәрежесі, олардың тілектері және сабаққа үнемі қатысып отыру мүмкіндіктері есепке алынбайды. СОКП тарихы үйірмелерінің өткен оқу жылында программаны аяқтамаған оқушыларын қазір беталды басқа пәндерді үйренуге көшіре салатын фактілер әлі де бар. Павлодар, Ақмола және Алматы облыстарының кейбір аудандарында саяси мектептер жете бағаланбайды. Ал, коммунистердің едәуір бөлегі әлі саяси білімдер минимумын алмаған біздің республикамыздың жағдайында, кадрлардың саяси даярлығын арттыру үшін саяси мектептердің орасан зор маңызы бар.

Коммунистердің саяси тәрбиесіне ерекше зор маңыз беріп, СОКП Орталық Комитеті, өздігінен саяси білім алуға енді кірісетіндер мен саяси мектептердің оқушыларына арналған жаңа оқу құралын шығарды. Онда Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің тарихы мен қызметінің негізгі кезеңдері қысқаша, түсінікті баяндалды. Бұл оқу құралының шығарылуы — СОКП Орталық Комитетінің коммунистердің идеялық-саяси даярлығына қамқорлығының тағы бір айқын белгісі. Ол насихатшылардың қызметіне едәуір жеңілдік көлтіреді, саяси мектептердің оқу-



шыларына, сол сыяқты отарлы мал шаруашылығында және басқа шалғай учасоктерде жұмыс істейтін, өздігінен саяси білім алуға енді кірісетін коммунистерге көмектеседі. Бұл коммунистердің саяси білім алуына жәрдемдесіп, олар үшін түсінікті лекциялар оқуды, жаңа оқу құралы бойынша консультациялар мен әңгімелер өткізуді ұйымдастыру керек.

Соңғы жылдарда коммунистердің маркстік-лениндік теорияны, Коммунистік партияның, Совет үкіметінің ішкі және сыртқы саясатын үйренуге ұмтылған тілегі әлде қайда өсті. Көптеген коммунистер марксизм-ленинизм классиктерінің еңбектерін пайдалана отырып, Коммунистік партияның тарихы мен теориясын, күнбе-күнгі саясат мәселелерін үйренгісі келеді. Партия ұйымдарында СОКП тарихын үйренгісі келетін коммунистер үшін семинарлар ашылады. Саяси әдебиетті өздігінен оқу, кешкі партия мектептері мен марксизм-ленинизм университеттерінде оқу ұсынылады. Коммунистер өндірістік жұмыс жағдайына қарай немесе басқа себептермен, баспасөз бетіндегі материалдарды үнемі қадағалап отыра алмайтын жерлердегі партия ұйымдарында күнбе-күнгі саясатты үйрену үйірмелерін ұйымдастыру қолайлы.

В. И. Лениннің өмірбаянының екінші рет басылып шығуы — партияның, бүкіл елдің тұрмысындағы зор оқиға. В. И. Лениннің өмір баяны — коммунистік партияның орасан мол тәжірибесін, марксизм-ленинизмнің ұлы идеяларын үйренудің қайнар бұлағы. Сондықтан, дүние жүзіндегі тұңғыш социалистік мемлекеттің басшысы және ұйымдастырушысы — Владимир Ильич Лениннің өмірі мен қызметін үйрену үйірмелерін ашуды көздейтін партия ұйымдары өте дұрыс іс істейді. Бұл үйірмелерге басшылық етуге неғұрлым даярлығы бар және тәжірибелі насихатшыларды бөлу қажет.

Үйірмелер мен мектептерді дұрыс құрастыруға болады, бірақ оларға даярлығы жоқ адамдар басшылық етсе, партия оқуын ұйымдастыруға нақты басшылық жасалмаса, онда үйірмелер мен мектептерді тіпті дұрыс құрастырғанның өзінде, мұның өзі жай формалдық болып шығуы мүмкін. Ал кейбір партия комитеттері басты міндет — насихат жұмысын қайта ұйымдастыруда деп есептеп, тек осы жұмыспен шұғылданады. Өткен оқу жылында республиканың кейбір партия ұйымдарында оқу сабақтарының идеялық-саяси дәрежесін арттыруға бағытталған шаралардың нашар жүргізілгендігі тегін емес. Оқудың лекциялық-үйірмелік және семинарлық формалары, лекторилер жұмысы, әсіресе көпшілікке арналған лекциялар оқу кадрлардың оқуына басшылық практикасында кеңінен қолданылмады.

Соңғы жылда республикада маркстік-лениндік теорияны өздігінен үйренушілер үш еседен аса көбейді және келешекте де көбейе бермек. Бірақ өздерінің идеялық-теориялық дәрежесін өздігінен оқып арттырушыларға көмек мүлде жеткіліксіз болды. Жеке партия ұйымдары өздігінен оқитын коммунистерге оқу жылының алғашқы күндерінен бастап жан-жақты көмек көрсетуге кәзір де нашар әзірленуде. Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Талдықорған облыстарының және Алматы қаласының бірсыпыра партия ұйымдарында марксизм-ленинизм теориясын өздігінен үйренушілердің санын орынсыз азайтып отыр.

Өздігінен оқуға әзірленген коммунистердің беталды үйірмелерге енгізілуіне жол бермеу керек. Теорияны өздігінен үйрену — коммунистердің идеялық-теориялық дәрежесін арттырудың негізгі және сыннан өткен әдісі. Сондықтан партия ұйымдары оқудың бұл формасына мейлінше толық көңіл бөлуге тиіс.

Өздігінен саяси білім алуды ұйымдастырғанда, коммунистерге көмектің әралуан түрлі формаларын пайдаланудың аса зор маңызы бар. Мұның ішінде неғұрлым жақсы нәтиже берген формалар — лекциялар, семинарлар, топтық, дербес консультация беру, сол сыяқты теориялық әңгімелер мен конференциялар өткізу. Жақсылап жолға қойылған лекция-



лық жұмыс, бастауыш партия ұйымдары жанындағы кітапханалар мен лекторилерде лекциялар өткізу коммунистерге айтарлықтай көмек көрсетеді. Маркстік-лениндік теорияның жеке проблемалары немесе негізгі мәселелері бойынша лекциялар оқу, белгілі бір пәнді: партия тарихын, философияны, саяси экономияны немесе нақты экономиканы үйренуші коммунистерді біріктіретін семинарлар өткізу жақсы нәтиже берді. Бұл семинарларда лекциялардан тыс, үйренілетін мәселелерді оқтын-оқтын коллектив болып талқылап, пікір алысып отыру қажет. Семинарларды, лекцияларды және консультацияларды оқу жылының нақ басынан ұйымдастыру керек.

Коммунистерді қажетті әдебиетпен қамтамасыз етіп, оны жер-жердің өзінде сатуды ұйымдастыру керек, шалғай жерлердегі консультация пункттері үшін көшпелі кітапханалар жасау керек. Партиялық кітапханаларда ондағы саяси әдебиетті, жаңадан келген кітаптарды көрсетуді, анықтама-библиография жұмысын жолға қою керек.

Өткен жылы кадрлардың өздігінен саяси білім алуы бақыланбады. Ал мұндай бақылау қажет. Әрине, партия қажетсіз деп тапқан бақылаудың бюрократтық әдістерін қайтадан қолдануға болмайды. Жұмысты ұйымдастырғанда, коммунистер теориялық әңгімелерге белсеніп қатысатын, лекцияларға, консультацияларға, үйірмелердегі, мектептердегі, семинарлардағы сабақтарға үнемі барып тұратын, бұқара арасында насихат және үгіт жұмысын жүргізіп отыратын етіп ұйымдастыру керек. Партия ұйымдары басшыларының коммунистермен әңгімелер өткізіп тұруы, саяси оқу мәселелерін партия жыйналыстарында талқылау — бақылаудың маңызды формасы. Мұнымен бірге, өздерінің теориялық дәрежесін арттыруға бейғам қарайтындарға қарсы жұртшылық пікірін туғызу керек.

Үйірмелердің азайтылып, өздігінен саяси білім алушылардың едәуір көбейтілуі партия ұйымдарынан коммунистердің маркстік-лениндік білім алуына неғұрлым терең және жедел басшылық етіп отыруды, насихатшыларды, семинарлардың жетекшілерін, лекторларды және консультанттарды іріктеп, орналастыру және тәрбиелеу ісін жақсартуға күнбе-күн қамқорлық жасап отыруды талап етеді. Теориялық даярлықтың және насихатшылық шеберліктің ең жақсы мектебі — насихатшылардың тұрақты семинарлары мен кеңестері. Алайда Гурьев, Павлодар және Ақмола облыстарының бірсыпыра аудандарында семинарлар оқта-текте өткізіліп келді. Бұл семинарларда жылсайын бәз-баяғы бір лекциялар оқылады, насихат жұмысы методикасының мәселелері сирек талқыланады, сондықтан насихатшыларды қанағаттандырмайды. Насихатшылардың семинарлары тек, өздерінің жұмысын творчестволықпен, насихатшылардың тілектеріне сәйкес жүргізгенде ғана пайда келтіріп, көздеген мақсатына жетеді. Красноармеец, Тельман, Бостандық және Сарқант аудандық партия комитеттері жанындағы семинарларға насихатшылар зор ынтымақпен қатысады. Мұнда лекциялардан тыс, насихатшылардың баяндамалары мен рефераттары талқыланады, алдыңғы қатарлы шаруашылықтарға экскурсиялар ұйымдастырылады, жұмыс тәжірибесі ортаға салынады. Насихатшылардың семинарларына жоғары білімді, тәжірибелі адамдар басшылық етуге тиіс.

Партия тарихы (негізгі тип), күнбе-күнгі саясат, В. И. Лениннің өмірбаянын үйрену үйірмелерінде және саяси мектептерде жаңа оқу жылының басынан 3 — 4 сабақ СОКП Орталық Комитетінің июль Пленумының материалдарын үйренуге арналады. Сондықтан, сентябрьде жұмысқа кірісетін насихатшылар семинарларының алғашқы сабағы СОКП Орталық Комитеті июль Пленумының шешімдерін терең үйренуге, жергілікті партия және совет ұйымдарының нақтылы міндеттерін, өндіріс жаңашылдарының тәжірибесін байсалдылықпен талқылауға арналуға



тиіс. Сол сабақта семинарлардың алдағы жұмысының жоспарларын да талқылау керек.

Кешкі партия мектептері — басшы кадрлардың, партия-совет активінің оқуының аса маңызды формасы. Бұл мектептердің программасы партия тарихын, диалектикалық және тарихи материализмді, нақты экономиканы, дүние жүзінің саяси және экономикалық карталарын, сол сыяқты партия және совет құрылысының мәселелерін үйретуді көздейді. Машина-трактор станцияларының партия ұйымдары жанында ашылған кешкі партия мектептері жақсы нәтиже берді. Ново-Шульба, Бостандық, Ударная, Грачевская, Үштөбе және басқа МТС-тер жанындағы мектептер жұмысты жақсы атқарды. Бұл мектептерде көбінесе колхоз председателдері, партия ұйымдарының секретарьлары, ауыл шаруашылығының мамандары және МТС-тер мен колхоздардың басқа қызметкерлері оқыды. Мұндағы оқушылар партия тарихын, ауыл шаруашылығының экономикасын, дүние жүзінің саяси және экономикалық карталарын үйренуге аса ынталы болды. Алайда бұл тәжірибе кеңінен таратылмады. Кейбір партия комитеттері МТС-тер мен совхоздардың партия ұйымдары жанында партия мектептерін ашуға кәзірде де тиісінше көңіл бөлмейді. Ал даярлығы бар оқытушылар болып отырғанда селолық активтің партия мектептерін батыл ашу керек.

Быйыл аудандық партия комитеттерінің партия мектептерін ашу жұмысымен неғұрлым нақты шұғылдануға мүмкіндігі бар. Оларға жергілікті жағдайға, үйренілетін мәселелерге және оқушылардың тілектеріне сәйкес, мектептерде оқудың екіжылдық немесе үшжылдық мерзімін, сол сыяқты сабақтардың мерзімін белгілеуге право берілді.

Быйыл марксизм-ленинизм кешкі университеттеріне қабылданатын оқушылардың саны едәуір көбейтілді. Университеттердің оқу жоспары, оның ішінде маркстік-лениндік философия жоспары, біраз өзгертілді. Қалалық партия комитеттері университеттерге басшылықты жақсартып, лекциялардың, әсіресе семинар сабақтарының сапасын арттыруға, оқушыларға толық көмектесуге міндетті.

Саяси экономия оқулығы шығарылғаннан кейін коммунистердің экономикалық теорияны үйренуге ынтасы әлде қайда күшейді. Олардың бұл тілегін орындан, партия ұйымдары қалалық партия комитеттері мен ірі өнеркәсіп орындары жанында екіжылдық экономикалық мектептер ашуда. Лениногор және Текелі полиметалл комбинаттары, Актөбе Ферросплав заводы жанындағы мұндай мектептердің, сол сыяқты Қарағанды облысындағы мектептердің тәжірибесі шаруашылық қызметкерлерінің, инженер-техник қызметкерлердің экономикалық теорияны, нақты экономиканы, техникалық прогресс мәселелерін зор ынтамен және белсенділікпен үйренетінін көрсетеді. Теорияны кәсіпорының нақты істерімен тығыз байланыстыра үйрену өндірісті онан әрі жетілдіру жолдарын белгілеуге, өндіріс жоспарларының орындалуын қамтамасыз етуге көмектеседі.

Кадрлардың экономикалық мектептерде оқуын ұйымдастыруға толық мүмкіндігі бар өнеркәсіп орындары республикамызда аз емес. Кәсіпорындардың басшыларын, бас инженерлерді және сабақты заводтың, фабриканың, рудниктің жұмыс практикасымен тығыз байланыстырып өткізе алатын басқа мамандарды бұл мектептердің оқытушылары етіп жұмысқа тарту керек.

Партия комитеттері, өнеркәсіп орындарының, МТС-тердің, совхоздардың және колхоздардың ірі партия ұйымдары жанында ашылатын семинарлар кадрларға экономикалық білім беруде зор орын алады. Семинарлардың программасы саяси экономияны, халық шаруашылығының белгілі бір саласының нақты экономикасын және экономикалық географияны үйретуді көздейді. Бұл семинарларда теорияны өздігінен терең үйрену лекциялармен, негізгі мәселелерді кәсіпорындардың, МТС-тердің, колхоздардың және совхоздардың жұмыс практикасымен тығыз



байланыстырып, коллектив болып талқылаумен неғұрлым жақсы ұштастырылады.

СОКП Орталық Комитеті июль Пленумының шешімдерін жүзеге асыра отырып, көптеген партия ұйымдары быйыл экономикалық семинарларды анағұрлым көп ашуда. Мұнымен қатар нақты экономика бойынша лекторилер ашылуда, онда заводтың ішкі жоспарлау, шаруашылық есеп, түсер күн, еңбек өнімділігін арттыру, өндірістік алаңдарды пайдалануды жақсарту және өнеркәсіп, ауылшаруашылық өндірісінің басқа маңызды мәселелері бойынша лекциялар оқылады.

Көзір партия ұйымдары өткен жылғы қателерге жол бермей, партия оқу орындарына оқушылар қабылдауды тез аяқтауға міндетті. Лекторлардың, консультанттардың және теориялық семинарлар жетекшілерінің нұсқау-методикалық кеңестерін өткізу керек, онда пікір алысуды ұйымдастырып, жаңа оқу жылындағы насихат жұмысының міндеттерін талқылау керек. Облыстық партия комитеттері жағында, партия мектептерінің лекторилерінде, лекциялар оқитын лекторлардың семинарларын, сол сыяқты насихатшылардың қалалық және аудандық жыйналыстарын өткізу керек. Бұл жыйналыстарда қалалық және аудандық партия комитеттері секретарьларының жаңа оқу жылындағы насихат жұмысының міндеттері туралы баяндамаларын талқылау қажет. Мұндай жыйналыстарды бастауыш партия ұйымдарында да өткізу керек.

Партия оқуы жүйесінде сабақтың басталуына ұйымшылдықпен жан-жақты әзірлік жасау, кадрлардың маркстік-лениндік даярлығына жете басшылық ету — бүкіл насихат жұмысының идеялық дәрежесін онан әрі арттырудың кепілі.



# Қазақстанның өндіргіш күштерін онан әрі дамытудың кейбір мәселелері

Академик К. СӘТПАЕВ,

*Қазақ ССР Ғылым академиясының президенті*

СОКП Орталық Комитеті июль Пленумының Н. А. Булганин жолдастың баяндамасы бойынша қабылдаған шешімі — еліміздің өнеркәсібін онан әрі өркендетудің программасы. Пленумның қаулысында басқа мәселелермен қатар, өнеркәсіпті жер ыңғайына қарай орналастырудағы үйлеспеушілікті жою керек екені көрсетілді. Металдар мен көмір кендерінің басым көпшілігі еліміздің шығыс аудандарында екені мәлім. Солай бола тұрса да, бұл аудандарда еліміздің бүкіл өнеркәсіп өнімінің небәрі 16 проценті өндіріледі. Минералдық шикізаттағы барлық пайдалы компоненттерді комплексті жолмен пайдаланып, сирек кездесетін және бытыраңқы, екінші дәрежелі элементтерді айыру, негізгі компоненттердің айырылу дәрежесін мейлінше арттыру керек екенін СОКП Орталық Комитетінің Пленумы ерекше атап көрсетті.

СОКП Орталық Комитеті Пленумының бұл нұсқауының Қазақстан үшін ерекше маңызы бар. Совет геологтарының қажырлы еңбегі арқасында Қазақстанда көптеген пайдалы кендердің сарқылмайтын мол қорлары ашылды. Біздің республикамыз кәзір хром мен ванадидің запасы жағынан дүние жүзінде бірінші орын, темірдің, мыстың, қорғасынның, мырштың, кадмидің, вольфрамның, бордың, минералды тұздардың запасы жағынан ССРО-да бірінші орын алады, ал көмірдің, мұнайдың, молибденнің, марганецтің және минералды шикізаттың басқа бірсыпра маңызды түрлерінің запасы жағынан ССРО-да алдыңғы қатардан орын алады.

Мұнымен бірге совет геологтарының пайдалы кендерді ашқан үздік табыстары Қазақстанның жер қойнауындағы кен байлықтарын тіпті де түгел қамтымайтынын көрсету қажет. Республиканың территориясы геология жағынан әлі толық зерттелмегенін көрсетудің өзі бұған жеткілікті дәлел. Қазақстанның ұлан-байтақ жерінің геологиялық құрылысын егжей-тегжейіне дейін картаға түсіру үшін әлі көп жылдар қажырлы еңбек ету керек болады. Республикада неғұрлым егжей-тегжейлі, комплексті геологиялық — карталау және іздеу жұмыстарын онан әрі жүргізудің барысында әлі де көптеген жаңа пайдалы кен ошақтары ашылатындығы күмәнсіз.

Қазақстанның орасан мол кендерін жоспарлы тәртіппен үнемі аша беруге, қуатты өндірістік геологиялық қызмет орындарымен қатар, ғылыми геологиялық күштер де белсеніп қатысуда. Мысалы, Қазақ ССР Ғылым Академиясының Геологиялық ғылымдар институты Орталық Қазақстанның системаға салынған геологиялық құрылыс картасын жасады. Онда бұл территорияда орындалған барлық геологиялық карталау мәліметтері қорытылды. Бұл карта, көптеген пайдалы кен ошақтары бар ұлан-байтақ ауданның геологиялық құрылысының басты-басты ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді.

Осы институт өндірістік геологиялық ұйымдармен бірге, Орталық Қазақстанның темір, марганец, мыс, қорғасын, мырш, молибден, вольфрам және қалайы рудаларын зерттеудің металлогендік болжау картасын да жасады. Бұл картада қара, түсті және сирек кездесетін металдар кен-



дерінің жер ыңғайына қарай орналасуының негізгі заңдылықтары ғылыми негізде терең қорытылды. Геологиялық-іздеу және геологиялық-барлау жұмыстарының нәтижелілігін арттыру үшін мұның маңызы зор. Бұл карталардың екеуі де, практикада пайдалану үшін өндірістік геологиялық ұйымдарға тапсырылды.

Алтайдың өндірістік геологиялық ұйымдарымен тығыз творчестволық ынтымақ жасай отырып, Зырян ауданының, Қалбаның және Ертіс бойының металлогендік болжау картасы жасалды. Республиканың Ғылым Академиясының геологтары Алтайдағы және Орталық Қазақстандағы ең ірі полиметалдық кен ошақтарының, сол сыяқты Қазақстандағы және еліміздің басқа аудандарындағы мысты песчаник кендерінің минералогиясы мен геохимиясының монографиялық сипаттамасын аяқтады. Республиканың бірсыпыра аса маңызды кен ошақтарының рудаларындағы сирек кездесетін және бытыраңқы элементтердің мөлшерін анықтау жөніндегі маңызды жұмыс орындалды. Жаңғыш және рудалық емес кендерді зерттеу, сол сыяқты республиканың су қорларын анықтау жұмыстары қортылды. Қазақстанның көмірі бар жерлерінің болжау картасы жасалып, жарияланды.

Алайда геологиялық зерттеулердің барысында едәуір үйлеспеушілік болып келеді. Ондағы негізгі үйлеспеушілік — геологиялық зерттеулердің байланыстырылмай, көптеген ұйымдарға бытыратылуы. ССРО Геология және кен сақтау министрлігінің өзінен Қазақстанда бір-біріне бағынбайтын он геологиялық ұйым жұмыс істейді. Бұл жұмыстардың нәтижелері туралы материалдар көптеген қалаларға — Москваға, Ленинградқа, Свердловскіге, Уфаға, Новосибирскіге, Ташкентке, Қостанайға, Қарағандыға, Алматыға және басқа қалаларға бытырап жыйналады, мұның өзі ол зерттеулерді қорытып, бүкіл жұмысты бір ізге салуға зор қиыншылық туғызады.

ССРО Ғылым Академиясының, Қазақ ССР Ғылым Академиясының, әртүрлі жоғары оқу орындарының, сол сыяқты кейбір министрліктер мен ведомстволардың бірсыпыра салалық ғылыми-зерттеу институттарының көптеген ғылыми экспедициялары Қазақстанда өзара ынтымақтаспай жұмыс істейді, көп уақытта бірінің жұмысын бірі атқарады, өндірістік геологиялық ұйымдармен тиісті байланыс жасамайды. Мұның бәрі, әрине, көптеген экспедициялардың жұмысының ғылыми-практикалық пайдалылығын едәуір кемітеді. Бұл істе тиісті тәртіп орнату қажет.

Ашылған кен ошақтарын игерудің қарқынын және шығарылатын рудалардан барлық пайдалы компоненттерді айырудың комплекстілігін арттыру саласында көп жұмыс істелді, бірақ істелуге тиісті жұмыстар онан да көп.

Қазақ ССР Ғылым Академиясының Кен істері институты өндіріс мамандарымен творчестволық ынтымақ жасай отырып, руданы қабаттап табиғи жолмен және күшпен құлату системаларын белгіледі және мұны Текелі, Лениногор полиметалл комбинаттарының рудниктерінде өндіріске енгізді. Мұның өзі еңбек өнімділігін біржарым есе арттыруға мүмкіндік туғызды. Жезқазған мыс кендерін шығарудың жаңа, неғұрлым өнімді системаларын, сол сыяқты Мырғалымсай және Зырян полиметалл кендерін, Бозшакөл мыс, Аят және Лисаковка темір кендерін шығарудың неғұрлым өнімді ашық системасын қолдану мүмкіндігі зерттеліп, дәлелденді. Өткен жылы Институт Қарағанды бассейніндегі көмір қабаттардың көмірін шығарудың нәтижелі тәсілдерін зерттеп белгілеуге, Шерубай-Нұра, Төнтөк және басқа өнеркәсіпті аудандардағы шахта құрылысының тыңғылықты параметрлерін анықтап белгілеуге, сол сыяқты бұл бассейндегі шахталардың газдылығын зерттеуге кірісті.

ССРО Көмір өнеркәсібі министрлігінің Қарағанды ғылыми-зерттеу институтына Қазақ ССР Ғылым Академиясының Кен істері институтымен бірге, бассейнің шахталарында циклдік графикті енгізу, комплексті ме-



ханикаландыру, жұмыстың бірқалыпты атқарылуын ұйымдастыру және кенді ашудың, шығарудың неғұрлым нәтижелі системаларын енгізу жөнінде көп жұмыстарды істеуге тура келеді,

Қарағандыда жаңа техника мен прогрестік технологияны енгізудің жайы нашар екенін мына мысалдан көруге болады. Өткен жылы № 8/9 шахтада көмір шығарылатын төрт лавадан бір лава циклдік графикке көшірілді. Бүкіл шахта бойынша көмір шығарудың тәуліктік жоспары 850 тонна, ал циклдік жұмысқа көшірілген лавада 847 тонна мөлшерінде белгіленді. Сонда қалған үш лава күнтәулігіне үш тонна ғана көмір беруге тиісті болады. Циклдік графикті орындап отырғанда, шахтаның тәуліктік көмір шығару жоспарын едәуір асырып орындауға мүмкіндігі бар екені мүлде айқын.

Қарағанды бассейнінің көп шахталарында бірқалыпты жұмыс ұйымдастырылмаған. Тіпті № 31 алдыңғы қатарлы шахтаның өзінде көмір бірінші сменада әрдайым екінші сменадағыдан көп шығарылады. Көмір шығарудың тәуліктік жоспары шахталарда орындалмаған кездерде жөндеу-әзірлік сменасы көмір шығаратын сменаға айналады. Мұның өзі, әрине, машина-жабдықтың мезгілінен бұрын тозуына себеп болады, бүкіл шахтадағы жұмыстың берекесін кетіреді.

Бассейнде көмір шығаруды комплексті механикаландыру шабан жүзеге асырылады, Жыл сайын бірнеше миллион тонна көмір конвейерге қол күшімен тиеледі.

Мұнда көмірді бүкіл қабаттың ұзына бойына қазудың неғұрлым жетілген системасының енгізілуі де нашар. «Верхняя Марианна» қалың қабаттының көмірі әлі болса екі қабатты ою тәсілімен шығарылады, сонда бір қабат көмір қалып қояды. ССРО Ғылым Академиясының арнаулы комиссиясы 1942 жылдың өзінде ұсынған қабаттап шығарудың үш қабаттық тиімді системасы қолданылмайды. Көмірді қабаттап шығарудың үшқабаттық системасы комплексті механикаландыруды неғұрлым толық қолдануға, қабаттағы кокстелетін көмірдің 30 процентін мұнымен бірге қоса пайдалануға мүмкіндік береді, ал кәзір бұл кокстелетін көмір жер астында қалып ысырап болады.

Ғылыми қызметкерлер өндірісшілерге Қазақстандағы, оның ішінде Екібастұздағы, Құсмұрындағы, Қендірліктегі, Теңіз-Қоржын көлдегі, Сарыбай-Соколовскідегі, Аяттағы, Лисаковкадағы, Жезқазғандағы, Бозшақөлдегі, Николаевкадағы және басқа көптеген кен ошақтарындағы руда және көмір кендерін ашық тәсілмен пайдалану көлемін мейлінше кеңейтуге көмектесуге тиіс. Кенді ашық әдіспен пайдалану системасының уақытты екі есе аз керек қылатыны және руданың жер астынан шығаруға карағанда, біржарым—екі есе арзанға түсетіні мәлім. Мұнымен бірге кенді ашық әдіспен пайдаланғанда еңбек өнімділігі төрт — бес есе артық болады.

Қазақ ССР Ғылым Академиясының Металлургия және байыту институты өндіріс мамандарымен ынтымақ жасай отырып, Балқаш мыс заводының отражатель пештерінің технологиясын жақсарту, концентраттарды, шихтаны, штейнді балқытқандағы жылылық энергиясының режимін және балансын зерттеу жөнінде бірсыңра жұмыстарды орындады. Мұның өзі мыс қорыту өндірісіндегі агрегаттардың қызулық режимін мықтап жақсартуға, отражатель пештердің қуатын арттыруға мүмкіндік туғызды. Балқаш мыс заводының мамандарымен бірге Институт алғашқы советтік ренийді шығарды. Шымкент қорғасын заводының, сол сыяқты Алтай заводтарының қорыту және пісіру цехтарының тозаңындағы тектерді айыру процестері зерттелді, бұл тозаңдағы тектерді айырудың гидрометаллургиялық схемасы жасалды, бұл схема ол тозаңнан мырш, мышьяк өнімдерін (оларды ауыл шаруашылығында пайдалануға болады), кадмийді, таллийді, индийді, сол сыяқты, пісіруге берілетін күкірт қышқылды қорғасынды (қатты қалдық түрінде) айыруға мүмкіндік ту-



ғызды. Бұл жұмыстар негізінде Шымкентте тозаңнан әртүрлі тектерді айыратын цех салу жобасы жасалуда.

Институт бокситтерден глинозём (алюмийни тотығын) айырудың жаңа технологиясын жасады. Бұл технология глиноземді Байердің тәсілі бойынша айырудың қолданылып жүрген схемасынан анағұрлым нәтижелі. Орталық Қазақстанның боксит рудаларынан титан және темір айыру жұмыстары жүргізілуде. Лабораториялық зерттеулер қызыл шламды флотациялау жолымен титанның қос қышқылының едәуір бөлегін концентратқа айыруға мүмкіндік береді. Бұл процесте алынатын кеуекті темірді, қышқылды мыс рудаларын профессор В. Я. Мостовичтің тәсілімен байытқанда жақсы пайдалануға болады.

Сол институт Ақтөбе маңындағы Жайсаң қоңыр көмірін байытудың схемасын жасады. Күлділігі небәрі 9—10 процент көмір концентраттары алынды. Олардың жылылық беру қуаты — 5 мың колорий, концентратқа шығуы — шикі көмір салмағының 65 процентіндей. Мұнымен бірге 36—40 процент күкірті бар және шикі көмір салмағының 16—18 процентіндей пириттік концентрат алынады. Көмір концентраты Ақтөбе ферросплав заводына жақсы энергетикалық отын бола алады, ал Ақтөбе химия комбинатында пириттік концентратты пайдалану оған Орал шириттерін алыстан тасып әкелуді толық тоқтатуға мүмкіндік береді.

Жезқазған мен Бозшакөлдің қышқылданған және сульфидтік-қышқылданған мыс рудаларын пайдаланудың лабораториялық зерттеулері жасалды. Бозшакөл рудаларын байыту үшін біріктірілген процестің—мысты күкірт қышқылымен сілтіден тазартып, кеуек темірмен цементтеудің, оны кейіннен флотациялаудың тиімділігі дәлелденді. Мұнда мыстың концентратқа айырылуы 85 процент болады.

Жезқазғанның қышқылданған және қышқыл-сульфидтік мыс рудаларын байыту үшін институт кәзір жаңа, біріктірілген схеманы жасауда. Бұл схема рудаларды күкірт қышқылымен өңдеп, кейіннен күкіртті натрий енгізуді және онан алынған күкіртті мысты флотациялауды көздейді.

Институт Қазақстанның силикаттық-қышқылды никель рудаларынан никель айыруды арттыратын жаңа екі технологиялық схемалар жасады. Оның ішінде Г. И. Людоговский жасаған бір схема бойынша, руданы агломерациялағанда гипс орнына фосфорит қолданылады. Агломераттарды балқытқаннан кейін жақсы минералды тынайтыншы — фосфатшлак алынады, ал никель мен кобальттің темірлі қоспалары оттекті үрлеу жолымен, кондициялық ферро-никель дәрежесіне дейін тазартылады. Бұл схема бойынша жасалған лабораториялық тәжірибелерде металдар көп айырылды — «Южуралникель» комбинатындағы кәзіргі дәрежесінен никель 15 процент, ал кобальт кемінде 50 процент асып түсті. Г. И. Людоговскийдің схемасы кезінде ССРО Түсті металлургия министрлігі басшыларына мәлімделді. Олар «Южуралникель» комбинатына бұл схеманы өндірістік жағдайда тезінен тексеруді тапсырды. Бірақ амал не, ол осы уақытқа дейін тексерілген жоқ. Өндірісшілермен тығыз ынтымақ жасай отырып Институт белгілеген екінші схема бойынша, «Южуралникель» комбинатында қолданылатын кәзіргі технологиялық передел схемасы өзгертілмейді. Мұнда никельмен байытылған шлак пеште шойынмен араласады, мұның нәтижесінде никель қосылған шойын алынады. Мұнымен бірге 15 проценттей қосымша никель айырылады.

Республиканың Ғылым Академиясының Металлургия және байыту институтының жаңа технологиялық схемалары, әртүрлі тектері аздау силикаттық-қышқылды кобальт-никель рудаларының мол ресурстарын таяудағы уақытта пайдалануға нақты мүмкіндіктер туғызады. Мұндай рудалар Орталық Қазақстанның көп жерлерінде кәзірдің өзінде ашылды.



Республиканың Ғылым Академиясының Металлургия және байыту институты, сол сыяқты Химия институты Қазақстанның көзіргі ванадий кен рудаларындағы ванадийді, молибденді және бірсыпра бытыраңқы элементтерді айырудың технологиялық схемаларын жасауда. Осы институттар Қаратау фосфориттерінен термофосфаттар айырудың жаңа технологиялық схемасын жартылай өндірістік жағдайда сынау дәрежесіне жеткізді. Бұл термофосфаттар, кант қызылшасының, бидайдың, картоптың, мақтаның шығымдылығын арттыруға келгенде суперфосфаттан қалыспайды. Фосфорлы тыңайтқыш әзірлеудің жаңа тәсілінің артықшылығы мынада: бұл тәсілді қолданғанда, алыстан әкелінетін және қымбатқа түсетін күкірт қышқылының қажеті болмайды, оның орнына түгелінен табиғий сульфаттар қолданылады, ал бұл сульфаттар сол Жамбыл облысының өзінде, Қаратау фосфорит кені маңында едәуір көп.

Республиканың Ғылым Академиясының Құрылыс және құрылыс материалдары институты орындаған жұмыстардың ішінде Оңтүстік және Орталық Қазақстандағы қабаттасқан гипс кендерін кеңінен пайдаланудың технологиялық тәсілдері белгіленгенін көрсету қажет. Бұл гипстер негізінде өте жақсы гипс блоктар, метлах плиталарын, эстрих-цемент және тұрғын үйлер мен өндірістік үйлер құрылысын едәуір тездетіп, арзанға түсіретін басқа бұйымдар жасап шығаруға болатыны дәлелденді. Институт Мұғажар, Екібастұз, Шымкент және басқа жерлердегі әйнектік құмдардың технологиялық қасиеттерін зерттеп, бұлардың сапасы жақсы екенін дәлелдеді, сөйтіп бұл құмдар негізінде үлкен әйнек заводтарын салуды ұсынды. Бұл әйнек заводтарын салу мерзімдерін ССРО Құрылыс материалдары өнеркәсіп министрлігі үнемі бұзып отырғанын қыжыландықпен көрсету керек болады.

Осы институт, индустрия және құрылыс кәсіпорындары үшін зор маңызы бар доломиттердің, цементтік және металлургиялық известняктардың, кірпіш, черепица және керамика жасайтын саздардың, фарфор-фаянстық, рудалық емес басқа шикізаттың технологиялық сапасын зерттеді. Амал не, көптеген министрліктердің енжарлығы, кертартпалылығы отқа төзімді және құрылыстық шикізаттардың бұл аса маңызды түрлерін пайдалану жөнінде институттың жасаған ұсыныстарын жүзеге асыруға бөгет болып отыр. Қарағандыда техникалық фарфор және оған бірсыпра маңызды бұйымдар жасайтын үлкен завод салуды ССРО Құрылыс материалдары өнеркәсібі министрлігі орындамай келеді.

Республиканың Ғылым Академиясының Геологиялық ғылымдар институты мен Құрылыс материалдары институты мұнан сегіз жыл бұрын Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комиссиясына жүздеген жерлердегі известняктардың, мергельдердің, саздардың, гипстердің және минералдық құрылыс материалдарының басқа сондай маңызды түрлерінің сапасы, қоры және технологиялық қасиеттері туралы егжей-тегжейлі материалдар тапсырды. Бірақ бұл шикізат запастарын пайдалануға әлі күнге ешқандай практикалық шаралар қолданылмай келеді.

Энергетика институты Оңтүстік Қазақстанның энергетикалық ресурстарының мейлінше мол түрлерін есепке алып, пайдалану жөнінде күрделі жұмыс жүргізді. Осы институт Іле бассейнінің гидроэнергетикалық ресурстарын пайдалану схемасын егжей-тегжейлеп жасады. Бұл институттағы теплотехниктердің еңбектері Балқаш мыс зауыдына елеулі көмек көрсетті.

Қазақ ССР Ғылым Академиясының жақын арада Өскеменде ашылған Алтай ғылыми-зерттеу институты ондаған практикалық ұсыныстар жасады, бұл ұсыныстар кәзір Алтайдың полиметалл және сирек кездесетін металдар өнеркәсібінде ойдағыдай енгізілуде.

Республиканың Ғылым Академиясының Гурьевтегі Орал-Әмбі базасы, мұнай шығарудағы су-газдық репрессияның жаңа прогрестік тәсілін



белгіледі, бұл тәсіл кәзір еліміздің бірсыпыра мұнай кәсіпшіліктерінде ойдағыдай қолданылуда.

Қазақ ССР Ғылым Академиясы институттарының республикадағы орасан мол минералдық кен ресурстарын зерттеу және пайдалану жолындағы жұмысының кейбір қортындылары осындай. Бұл жұмыстар, республикамыздың қуатты және үздіксіз өркендеп отырған ауыр өнеркәсібінің тілектерінен туатын қажетті ғылыми зерттеулерді тіпті де түгел қамтымайтыны айқын. Бұл алдағы жұмыстардың бәрін орындау үшін бір ғана Қазақ ССР Ғылым Академиясының күші жеткіліксіз. Республикамызда әртүрлі министрліктердің бірсыпыра жалпыодақтық салалық ғылыми-зерттеу және жобалау институттарының филиалдарын тезінен ашу қажет.

СОКП Орталық Комитеті июль Пленумының шешімдері Қазақстанды онан әрі неғұрлым тездетіп және кеңінен индустрияландыруға көмектеседі. Алтыншы бесжылдық біздің республикамызда ауыр өнеркәсіптің түпкі негізі — үлкен қара металлургия және оның өзегі — машина жасау өнеркәсібін орнататын бесжылдық болатындығы күмәнсіз.

Темір рудаларының запасы жағынан Қазақстан кәзір ССРО-да бірінші орын алып отыр. Сондықтан алтыншы бесжылдық жоспарда Сарыбай-Соколовка кен-байыту комбинатын салумен және Қарағандының аса зор металлургия заводының құрылысын аяқтаумен қатар, Қаратау фосфориттерін қолдана отырып, Лисаковка мен Аяттың фосфорлы оолиттік темір рудалары негізінде жұмыс істейтін тағы бір жаңа завод салуды көздеу қажет. Қостанай ауданында фосфорлы оолиттік рудалар запасы орасан мол — миллиардтаған тонна. Қазақ ССР Ғылым Академиясының Металлургия және байыту институтының зерттеулері бұл рудаларға Қаратау фосфориттерін қосу томастық шойынның кондициялық маркаларын құйып шығаруға және өнеркәсіптік қалдық ретінде, дәнді лақылдардың шығымдылығын арттыруға керекті, өсімдіктер жақсы сіңіретін мол фосфор қоспалары бар орасан көп фосфат-шлактар алуға мүмкіндік туғызатынын көрсетті.

Қазақстанның марганец рудалары сапасы жағынан ең жақсы рудалар екені мәлім. Бұл рудаларда марганецтің әрбір процентіне шаққандағы фосфор Никополь және Чиатур рудаларындағыдан үш есе аз. Сондықтан Қазақстанның марганец рудаларын стандартты домналық ферромарганец өндірісінде ғана емес, электр-қызулық және металдық марганец өндірісінде де пайдалануға болады.

Республиканың мыс өнеркәсібінің едәуір ішкі резервтері бар. Бұл резервтер кәзіргі рудниктерде, байыту фабрикаларында және заводтарда пайдаланылуға тиіс. Мұнымен бірге, біздің пікірімізше, ашылған кендер негізінде Бошакөл және Николаевск комбинаттарын салуға мүмкіндік және хажеттілік туды. Мұның өзі Үлкен Жезқазған комбинатын салумен қатар, Қазақстанның алтыншы бесжылдықтан бастап еліміздің негізгі және шешуші мыс өндірушісі болуын қамтамасыз етеді.

Мыс өнеркәсібінде, өндірістік процестерді тездетудің жаңа тәсілдерін тауып еңгізу саласында да, рудалардағы барлық пайдалы компоненттерді, негізгі компоненттерді ғана емес, екінші дәрежелі бытыраңқы компоненттерді де, комплексті жолмен неғұрлым толық айырудың жаңа технологиялық схемаларын жасау саласында да, ғылым қызметкерлері мен өндіріс мамандары алдында еңбектің кең өрісі ашылады.

Полиметалл өнеркәсібінде пайдаланылмаған резервтер мен мүмкіндіктер мыс өнеркәсібіндегіден де көп. Полиметалл рудаларының негізгі компоненті — қорғасынды айыру дәрежесі әзірге 65 — 70 процентпен аспайды. Екінші дәрежелі және бытыраңқы компоненттердің де едәуір бөлегі көп ысырап болады. Селен және теллур сыяқты элементтер Алтай рудаларынан да, сол сыяқты Балқаш заводының шламдары мен тозаңынан да мүлде айрылмайды.



Ғалымдар мен мамандардың негізгі міндеті — барлық негізгі және екінші дәрежелі компоненттерді полиметалл, мыс рудаларынан айыру дәрежесін мейлінше арттыру, оның ішінде селенді айыру технологиясын меңгеру.

Қазақстанның орасан мол ванадий, хром, вольфрам, молибден және басқа сирек кездесетін металдар запасы бар. Алайда, елімізге аса қажетті бұл металдардың шығарылуы әлі күнге өте шабан және өнімсіз. Аса мол хромит рудаларын пайдаланудың жайы мұнап біраз өзгеше. Ақтөбе ферросплав зауытының осы рудалар негізінде жұмыс істейтіні мәлім.

Совет Одағының шығыс аудандарында металлургияның және машина жасау өнеркәсібінің әртүрлерінің келешекте шапшаң өсетінін ескеріп, біз алтыншы бесжылдық Қазақстанда азқоспалы конструкциялық және аспаптық болаттардың, сол сыяқты әртүрлі ферросплавтардың ірі өндірісін орнататын бесжылдық болуға тиіс деп есептейміз.

Қазақстанда таяудағы уақыттың ішінде, жоғарыда көрсетілген арнаулы металлургия кәсіпорындарын жасаудың қажеттілігі және мемлекеттік тұрғыдан қолайлылығы, республикада оларға керекті шикізаттың барлық түрлерінің мол запастары болуы үстіне, мынадай керектерден туады.

Еліміздің өнеркәсібінің барлық салаларының шапшаң өркендеуі мен қатар, металдарды, ең алдымен шойынды және болатты тұтыну мықтап өсетіндігі күмәнсіз. Темір жолдарды салу және оларды жөндеу, машина жасау өнеркәсібі, өнеркәсіп құрылысы, көпірлер салу және кеме жасау өнеркәсібі, сол сыяқты халық шаруашылығының басқа салалары болатты барған сайын көп керек қылады. Еліміздің болатқа деген қажетін өтеудің неғұрлым маңызды жолдарының бірі — болат конструкциялардың, машиналардың салмағын жеңілейтіп, оның арқасында көптеген металды басқа қажетке босату.

Жеңіл конструкциялар жасау үшін, кәзіргі уақытта пайдаланылатын көміртекті конструкциялық болаттан анағұрлым берік болат қажет. Біздің елімізде, шетелдерде де берік конструкциялық болаттардың көптеген маркалары жасалып, зерттелгені және сыннан өткізілгені мәлім. Бұл болаттар (хром-никельді, көміртекті-ванадийлі, хром-ванадийлі болаттар және басқалар) аз қоспалы болаттардың тобына қосылады және көміртекті болатты балкытқанда оған аздаған жақсартушы қоспалар — хром, ванадий, никель және басқа металдар қосу жолымен жасалады.

Аз қоспалы болаттар қатарында ванадий қосқан болаттар ерекше маңызды орын алады. Ванадийді болатқа тіпті аз қосудың өзі (0,10 — 0,20 процент) болаттың құрылысын көріне жақсартып, оның механикалық қасиетін едәуір арттырады. Әсіресе тиісінше қызу күшімен баптағаннан кейін, 0,10 — 0,25 процент ванадий қосқан конструкциялық болаттарда конструкциялардың немесе олардың жеке тораптарының салмағын 30 процент кемітуге мүмкіндік беретін қасиеттер пайда болады.

Бұл болаттардан өнеркәсіптің әртүрлі салаларына керекті бірсыпра маңызды бөлшектерді жасау өте тиімді келеді. Ванадий қосқан конструкциялық болаттарды транспортта қолдану ерекше тиімді. Вагондар мен паровоздардың өз салмағын кеміту нәтижесінде оған сәйкес пайдалы жүктердің салмағын арттыруға мүмкіндік туады, тасылатын жүктердің әрбір тонна-километріне жұмсалатын отын мен энергияның шығыны да едәуір азаяды.

Ванадийлі болаттардан жасалған рельстер мен бандаждарды қолдану олардың төзімділігін арттырады, қызмет мерзімін ұзартады, бандаждар мен рельстерді ауыстыру шығынын және теміржол транспортындағы аварияларды азайтады. Автомобиль және трактор өнеркәсібін ванадийлі болаттардан жасалған бөлшектермен толық қамтамасыз ету автомобильдер мен тракторлардың тозуын және сынуын, олардың қарап



тұратын уақытын және жөндеу шығынын, запас бөлшектердің қажеттілігін мықтап азайтуға мүмкіндік береді.

Конструкциялық болаттардағыдай, аспаптық және тез кескіш болаттарға ванадий енгізу олардың сапасын мықтап арттырды. 0,25 — 0,30 процент ванадий қосқан көміртекті аспаптық болат, сол қажетке арналған дағдылы көміртекті болатқа қарағанда, едәуір берік, мықты болады және оның кескіштік қасиеті екі есе дерлік артады.

Ванадий тез кескіш болаттарға міндетті түрде қосылып отырады. Тез кескіш болаттарға қосылған 1 процент ванадий кесудің және тесудің нәтижелілігін 100 процент арттыратыны анықталды. Аспаптық және тез кескіш ванадийлі болаттарды шығаруды ұлғайтып, оларды аспаптық көміртекті болаттар орнына қолдану металды механика жолымен өндеудің (кесу және тесу) шапшаңдығын арттыруға, аспаптың қызмет ету мерзімін ұзартуға, станоктардың аспапты ауыстырғанда қарап тұратын уақытын азайтуға мүмкіндік береді.

Ванадийлі болаттарды халық шаруашылығына кеңінен енгізудің жоғарыда айтылған және басқа пайдалы жақтары біздің металлургия өнеркәсібіміздің ванадийді тұтыну нормасы жағынан буржуазиялық елдерді басып оза алатынын көрсетеді. Мұның үшін ванадийлі руданы шығару және оны феррованадийге айналдыру жұмыстарын кеңінен жүргізу қажет.

Орасан мол ванадий запастары болып отырған Қазақстан еліміздің қажетін, қандай мөлшерде болса да, ванадиймен қамтамасыз етіп қана қоймай, ванадий өндірісінің өнімдерін экспорттың маңызды түрлерінің біріне айналдыра алады. Бұл мүмкіндіктерді алтыншы бесжылдықтан бастап жедел пайдалану керек. Қазақстанда салынуға тиісті үлкен ферросплав заводы, кәзіргі ашылған ванадий, вольфрам және молибден рудалары негізінде феррованадий, ферровольфрам, ферромолібден шығаруға мамандана алады.

Қазақстанның ферросплав заводтары өнімінің орасан мол резерві, сол сияқты, Қарағандыда, Екібастұзда және Құсмұрында карьерлеп шығарылатын қоңыр көмірмен жұмыс істейтін үлкен электр станцияларынан арзан электр қуатын алу мүмкіндіктері негізінде, алтыншы бесжылдықта республикада көп қоспалы болаттар мен арнаулы балқытпалар шығаратын үлкен электрометаллургиялық завод салу қажет. Мұндай электрометаллургиялық заводта, жергілікті металдық хром және металдық титан негізінде ыстыққа төзімді қоспалар өндірісін Қазақстанның жаңа ферросплав заводынан алынатын феррохром, ферровольфрам және феррованадий негізінде аспаптық, тез кескіш болаттар өндірісін, шарикоподшипниктік, тотықпайтын және басқа автотракторлық болаттар өндірісін, электрон және электровакуум өнеркәсібіне керекті жаңа магниттік балқытпалар өндірісін ұйымдастыруға болады.

Қазақстанның қоспалы болаттар шығаратын жаңа электрометаллургиялық заводы іске қосылғаннан кейін, Совет Одағының шығыс аудандарының өздерінің, машина және аспап жасау өнеркәсібін күшейтуге керекті металлургиялық базасы болады, мұның өзі СОКП Орталық Комитетінің июль Пленумының шешіміне толық сай келеді.

Қазақстанның өндіргіш күштерін онан әрі өркендетудің келешектегі кейбір жолдары, біздің пікірімізше осындай.

Қазақстанда ғылымның практикадан кейін қалып қоймай, оны басып озуы үшін, таяудағы уақыттың ішінде республикада ең алдымен қара металлургия (Гипромез, Гипросталь, Гипроруда, ЦНИИЧермет және басқалары), түсті металлургия (Механобр, Гипроцветмет және басқалары), көмір және мұнай өнеркәсібі (ВНИГРИ) министрліктерінің, сол сияқты құрылыс материалдары өнеркәсібі (әйнек, темір-бетон конструкциялары институттары және басқалары), Геология және кен сақ-



тау (ВИМИС, ВИРГ және басқалары) министрліктерінің бірсыпра негізгі салалық ғылыми-зерттеу және жобалау институттарының жергілікті, республикалық филиалдарын ашу қажет.

ССРО Геология және кен сақтау министрлігі Қазақстанда өзінің Оралдағыдай үлкен технологиялық лабораториясын ашуға тиіс; Қазақстан территориясындағы барлық геологиялық материал Алматыдағы Қазақ геология басқармасы жанындағы республикалық геология қорына жыйналатын болу керек. Мұның өзі республиканың үкметтік және ғылыми органдарына республиканың шеңберінде көптеген ұйымдар мен ведомстволар жүргізетін кең көлемдегі геологиялық жұмыстардың жоспарлары мен қортындыларын толық біліп отыруға мүмкіндік береді. Ақыр аяғында, біздің пікірімізше, Қазақ ССР Геология және кен сақтау министрлігін құру туралы мәселенің пісуі жетті. Мұның өзі көзір Қазақстан алдына қойылып отырған мемлекеттік міндеттер дәрежесіне толық сай келеді.

Қазақ ССР Ғылым Академиясы өзінің өндірістік және ғылыми эксперименттік базасын үнемі кеңейте беруге тиіс. Мұнысыз ол республикадағы ғылыми ойдың шын мәнісіндегі орталығы бола алмайды.

Біздің елімізде Коммунистік партия мен Совет үкметі ғылымға үнемі қамқорлық жасап отыр. Советтік ғылым еліміздің халық шаруашылығы мен мәдениетін өркендету ісіне өзінің үлесін қосып келеді және мұнан әрі де қоса береді. Қазақстанның ғылыми қызметкерлері СОКП Орталық Комитеті июль Пленумының тарихи шешімдерінде еліміздің алдына қойылған орасан зор міндеттерді неғұрлым тез және толық жүзеге асыруға өздерінің барлық күші мен білімін аяпбай жұмсайды.



# Циклдік график барлық лаваларға енгізілсін

Ю. РОЗЕНТАЛЬ,

*экономикалық ғылымдардың кандидаты*

СОКП Орталық Комитетінің июль Пленумы социалистік өнеркәсіпті оған әрі өрге бастырудың, техникалық прогрестің және өндірісті ұйымдастыруды жақсартудың кең программасын белгіледі. Көмір өнеркәсібі алдына зор және жауапты міндеттер қойылды. Бұл міндеттерді жүзеге асыру күресінде ССРО-ның үшінші көмір базасы — Қарағанды бассейнінің қызметкерлері маңызды роль атқаруға тиіс.

Соғыстан кейінгі жылдарда Қарағандының шахталары жұмысты неғұрлым өндіріп істейтін жаңа техникамен — комбайндармен, жыныс тиейтін машиналармен, скребкалы және ленталы транспортерлермен, электровоздармен жарақталды. Отын шығарудың негізгі жұмыстарын кенінен механикаландыру өндірісті ұйымдастырудың жаңа формаларын енгізуді керек қылды. Оның ішіндегі неғұрлым прогрестік форма — циклдік график бойынша жұмыс істеу.

Циклдік графикті жаппай енгізу 1950 жылы Донбаста басталып, 1951 жылы еліміздің басқа бассейндерінде де, оның ішінде Қарағанды шахталарында да жүзеге асырыла бастады. Циклдік графикке көшірілген лавалардың саны екі есе дерлік көбейтілді — 1951 жылы 27 лава көшірілсе, 1955 жылы 53 лаваға жеткізілді, ал бұл лавалардан шығарылған көмірдің үлес салмағы 29 проценттен 51,9 процентке жетті.

Өндірісті циклдік жолмен ұйымдастыру көмірді мол шығаруға, еңбек өнімділігін арттыруға, жаңа машиналар мен механизмдерді пайдалануды жақсартуға көмектесті. Циклдік графикке көшірілген забойларда көмір шығарудың орташа тәуліктік өнімі 25—35 процент, еңбек өнімділігі 20 — 30 процент артты, көмірдің түсер құны кемітілді. Тәулігіне бір цикл алып отыратын лаваларда, циклдік графикке көшірілген лавалардағы орта мөлшермен салыстырғанда, көмір шығару және жұмысшылардың еңбек өнімділігі екі еседен аса, забой жолының қазылуы біржарым есе артты.

Циклдік графиктің нәтижелілігі ең алдымен, оның көмір қазу бойларында жұмыстың жоспармен және біркелкі жүргізілуін қамтамасыз етуіне қарай белгіленеді. Өндірісті ұйымдастырудың бұл формасын қолданғанда, әрбір забой үшін бұлжымайтын технологиялық режим және көмір шығарудың барлық жұмыстарын орындаудың белгілібір жалғастылығы белгіленеді. Мұндай тәртіп лавадан шығарылған көмірдің бір немесе екі смена бойына, бүкіл лава бойынша көмір оюдың белгіленген тереңділігінде тиелуін қамтамасыз етеді. Жөндеу-әзірлік жұмыстарын жүргізу үшін арнаулы смена бөлінеді. Сөйтіп, әрбір өндірістік жұмыс белгілі бір кезекпен және үйлестіре орындалады.

Циклдік графикті орындау шахтерлердің лавада жұмысты біркелкі атқаруын қамтамасыз етеді, жұмысшылардың санын азайтуға және еңбек өнімділігін арттыруға көмектеседі.

Алайда, лаваларды циклдік жұмысқа жаппай көшіруге байланысты көмір шығаруды және еңбек өнімділігін арттырудың ерекше зор мүмкіндіктері Қарағандыда өте нашар пайдаланылады. Механикаландыру дәрежесінің едәуір артуына қарамастан, өткен жылы жер астында жұмыс



істейтін шахтерлердің еңбек өнімділігінің 1940 жылғыдан небәрі 0,7 тонна артуының негізгі себептерінің бірі міне осында. Быйылғы жылдың бірінші жартысында шахталардың жартысы еңбек өнімділігін арттыру жоспарын орындамады.

Бассейнде лаваларды циклдік графикке көшірудің барысы мүлде қанағаттанғысыз. Көзір жұмыстың бұл прогрестік әдісіне көмір шығарылатын барлық лавалардың жартысынан кемі ғана көшірілді. Шахталардың 15 процентінде циклдік графикпен жұмыс істейтін бірде-бір лава жоқ.

Комбайндармен, көмірді ойып тиейтін машиналармен жабдыкталған лаваларда циклдік графиктің енгізілуі нашар. Ал мұндай лавалар циклдік жұмысқа ең алдымен көшірілуге тиісті. 1955 жылдың басында комбинатта 93 лава болса, сонан циклдік графикке небәрі 42 лава көшірілді.

Циклдік графиктің мұндай нашар енгізілуіне, көбінесе, көмір шығару алаңының, шахта ішіндегі транспорттың, вентиляцияның және басқа өндіріс буындарының әзірленбеуі себеп болып отыр. Мәселен, 18-бис шахтада көмір шығарылатын төрт лавадан циклдік графикке небәрі бір лава көшірілді. Өйткені мұнда әзірлік және көмір қазу жұмыстарының жоспары орындалмады. № 17 шахтада көтергіштің қуатының кемдігі лаваларды циклдік жұмысқа көшіруге кедергі болып отыр. Бұл олқылықтарды жоюдың, барлық өндіріс буындарының жұмысын жақсартудың циклдік графикті кеңінен енгізуге көмектесетіні сөзсіз.

Әзірлік забойларда циклдік графикті енгізу — көмір қазу алаңын шапшаң әзірлеудің маңызды шарты. Бұл забойларды циклдік графикке көшіру 1953 жылғы июньде басталды. Көзір әзірлік забойлардың үштен біріне жуығы график бойынша жұмыс істейді, бірақ циклдік нормативті олардың жартысынан кемі орындайды.

Қарағандының партия, кәсіподақ және шаруашылық ұйымдары циклдік шапшаң қазудың озат тәжірибесін нашар таратады. Ал Социалистік Еңбек Ері Г. Хайруллиннің, Т. Лыгиннің, Е. Ликтің және басқаларының бригадалары көп циклді графикті көп забойлы қызметпен ұштастыра ойдағыдай меңгеріп, айына 150 метр және онан да көп штрек қазатын болды, мұның өзі механикаландырылған қазудың бассейндегі орташа шапшаңдығынан екі жарым есе дерлік асып түседі.

Қарағанды көмір комбинатының басшылары «Верхняя Марианна» және «Феликс» атты қалың қабаттардан көмір шығаратын лаваларда циклдік графикті батыл енгізуге тиіс. Бұлар — көмірді неғұрлым көп шығаратын лавалар (әрбір циклде 800 тоннадан 1500 тоннаға дейін). Алайда мұнда ондай лавалардың үштен бір бөлегінен сәл көбірегі ғана циклдік жұмысқа көшірілді. Қалың қабаттардан көмір шығаратын лаваларда циклділікті кеңінен енгізіп, тез меңгеруге көмір құлату жұмыстарын механикаландыру дәрежесінің төмендігі бөгет болып отыр. Әсіресе «Верхняя Марианна» кабатының лаваларында осындай.

Бассейнде алдыңғы қатарлы шахталардың — Жданов атындағы, Киров атындағы, № 26 және қалың қабаттарда циклдік графикті ойдағыдай меңгерген басқа сондай шахталардың тәжірибесі нашар таратылады. Ал бұларда басқа шахталардың үйреніп, қолдануына тұрарлық өнеге бар. Мәселен, «Кировуголь» тресінің № 26 шахтасының «Феликс» кабатынан көмір шығаратын № 1 участогі (бастығы Полохов жолдас) циклділік нормативті үнемі толық және асыра орындайды. Бұл участкада «Донбасс» комбайнының жұмыс өнімділігі айына 26 мың тонна. Мұның өзі бассейндің шахталарындағы комбайндардың орташа айлық жұмыс өнімділігінен үш есе дерлік артық. Циклдік графикті меңгергеннен кейін участкада еңбек өнімділігі біржарым еседен аса артты. Көмірдің түсер құны үнемі кемітілуде.



Егер шахтадағы лавалардың бәрі немесе көпшілігі циклдік графикке көшірілсе, циклдік жұмыстың нәтижелілігі әлде қайда артады. «Кировуголь» тресіне қараған № 31 шахтаның жұмысы бұған айқын дәлел. Бұл шахтадағы алты лаваның бәрі циклдік графикпен жұмыс істейді. Оларда соңғы төрт жылдың ішінде көмір шығарудың орташа тәуліктік өнімі біржарым есе дәрлік артты, бір жұмысшының орташа айлық еңбек өнімділігі 40,8 тоннадан 70,8 тоннаға жетті. Забойда көмір қазудың орташа айлық шапшаңдығы екі еседен аса артты.

№ 31 шахтаның барлық лаваларында циклдік графикті енгізу көмір қазу жұмыстарының көлемін ұдайы ұлғайтып отыруды керек қылды. Әзірлік забойларды тәулігіне 2—3 циклді графикке көшіру нәтижесінде олардың қазылуы едәуір тездетілді. Жер астындағы транспорттың жүріс графигін енгізу, бұрылыс жолдарды ұзарту және басқа шаралар электровоздардың жұмысын едәуір жақсартып, лавалардағы механизмдердің бос тұратын уақытын азайтуға мүмкіндік туғызды.

Қарағандыда небәрі екі шахта жаппай циклділікке көшірілді, ал шахталардың бестен төрт бөлегінде лавалардың мықтағанда жартысы циклдік графикке көшірілген. Бірқатар шахталардың (20-бис, 18-бис, 64/83 және басқалары) әр қайсысында көмір шығаратын төрт—бес лавадан небәрі бір лава циклдік графикке көшірілді.

Циклдік графикке көшірілген лавалардың жұмысында да елеулі кемшіліктер бар. Бұл кемшілік — ең алдымен циклдік нормативтің орындалмауы. Мысалы, циклдік графикке көшірілген барлық лавалардың ішінде 1953—1954 жылдарда нормативті орындағаны небәрі—38—39 процент, ал тәулігіне бір циклді орындағаны—13 процент, 1955 жылдың үш айы ішінде, циклдік графикпен жұмыс істейтін 53 лавадан циклдік нормативті 22 лава, ал тәулігіне бір цикл алуды орта есеппен небәрі 8 лава орындады. Циклдік графикті орындамау салдарынан өткен жылы мемлекетке жарты миллион тоннадай көмір, ал 1955 жылдың алты айы ішінде екі жүз мың тоннадан астам көмір кем берілді. Мұның себептеріне талдау жасау лавалардың 40 проценті нормативті өндірістің қанағаттанғысыз ұйымдастырылуы себепті, 30 проценті механизмдердің жиі-жиі аварияға ұшырауы себепті орындамағанын көрсетеді.

Қарағанды көмір комбинатының шахталарында қызмет мерзімі қысқа лаваларды циклдік графикке көшіретін теріс практика кеңінен қолданылады. Циклдік лавалардың үштен екі бөлегінен көбі жартыжылға жетпейтін уақыт бойына ғана жұмыс істегені бұған жеткілікті дәлел. Циклдік лавалардың жиі ауысуы циклдік графикті меңгеруге бөгет жасайды, циклдік нормативтің орындалмауына себеп болады.

Лавалардың циклдік нормативті орындамауының екінші бір сондай маңызды себебі — лаваларды графикке жеткілікті әзірліксіз көшіретіндік. График бойынша жұмысты ойдағыдай атқарып отыру көп ретте забойларды қажетті жабдықтармен, механизмдермен қамтамасыз етуге, құрылыстық ағаш запасын және тиеу пункттері жанында бос вагонеткалар запасын жасауға байланысты. Ал бассейндік шахталарында лавалар көп уақытта циклдік графикке формальды көшіріледі. Кейде циклдік жұмысқа штректері жеткіліксіз, бұрылыс жолдары, жеткілікті запас бөлшектері мен аспаптары жоқ лавалар көшіріледі. Кейбір учасоктерде запас бөлшектер мен аспаптарды сақтайтын қоймалар жоқ.

Лавалардың циклдік жұмысын ұйымдастырудың аса маңызды шарты — циклденетін лавалардың планограммасы мен орындау графигін жасау. Алайда циклдік графикке көшірілген лаваларда планограммалар көп уақытта немқұрайды жасалады, ал орындау графиктері мүлде қолданылмайды. Кейбір шахталарда планограммалар жасала тұрса да, олардың орындалуы бақыланбайды. Мысалы, №№ 19-бис, 31-бис, және басқа шахталарда орындау графиктерінің қолданылмауы себепті лавалардың жұмыс тәртібі бұзылады. Комплексті бригадалардың жұмысшыла-



ры мен кен мастерлері кейде планограммамен таныспайды. Мұның салдарынан планограмманың ұйымдастырушылық ролі іс жүзінде жоққа шығарылады.

Циклдік нормативтің орындалмауына лавалардың көп уақыт жұмыссыз тұруы едәуір себеп болады. Хронометраждық байқауларға талдау жасау циклдік графикке көшірілген лаваларда жоюға болатын қарап тұру уақыты бүкіл жұмыс уақыты ішінде 30 — 35 процент, оның ішінде бос вагонеткалардың болмауы себепті 10 — 12 процент, механизмдердің аварияға ұшырауы және бұзылуы себепті 6 — 8 процент, жұмыс орынының әзірленбеуі себепті 2 — 3 процент қарап тұратынын көрсетеді. Қарап тұратын уақытты азайту үшін жол шаруашылығын жақсарту, шахта вагонеткаларының паркін толықтыру, лавалардағы бұрылыс жолдардың санын көбейту және оларды ұзарту, механизмдерді пайдалануды және жөндеуді жақсарту, оларды запас бөлшектермен қамтамасыз ету керек.

Өндірісті циклдік жолмен ұйымдастыру учасоктердің және шахталардың жұмысты біркелкі атқаруын керек қылады. Ал Қарағандының шахталарында циклдік графикке көшірілген және тілті циклдік нормативтерді орындап отыратын көптеген лавалар жұмысты біркелкі атқармайды. Мұның өзі техниканы неғұрлым толық пайдалануға, еңбек өнімділігін арттыруға және көмірдің түсер құнын кемітуге бөгет жасайды. Бассейннің шахталарында аттаншылық өріс алған, «жоғары өнімді еңбек күндері» дейтіндер үнемі қолданылады, мұның өзі учасоктердің және шахталардың жұмысты біркелкі атқаруын бұзып, олардың циклдік графикті орындауына бөгет жасайды.

Техниканы пайдалануды жақсарту және циклдік графикті енгізу үшін еңбекті комплексті ұйымдастыруды оған әрі жетілдірудің маңызы бар. Шахталарды техникамен қайта қаруландыру негізінде туған еңбекті ұйымдастырудың негізгі формасы — комплексті бригада көмір қазу және әзірлік жұмыстарын механикаландырудың кәзіргі жоғары дәрежесіне толық сай келеді. Алайда көмір шығарушы комплексті бригадалар мен жөндеу—әзірлік сменаларында жұмыс істейтін комплексті бригадалар арасында еңбектің тым қатаң бөлінуі көп уақытта техниканы неғұрлым толық пайдалануға және көмір шығаруды арттыруға бөгет жасайды. Жұмысты неғұрлым өндіріп атқаратын комбайн көп уақытта көмір оюды, жөндеу-әзірлік сменасының жұмысқа кірісуінен көп бұрын аяқтайды. Ал көмір шығарушы комплексті бригадалар комбайнды түсірмейтін, транспортерді көшірмейтін, тас толтыру және басқа жөндеу-әзірлік жұмыстарын жүргізбейтін болғандықтан, комбайн жөндеу сменасының келуіне дейін қарап тұрады.

Әрбір лавада жұмысшыларды мамандық жағынан бөлмейінше үш комплексті бригада (сменалардың санына қарай) ұйымдастырған «Полысаевская» шахтасы (Кузбасс) кеншілерінің тәжірибесі Қарағанды шахталарында нашар таратылады. Бұл бригадалардың әрқайсысы дағдылы жұмыстарды да, жөндеу-әзірлік жұмыстарын да атқарады. Мұндай бригадалар әзірге бассейннің бірнеше шахтасында ғана құрылған (№№ 1-бис, 31-бис және басқалары). Ал еңбекті мұндай жолмен ұйымдастырғанда қарап тұратын уақыттың азаятынын, машина-жабдықтарды пайдалану жақсаратынын, еңбек өнімділігі 10—12 процент артатынын практика көрсетті.

Қарағанды шахталарында циклдік графикті енгізіп, меңгеруге бөгет болып отырған себептердің бірі — лаваларды тәулігіне бір цикл графикіне көшіруді жоспарлаудағы кемшіліктер. Циклдік жұмысты ұйымдастыру жоспары көмір шығарылатын лавалардың санын жоспарлаумен нашар байланыстырылғандықтан, көмір шығарылатын забойлардың саны, лаваларды циклдік графикке көшіру жоспарын толық орындау үшін және олардың нормативті орындауын қамтамасыз ету үшін керек болатын



тазалау забойларының санынан шамамен айтқанда 20—25 процент артып кетті. Бассейндегі кейбір шахталар тәулігіне бір цикл графигіне көшірілген лавалардың өзінің есебінен жоспарды толық және асыра орындай алар еді. Мәселен, Костенко атындағы шахтада көмір шығарылатын 7 лава ішінде, циклдік графикке көшірілген төрт лавада бір циклде шығарылатын көмір бүкіл шахта бойынша шығарылатын көмірден 10 проценттей асып түседі. Көмір шығаруды мұндай жоспарлау өндірісті циклдік жолмен ұйымдастыруды енгізуге және меңгеруге көмектеспейді, өйткені жоспарды неғұрлым жұмысы жеңіл лавалар, яғни графикпен жұмыс істемейтін лавалар есебінен орындауды қамтамасыз ету онан едәуір оңай.

Еңбекті ұйымдастыруды жақсарту жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу системасын жетілдіруге тығыз байланысты. Нормативті толық және асыра орындағаны үшін сыйлық төлеудің кәзіргі системасы көмір шығаруды арттыруға және жұмысты график бойынша ұйымдастыруға оншама ынталандырмайды. Циклдік нормативті асыра орындағанда жалақы көп уақытта еңбек өнімділігінен тез өседі. Жалақы қорының артық жұмсалуды және көмірдің түсер құнын кеміту жоспарының орындалмауынан сақтану үшін, шахталардың басшылары көп уақытта лавалардың графикке көшірілуіне және олардың циклдік нормативін орындауына бөгет жасайды. Бассейндегі таңдаулы шахталардың бірі, циклдік жұмысты меңгеруде тамаша нәтижелерге жеткен № 31 шахтаның көп уақытта жалақы қорының артық жұмсалудына жол беріп отыратыны тегін емес.

Жұмысты циклдік график бойынша ұйымдастыруды жақсарту үшін алдыңғы қатарлы учасоктер мен шахталардың тәжірибесін қорытып, таратып отырудың зор маңызы бар. Солай бола тұрса да, циклдік лавалардың тәжірибесі нашар насихатталады. Мысалы, циклдік график бойынша жұмыс істеуді меңгерген, Ворона, Чурилов, Полохов және басқа жолдастар басқаратын алдыңғы қатарлы учасоктердің тәжірибесі әлі де бассейнің барлық учасоктерінің игілігіне айналдырылған жоқ. Озат тәжірибесі насихаттаудың қаншалықты нашар екенін бірменалық циклдік графикті енгізу мысалынан көруге болады. 1955 жылдың басында № 31 шахтаның № 9 учасогінде бірменалық циклдік график ойдағыдай енгізіле бастады. Жұмыстың бірменалық тәртібіне көшу учасокте еңбек өнімділігін 10 процентке дейін арттырып, әрбір тонна көмірдің түсер құнын 1 сом 95 тыйын кемітуге мүмкіндік берді. Учасоктің коллективі үш айдың ішінде 89 цикл орындады. Бірменалық тәртіпті қолдана отырып, графикпен жұмыс істеудің артықшылықтары айқын көріне тұрса да, өндірісті ұйымдастырудың бұл прогрестік әдісі Қарағандының басқа шахталарында қолданылмайды деуге болады.

Бассейн қызметкерлерінің алдына жаңа техниканы енгізе отырып, өндірісті ұйымдастыруды жетілдіріп, тәулігіне бір цикл графигін меңгере келе, тәулігіне біржарым цикл графигі бойынша жұмыс істеуге көшу міндеті қойылып отыр. № 26 шахтаның бірінші учасогінің кеншілері жаңа, неғұрлым жетілдірілген «Донбасс — 6 М» комбайнның алғаннан кейін, тәулігіне біржарым цикл беруге, комбайнның орташа айлық жұмыс өнімділігін 30 мың тоннаға жеткізуге ұйғарды.

Кәзір, Совет Одағы Коммунистік партиясының ХХ съезі құрметіндегі социалистік жарыс бүкіл елімізде кең өрістеп отырғанда, Қарағанды шахтерлері көмір шығаруды ұлғайтып, еңбек өнімділігін онан әрі арттыруға жаңа міндеттемелер алуда. Өндірісті циклдік жолмен ұйымдастыруды кеңінен енгізіп, онан әрі жетілдіру бұл міндеттемелерді орындауды, Қарағандыда көмір шығарудың еңбек өнімділігін арттырудың мол резервтерін неғұрлым толық пайдалануды қамтамасыз етеді.



# Ауыл шаруашылығында еңбек өнімділігі арттырыла берілсін

М. БУТИН,

*Еңбекшілер депутаттарының Ақмола облыстық  
Советі атқару комитетінің председателі*

Мемлекетіміздің қуатын үнемі арттыра беруді көздеген совет халқының ханармандық күресіне басшылық ете отырып, Коммунистік партия коммунизм құрылысшыларын айқын программамен қаруландырды. СОКП Орталық Комитеті июль Пленумының шешімдерінде өнеркәсіпті онан әрі өрге бастыру, техникалық прогресс және өндірісті ұйымдастыруды жақсарту программасы белгіленді. СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумында белгіленген — елімізде астық өндіруді жылына 10 миллиард пұтқа жеткізу, мал шаруашылығының негізгі өнімдерін өндіруді екі есе — екі еседен аса арттыру жоспарын мерзімінен бұрын орындау жолындағы күрес шын мәнісінде бүкілхалықтық күреске ұласты.

Өнеркәсіпте де, ауылшаруашылық өндірісінде де болып отырған барлық резервтерді іске қоспайынша, еңбек өнімділігін мықтап арттырмайынша, жоғарыда айтылған міндеттерді ойдағыдай орындау мүмкін емес.

Колхоз құрылысы өндіргіш күштерді өркендетуге шексіз мүмкіндіктер туғызды. 1953 жылы ауыл шаруашылығында еңбек өнімділігі революцияға дейінгіден үш есе артты. Алайда, социалистік ауыл шаруашылығының мүмкіндіктері тамақ өнімдерін және өнеркәсіпке керекті шикізаттарды өндіруді арттыруға әлі де жеткіліксіз пайдаланылады. Бұрын ауылшаруашылық органдарының өздерінің есебінде жыртылған, егін егілген және өнімі жыйналған жердің гектар есебін негізге алуы ауыл шаруашылығына көп зыян келтірді. Егіннің шығымдылығы, малдың өнімділігі, әрбір 100 гектар жерден, әрбір жұмсалған еңбеккүнге алынатын өнімнің саны сыяқты басты-басты көрсеткіштерге өте аз көңіл бөлінді. Қазір, ауылшаруашылық өндірісін жоспарлаудың жаңа тәртібін еңгізуге байланысты, бұл кемшіліктер жойылуда.

Республикамыздың ең үлкен астықты облыстарының бірі — Ақмола облысы Қазақстанның ауыл шаруашылығын өрге бастыруда зор роль атқаруға тиіс. Соңғы екі жылдың ішінде облысымызда миллиондаған гектар жаңа жерлер ауылшаруашылық айналымына енгізілді. Партия мен үкметтің біздерге адамдар және техника беріп көрсеткен орасан зор көмегінің бұл міндетті орындау мүмкін болмаған болар еді.

Техника — қоғамдық еңбектің өнімділігін үздіксіз арттыра берудің шешуші шарты. Ауыл шаруашылығының техникамен жабдықталуы үнемі өсуде. Ақмола облысында шынжыр табанды тракторлар санының 1949 жылғыдан 14 есе көбейгендігі бұған жеткілікті дәлел.

Біздің облысымызға қуатты техника үздіксіз келуде. 1955 жылдың көктемінде машина-трактор станцияларындағы тракторлардың саны 1953 жылғы көктемдегіден екі есе көбейді. Өткен жылы облыстың МТС-тері колхоздардағы негізгі егін жұмыстарының бәрін өздерінің машина паркімен орындады. Пар және зябь жырту толығынан дерлік механикаландырылды. Өткен жылы дәнді дақылдар егісі түгелінен комбайнмен жыйналды.

Ауылшаруашылық машиналарын пайдаланудың пәтижелілігі барған сайын өсуде. Онбесаттық күші бар трактордың жұмыс өнімділігі өткен жылдың осы уақтымен салыстырғанда 25 гектар артты.



Соңғы жылдардың ішінде советтік өнеркәсіп ауыл шаруашылығына машиналардың 200 ден астам жаңа түрлерін жасап берді. Мұның өзі ауылшаруашылық өндірісінің әртүрлі салаларында механизмдерді қолдануды кеңейтуге және жақсартуға мүмкіндік туғызады.

Ең жаңа техникамен үздіксіз жабдықтап отыру және тұрақты механизатор кадрлармен нығайту нәтижесінде, Ақмола облысының МТС-тері соңғы жылдарда орындалған жұмыстардың көлемін біржарым есе ұлғайтты. Мал шаруашылығында да еңбекті көп керек ететін жұмыстар механикаландырылуда. Көптеген ауылшаруашылық артельдері МТС-тердің көмегімен, жемшөп дайындауды, ерте мерзімде шөп сүрлеуді жақсы ұйымдастырды. Быйыл колхоздарда траншеялар және басқа шөп сүрлейтін қоймалар салу кең өрістетілді. Калинин атындағы, Михайлов, Новочеркас МТС-тері және басқалары мұндай жұмыстарды қызу қарқымен жүргізуде.

Колхоздар, МТС-тер және совхоздар қоғамдық мал шаруашылығын өркендету саласында кейбір табыстарға жетті: өткен жылғымен салыстырғанда быйыл 1 августқа дейін облыста қойдың саны 4,8 процент, сыйыр малы 18,5 процент көбейді.

Ауыл шаруашылығын техникамен мол жабдықтау ұлан-байтақ жаңа жерлерді жыртуға мүмкіндік туғызды. Қелесі жылдың өніміне арнап тың және тыңайған жерді жырту тапсырмасы едәуір асыра орындалды. Быйылғы жылдың өзінде колхоздар мен совхоздар 1 миллион 684 мың гектар жаңа жерлер жыртты — мемлекеттік жоспарда белгіленген мөлшерден 365 мың гектар, ал өткен жылғыдан ондаған мың гектар көп. Екі жылдың ішінде облыста барлығы 3332 мың гектар тың және тыңайған жерлер жыртылды, мұның нәтижесінде егіс көлемі 1953 жылғыдан үш еседей ұлғайды. Бидай және жүгері өндіру мықтап өсті.

Ауылшаруашылық дақылдарының жоғары шығымдылығы еңбек өнімділігінің артуының аса маңызды көрсеткіштерінің бірі болып табылатыны мәлім. Ақмола облысының көптеген шаруашылықтары егіннен мол және тұрақты өнім алуда. Мәселен, Новочеркас ауданы, Калинин атындағы МТС-тің қамтуындағы колхоздар 40 мың гектардай тың және тыңайған жерлерді игеріп, жаздың қуаң болуына қарамастан, жаздық бидайдың әрбір гектарынан орта есеппен 14 центнер өнім алды. Бұл өңірдегі жеке ауылшаруашылық артельдері мұнан да жақсы нәтижелерге жетті. Киров атындағы колхоз 3 512 гектар тың жерді игеріп, гектарынан 15,4 центнер өнім алды. Шортанды ауданы, Мануильский атындағы колхоз бірнеше жыл бойына жаздық бидай егісінің гектарынан 15 — 18 центнерден өнім алып келеді.

Бізде алдыңғы қатарлы жеке шаруашылықтар ғана емес, кейбір аудандар да зор табыстарға жетті. Мысалы, Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысқан Атбасар ауданы 1954 жылы 24795 гектар дәнді дақылдар егісінің әрбір гектарынан орта есеппен 10,6 центнерден, Новочеркас ауданы 14 мың гектардан астам жаздық бидай егісінің гектарынан 12,7 центнерден, Шортанды ауданы 26 мың гектар егістің әрбір гектарынан 12,2 центнерден өнім алды.

Облыстың алдыңғы қатарлы машина-трактор станциялары өндіріс процестерін комплексті механикаландыруға ұмтылуда. Мұның өзі еңбек өнімділігін мықтап арттырады. 1954 жылы Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысқан Красивый МТС-нің тәжірибесі бұған айқын дәлел.

Өткен жылы бұл МТС-тің механизаторлары, В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық Ғылым Академиясы Қазақ Филиалының Ауыл шаруашылығын механикаландыру және электрлендіру институты ұсынған тың және тыңайған жерлерді өңдеудің жаңа тәсілін қолданды. МТС-тің қамтуындағы колхоздардың егін даласында қосымша түрленді трактор плугінен, сырты тегіс ауыр катоктен және жеңіл «зиг-



заг» тырмалардан құралған агрегат жұмыс істеді. Мұндай әдісті қолдану арқасында тұқым топраққа біркелкі сіңірілді, топрақтың ылғалы сақталды. Мұның нәтижесінде бидайдың шығымдылығы, тың жерді өңдеудің жай тәсілін қолданғандарыдан гектарына 2 — 3 центнер артты.

Агрегаттың бір өткенінің өзінде тың жерді түгел өңдеп шығаруға мүмкіндік беретін бұл прогрестік тәсілді қолдану еңбек өнімділігін мықтап арттырды. Бірнеше жұмысты бір агрегатқа біріктірудің нәтижесінде трактордың қуаты жақсы пайдаланылып, жанармай шығыны азайтылды. 1955 жылы Красивый МТС-інде ауыр катоктері бар бес агрегат жұмыс істеді. Өткен жылдан бастап МТС-тер топрақты Т. С. Мальцевтің тәсілімен баптау жұмыстарын да кең көлемде жүргізуде.

Ауыл шаруашылығында еңбек өнімділігін арттыру үшін өндіріс процесін дұрыс ұйымдастырудың, бригадалар мен звеноларды жақсы құрастырудың, жұмысты мүлтіксіз жоспарлаудың маңызы зор. Мұның бәрі жұмыс уақытын бос жібермей, еңбек тәртібін нығайтып, барлық колхозшылардың өздерінің күші мен мүмкіндіктерін толық пайдалануына жағдай туғызады.

Еңбек өнімділігін арттыру үшін экономикалық жағдай туғызудың зор маңызы бар. Колхоз өндірісінің жалпы және товарлы өнімінің өсуі арқасында облыстың колхоздарының ақшадай табысы 1953 жылғы 133,4 миллион сомнан 1954 жылы 376,6 миллион сомға жетті. Қоғамдық шаруашылықтың өсуімен бірге еңбеккүннің құны, колхозшылардың әлауқаты артуда.

Облыста жоғары өнімді жұмыстың үлгілерін көрсетіп отырған ондаған колхоздар, МТС-тер, совхоздар, мыңдаған колхозшылар, ауыл шаруашылығының механизаторлары және мамандары бар. «Өндірісті ұйымдастырудың жақсы үлгісімен бірге мұнда еңбек сөзсіз жеңілдейтін болады және өндірісті осы жақсы ұйымдастырғандардың тұтынатын нәрселерінің жыйыны көбейетін болады». (Шығармалар, 27-том, 196-бет) дегенде ұлы Лениннің көрсендікпен болжағаны кәзір біздің өмірімізде іске асып келеді.

Ауыл шаруашылығының барлық салаларын шұғыл өрге бастыру күресінде жергілікті Советтер көрнекті орын алады. Астық және мал шаруашылығының өнімдерін өндіруді мықтап арттыру міндетін орындай отырып, ауыл шаруашылығындағы еңбектің өнімділігін арттыру үшін күресе отырып, жергілікті Советтер бұл істе қалың активке сүйенеді.

Мариновка астық совхозы жаңа жерлерді игеру және құрылыс міндеттерін ойдағыдай атқаруда. Мұнда поселкелік Совет (председателі Мухина жолдас) жұмысты жақсы істейді. Ауыл шаруашылығының мамандары, механизаторлар, мұғалімдер, медицина қызметкерлері қатысатын төрт тұрақты комиссияның мүшелері бригадаларда лекциялар оқиды, әңгімелер өткізеді, совхоз озаттарының тәжірибесін қорытып, таратып отырады.

Трактор бригадасының бригадирі Свероватко жолдас басқаратын ауылшаруашылық комиссиясы совхоз құрылысының мәселелерін терең зерттеп, ауылшаруашылық жұмыстарының барысына, бұл жұмыстардың сапасына және қарқынына едәуір әсер етіп отырады.

Советтің атқару комитеті бұқарамен күнбе-күн байланыс жасап отырады. Депутаттар мезгілінде сайлаушыларға есеп беріп тұрады, барлық тұрақты комиссиялар сессияда есеп берді. Совет мәдени-көпшілік жұмысты ұйымдастыруға толық көңіл бөліп отырады.

Ұйымдастыру және шаруашылық жұмыстарын шебер ұштастыра отырып, Советтің атқару комитеті егістің ойдағыдай аяқталуын қамтамасыз етті. Жаңа жерлерді игеру жоспары едәуір асыра орындалды. Егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыру жұмыстары ойдағыдай жүргізілуде.



«Изобильный» астық совхозы поселкелік Советінің (председателі Шакиров жолдас) жұмысы назар аударарлық. Бұл Советтің барлық депутаттары өздерінің сайлаушыларын жақсы біледі, олардың дауысына құлақ қойып, тығыз байланыс жасап отырады. Совет совхоз қызметкерлерінің назарын басты-басты міндеттерді орындауға: тың және тыңайған жерлерді игеру жоспарын орындауға, егіннен мол өнім алуға, құрылысты мезгілінде аяқтауға бағыттап отырады.

Депутаттардың инициативасы — зор пәрменді күш екенін дәлелдейтін мысалдар жергілікті Советтердің практикасында көп кездеседі. Шортанды ауданындағы Новокубань селолық Советінің (председателі Яблоков жолдас) ұйымдастыру жұмысы жақсы нәтиже беріп отыр.

Советтің атқару комитеті тұрақты комиссиялардың председателдері мен активті жұмыс жоспарын жасауға қатыстырады, күнбе-күнгі жұмыстың жеке мәселелері бойынша ай сайын олармен кеңес өткізіп тұрады. Комиссиялардың мүшелері Советтің атқару комитетінің мәжілістеріне қатысып отырады, ал атқару комитетінің мүшелері тұрақты комиссиялардың мәжілісіне келіп, олардың жұмысына белсеніп қатысады. Мұның бәрі атқару комитеті мен тұрақты комиссиялардың күшін дұрыс пайдалануға мүмкіндік береді.

Облыстың көптеген аудандық, ауылдық және селолық Советтері ауыл шаруашылығын өркендету, ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын, мал шаруашылығының өнімділігін арттыру мәселелерін жиі-жиі талқылайды. Қабылданған қарарларды жүзеге асырудың нақты шаралары белгіленеді. Атбасар, Есіл аудандық Советтерінің атқару комитеттері, Макин қалалық Советі және көптеген селолық Советтер жұмысты жақсы ұйымдастырудың үлгісін көрсетіп отыр.

Атқару комитеттері жаңа активтерді Советтің жұмысына қатыстыруға ерекше көңіл бөліп отырады. Партияның шақыруы бойынша машина-трактор станциялары мен жаңа совхоздарға мындаған механизаторлар келді. Облыстың МТС-терінде тұрақты қызметкерлердің саны 1952 жылғыдан 26 560 адам көбейді. Тың және тыңайған жерлерді игеріп жатқан аудандарда әрбір МТС-те орта есеппен 400-дей тұрақты жұмысшылар бар. Бұлар — зор күш. Сондықтан Советтер механизаторлар арасындағы жұмысқа көп көңіл бөліп отырады.

Істің табысты болуын адамдар, кадрлар шешеді. Олардың өндірістік шеберлігі неғұрлым жоғары болса, еңбек өнімділігі солғұрлым арта түседі, демек, материалдық игіліктер солғұрлым көп жасалады. Ақмола облысының көптеген механизаторлары жоғары еңбек өнімділігінің үлгілерін көрсетіп отыр. Мұндай өз ісіне жетік шеберлердің бірі — «Авангард» МТС-нің комбайншысы Социалистік Еңбек Ері Г. Зубков. Оның басқаруындағы, екі «Сталинец-6» комбайнынан құрылған агрегат быйыл аласа егінді жыйнауда жұмыстың өнімділігін орта есеппен күнтәулігіне 86 гектарға жеткізді. Техниканы жақсы білгендік комбайншы Зубковқа және агрегатпен жұмыс істейтін штурвальшылар М. Селюков, С. Яким жолдастарға және тракторшылар Н. Шепилев, В. Яким жолдастарға машиналарды неғұрлым нәтижелі пайдалануға мүмкіндік берді.

Калинин ауданындағы Журавлев МТС-нің трактор бригадасы «12-я годовщина Октября» колхозында жұмыс істейді. Бұл бригаданы селолық Советтің депутаты М. Шило жолдас басқарады. Бригада тың жырту жоспарын 153 процент орындады. «Жақсы» астық совхозының тракторшысы, Советтің таңдаулы активісі С. Адарчук жолдас 1224 гектар тың көтеріп, тапсырманы үш есе дерлік асыра орындады.

Жұмысты жалпы өрге бастыруда, озат еңбек тәсілдерін таратуда Советтердің депутаттары мен активистерінің жақсы үлгісінің маңызы зор. Алайда, жоғары еңбек өнімділігінің және жоғары еңбек мәдениетінің үлгілерін көрсетіп отырған, ауыл шаруашылығы озаттарының бұл тамаша тәжірибесінің қорытылып, таратылуы әлі де қанағаттанғысыз. Көп



уақытта белгілі бір жаңашылдың тәжірибесін кеңінен таратуға іскерлікпен қамқорлық жасау орнына даурықпа думанмен, өнімсіз әбігершілікпен күн өткізіледі. Озат тәжірибені насихаттап таратуда ауылшаруашылық органдары ерекше роль атқаруға тиіс.

Облыстың партия және совет органдары ұйымдастыру жұмысын өрістете жүргізіп, еңбекшілердің творчестволық инициативасын жұмыстағы кемшілікті жоюға, колхоздардың, совхоздардың және МТС-тердің ішкі резервтерін ашуға, сөйтіп, облыстың экономикасы мен мәдениетін шұғыл өркендетуге бағыттап отыруға тиіс. Совхоздар және бірсыпра колхоздар мал шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік жоспарын орындауда әлі де артта қалып келеді. Бұл және басқа кемшіліктерді тез жойып, өткен уақыттағы олқылықтың орнын толықтыру керек.

Көптеген партия ұйымдары мен Советтер өндірісті ұйымдастыруды жетілдіру, МТС-тердегі, совхоздардағы және колхоздардағы механизмдерді дұрыс пайдалану, социалистік ауыл шаруашылығының мәдениетін арттыру, ғылым мен озат тәжірибенің табыстарын қолдану мәселелерімен әлі де нашар шұғылданады. Советтер көп уақытта жер-жердегі істің жайын жақсы білмейді, кәсіпорындардың, колхоздардың, МТС-тердің және совхоздардың жұмысына ойдағыдай әсер етіп отырмайды.

СОКП XX съезінің құрметіндегі бүкілхалықтық социалистік жарыс күн санап өрістеуде. Жарысқа қатысушы сан мың адамдар көтеріңкі социалистік міндеттемелер алуға. Бұқараның творчестволық белсенділігіне басшылық ете отырып, бұл белсенділікке сүйене отырып, халық шаруашылығының 1955 жылғы жоспарын толық және асыра орындайтын болу керек.

Егін жыйнауды ойдағыдай аяқтау, мемлекетке ауыл шаруашылығының өнімдерін тапсыру жоспарын орындау, колхоздардың қоғамдық шаруашылығын нығайтуда жаңа табыстарға жету, мұның негізінде еңбеккүннің ақшадай және заттай ақысын көбейту — облыстың партия, совет және ауылшаруашылық органдарының, колхоздарының, МТС-терінің және совхоздарының кәзіргі кездегі ең маңызды міндеті.

Коммунистік партия мен Совет үкметі 1954 — 1955 жылдардағы тың және тынайған жерлерді игерудің тәжірибесін есепке ала отырып, облыстың колхозшылары мен МТС, совхоз қызметкерлері алдына дәнді дақылдардың егіс көлемін 1956 жылы колхоздарда 1 миллион 800 мың гектарға, совхоздарда 2 миллион 880 мың гектарға жеткізу міндетін қойды. Облыстың партия және совет органдары ауыл шаруашылығының барлық салаларын шұғыл өркендету жөніндегі партия мен үкіметтің шешімдерін ойдағыдай жүзеге асыру үшін мүмкіндігі болған шаралардың бәрін қолданады.



# Советтік Қазақстанның халықаралық мәдени байланысы

Р. ШАМЖАНОВА,

*Қазақстанның шетелдермен мәдени байланыс қоғамының басқармасы председателінің орынбасары*


Женева кешесінің нәтижесінде халықаралық шиеленістің бәсеңдеуі халықтар арасындағы мәдени қарым-қатнасты кеңейтуге қолайлы жағдай туғызады. Әртүрлі мемлекеттер арасында әр алуан мәдени байланыстың дамуының ерекше зор маңызы бар, өйткені ол халықтардың бір-бірін жақсы білуіне көмектесіп, олардың өзара ұғынысуын күшейтеді.

Совет адамдары — үлкенді-кішілі барлық ұлттардың теңдестігін жариялаған, өзінің бүкіл қызметінде халықтар арасындағы бейбітшілік және достық саясатын негізге алып отырған елдің адамдары, әрдайым өткен заманның бай мұрасына зор құрметпен қарайды, шетелдердегі осы күнгі мәдениеттің барлық табыстарын көңіл қойып үйреніп отырады. Ұлы Ленин: адамзат өзінің нешеме ғасырлық тарихы бойына жасаған орасан мол рухани байлықты меңгермейінше, социалистік мәдениет орнату мүмкін емес деп үйретті.

Бай орыс мәдениетінің қайнар бұлағынан рух беруші күш алған жас қазақ мәдениеті өзінің дамуында, мұнымен бірге, бүкіл адамзаттың рухани табыстарымен де байып келеді. Дүниежүзілік әдебиет классиктерінің және осы күнгі көптеген шетел жазушыларының шығармалары қазақ халқының тұрмысына кеңінен енді. Бір кездегі сауатсыз көшпелі елдің ұрпағы — кәзіргі қазақ Толстой мен Пушкиннің, Горький мен Маяковскийдің шығармаларымен қатар, Драйзер мен Фастың, Шекспир мен Шоудың, Гюго мен Бальзактың, Сервантес пен Свифттің, Гейне мен Гетенің, Мао Дунь мен Хикметтің, Фучик пен Садоянудың, Лу Синь мен Тагордың және басқа жазушылардың шығармаларын өз тілінде ынтамен оқиды. 1937 жылдан бері жүзге жуық шетелдік авторлардың шығармалары қазақ тіліне аударылды, олардың кітаптары барлығы біржарым миллион данаға жуық тиражбен шығарылды.

Қазақстанның астаналық, сол сыяқты облыстық театрларының сахналарында Шекспирдің «Асауға тұсау», «Отелло», Мольердің «Саран», «Скапеннің айласы», «Тартюф», «Өтірік ауру», Шиллердің «Зұлымдық пен махаббат», Гольдонидің «Екі мырзаға бір қызметші» пьесалары үнемі зор табыспен көрсетілуде. Республикалық театрлардың репертуарына шетелдік авторлардың ондаған шығармалары енгізілді.

Қазақ халқы Верди мен Пуччинидің, Бизе мен Гуноның, Россини мен Мейербердің, Сметана мен Монюшконың және дүние жүзінің басқа асқан композиторларының операларын жақсы біледі және сүйсініп тыңдайды. 1954 жылы Бухаресте жастар мен студенттердің фестивалында алтын медаль алған, Қазақтың Құрманғазы атындағы ұлт музыка аспаптары оркестрі Брамс пен Шуберттің, Дворжак пен Моцарттың, Штраус пен Листтің музыкалық шығармаларын шебер орындайды. Ал концерт залдары мен музыка лекторилерінде және радио арқылы, қазақ халқы сүйсініп тыңдайтын Глинка мен Чайковскийдің музыкасымен қатар, Берлиоздың, Бетховеннің, Шопеннің және Паганинидің шығармаларын тыңдаймыз.





Осылайша, біздің республикамызда жалпы жұртқа мәлім дүние жүзілік мәдениеттің таңдаулы шығармалары адамзатқа дауысшап жазушыларды, акындарды және музыканттарды берген халықтарға құрмет сезімін тугызады, біздің бұл халықтар туралы біліміміздің молаюына, достық және тату көршілік қатнас дәстүрлерінің өркендеуіне көмектеседі.

Халықаралық мәдени қарым-қатнастың аса маңыздылығын жақсы түсінетін совет адамдары барлық елдермен және халықтармен достық байланысты нығайтуға бар күшімен ұмтылады. Патша өкметі тұсында қорлықтың және теңправосыздықтың қасіретін шеккен қазақ халқы өзара құрметке және теңправолылыққа негізделген достықтың маңызы қандай екенін кімнен болса да жақсы түсінеді. Сондықтан Қазақстанның еңбекшілері өз республикасының шет елдермен мәдени байланысының кеңейіп, нығайуына қанағаттанғандықпен сүйсінеді.

Соңғы бірнеше жылдың өзінде Қазақстанда халықтық-демократиялық және капиталистік елдердің көптеген делегациялары болды. Республикамыздың халқы ұлы қытай халқының, Корея мен Вьетнамның қаһарман халықтарының өкілдерін, Индия мен Пакистанның өкілдерін, Бразилияның юристерін, «Италия — ССРО» қоғамының және Италияның жалпы еңбек конфедерациясының, Бельгияның ССРО-мен мәдени байланыс қоғамының делегацияларын, Исландияның мәдениет қайраткерлерін, Монғолияның жұмысшы делегациясын және Венгрияның мәдениет қайраткерлерін қуанышпен қарсы алды. Швециядан, Австриядан, Батыс Германиядан, Америка Құрама Штаттарынан, Англиядан, Австралиядан, Румыниядан, Болгариядан және басқа елдерден келген делегаттар біздің қадірлі меймандарымыз болды. Біздің республикамызға бірсыпыра елдердің көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері де келді. 1955 жылғы июньде Индия республикасының премьер-министрі Джавахарлал Неру Қазақстанның құрметті қонағы болды. Қазақстанда Англияның көрнекті қоғам қайраткерлері, «Халықтар арасындағы бейбітшілікті нығайтқаны үшін» халықаралық Сталиндік сыйлықтың лауреаттары Моника Фелтон, Деннис Ноэль Притт және Хьюлетт Джонсон, Бүкіл дүниежүзілік бейбітшілік Советінің мүшелері — швед жазушысы Артур Лундквист және түрік журнальсі Зехерия Сертель, Француз журнальсі Полетти және басқалары болды.

Шетелдік қонақтар өнеркәсіп орындарын, колхоздарды, совхоздарды, машина-трактор станцияларын, оқу орындарын, мәдени-ағарту және денсаулық мекемелерін аралап көрді. Жұмысшылармен, колхозшылармен және мәдениет қайраткерлерімен әңгімелескенде олар Советтік Қазақстанның табыстарымен таанысты. Делегация мүшелерінің баспасөз конференцияларында, баспасөз бетінде жасаған мәлімдемелері біздің гүлденген республикамыздың оларға қандай әсер еткенін айқын дәлелдесі. Мәселен, Бразилия юристері делегациясының басшысы Энрико Фиальо былай деді: «Қазақ халқының мұндай аз уақыттың ішінде қол жеткен орасан зор табыстары делегацияның мүшелерін таңдандырды. Қазақстан біздерге естен кетпестік әсер етті».

Қазақстанның бүкіл өткен жолы шынында да ертегідегідей көрінеді. «Мұнан 30 жыл бұрын Қазақстан сауатсыз көшпелі ел болса, кәзір ол — жоғары дәрежелі мәдениеті бар, алдыңғы қатарлы индустриялы республика, — деп жазды Италия делегациясының басшысы Марио Алигато. — Қазақстанның мәдениеті мен экономикасына көзқарасты тез өзгертіп, біздің орта мектепке, тіпті университеттерге арналған оқулықтарымызды қайта бастыру керек».

Делегацияның мүшелері елдеріне қайтқаннан кейін өздерінің ауызекі сөздерінде, мақалаларында және арнаулы кітапшаларында өздерінің Совет Одағында, оның ішінде Қазақстанда көргендерін айтып берді. «Италия — ССРО» қоғамы делегациясының мүшелері, Венгрияның, Австрияның мәдениет қайраткерлері, Индия, Болгария делегацияларының



мүшелері біздің республикамыз туралы көптеген мақалалар жариялады. Түрік журналисі Зекерия Сертель арнаулы кітап жазып, онда Қазақстанға едәуір орын берді. Қошут атындағы мемлекеттік сыйлықтың лауреаты венгер ақыны Габор Девечери өзінің Совет Одағында болуы туралы «Үш апта — жыл» деген өлеңдер жыйнағын шығарды. Бұл жыйнаққа қазақ халқының ұлдары мен қыздарына арналған бірсыпыра өлеңдер енгізілді.

Мақалалар мен кітаптардың авторлары совет адамдарының тұрмысы мен еңбегін шыншылдықпен суреттеп, дұшпандардың өтірігін және біздің елге жапқап жаласын әшкереледі, сөйтіп халықтардың өзара неғұрлым жақындасуына, олардың бір-бірі туралы білімінің кеңеюіне көмектесті. Мысалы, Индия делегациясының құрамында Қазақстанда болған доктор А. Укил «Кроссрудз» газетінде былай деп жазды: «1920 жылғы 26 августа құрылған Қазақ республикасы орасан зор табыстарға жеткен. Марксизм-ленинизм теориясын үйрену және ғылымның табыстарын еңгізу нәтижесінде, бұрынғы шөл далалар көзіргі каналдардың, су қоймаларының көмегімен құнарлы жайқалған егін даласына айналдырылуда; сауатсыз халық түгелінен сауатты елге, аграрлық республика индустриялық республикаға айналған. Ұлттық мәдениеттің көркеюі нәтижесінде университет және Ғылым Академиясы ашылған».

Республиканың мемлекеттік құрылыс саласындағы, экономикадағы және мәдениет майданындағы табыстарын шетелдерде басқа авторлар да баяндауда, олардың бірсыпырасы қазақ халқының мәдениетін өз елдерінде жұртшылыққа кеңінен түсіндіруде. Мәселен, Венгрияның Ғылым Академиясының мүшесі профессор Имре Тренчени-Вальдапфель өзінің бірсыпыра еңбектерін қазақ әдебиетінің мәселелеріне, оның ішінде Абай мен Жамбылдың творчествосына арнады. Ол Абай мен Жамбылдың көптеген шығармаларын тікелей қазақ тілінен венгер тіліне аударды, Жамбылдың ол аударған өлеңдерінің жыйнағы Венгрияда жақын арада басылып шығады. Венгрияның ғалымы Тренчени-Вальдапфель мен венгер ақыны Габор Девечери Қазақстанның ақындары Хамит Ерғалиевпен, Әбу Сәрсенбаевпен достық, іскерлік байланыс жасап, хат жазысып тұрады. Венгрияны фашистік езгіден азат етуге қатысқан бұл ақындардың өлеңдері де венгер тіліне аударылуда.

Қазақстанға келуші шетелдік делегациялардың мүшелеріне республикамыздың еңбекшілермен — жұмысшылармен, инженер-техник қызметкерлермен, қызметшілермен, колхозшылармен, ауыл шаруашылығының мамандарымен жүзбе-жүз көрісіп, әңгімелесуге кеңінен мүмкіндік беріледі. Біздің шетелдік достарымыз студенттермен, ғалымдармен, әдебиетшілермен, артистермен кездесіп, әңгімелеседі. Мәселен, кезінде Австрия делегациясы мүшелерінің және Корея жазушыларының С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің студенттерімен және оқытушыларымен кездесуі ұйымдастырылды. Достық жағдайда көңілді өткен осы кездесу кезінде Австрия ақыны Отто Гори өзінің Қазақстанда жазған, қазақ жастарына арнаған өлеңін оқыды. Бұл өлеңді тыңдаушылар қызу қостап қарсы алды, кейіннен ол «Қазақстандық көктем» деген атпен «Советский Казахстан» журналында жарияланды. Кореяның жазушылары өздерінің әңгімесінде Корея мәдениетінің өркендеу жолдарын айтты, студенттер мен оқытушылардың сұрақтарына жауап берді.

Кореяның әдебиетшілері, Индияның, Австралияның және Түркияның журналистері, Румыния мен Венгрияның мәдениет қайраткерлері Қазақстанның әдебиет, искусство қайраткерлерімен кездесіп әңгімелесті.

Англияның демократ юристері делегациясының басшысы, «Халықтар арасындағы бейбітшілікті нығайтқаны үшін» Сталиндік сыйлықтың лауреаты Д. Н. Притт астанамыздың ғалымдар жұртшылығы үшін «Англия империализмінің колониялық саясатының кейбір көзқарастары туралы» баяндама жасады.



Австрия делегациясының басшысы профессор Л. Шпенедердің және Венгрияның академигі Имре Тренчени-Вальдапфельдің профессорлар Ә. Марғұланмен және С. Аманжоловпен кездесуі, сол сыяқты Венгрияның скульпторы М. Шомодидің қазақ скульпторы Х. Наурызбаевпен кездесуі және творчестволықпен бірлесіп еңбек етуі өте қызықты өтті.

Мұндай жүзбе-жүз кездесудің пайдасы зор, өйткені ол тәжірибені және идеяларды ортаға салып, пікір алысуға, сол сыяқты Советтік Қазақстанның мәдениет қайраткерлері мен шетелдердің ғалымдары, жазушылары, суретшілері арасында творчестволық байланыс орнатуға көмектеседі.

Біздің республикамыздың халықаралық мәдени байланысының дамып нығаюы шетелдік делегациялардың Қазақстанға келуімен тынбайды. Қазақстанның көптеген қоғам қайраткерлері, ғалымдары, артистері, жұмысшылары және қызметшілері де әртүрлі делегациялардың құрамында дүние жүзінің ондаған елдерінде болды. Республикамыздың өкілдері белгілі бір елге барғанда Қазақстанның экономикадағы, ғылымдағы және мәдениеттегі табыстары туралы баяндамалар жасайды, ал өз елімізге қайтқаннан кейін өздерінің шетелдерде, ондағы фабрикалар мен заводтарда, оқу орындарында, ғылыми мекемелерде көргендерінің бәрін және олар қандай әсер алғанын айтып береді. Қазақ ССР Министрлер Советінің председателі Д. А. Қонаев өзінің Қытай Халық республикасына барғанда қандай әсер алғанын астанамыздың қалың жұртшылығына баяндады, жазушы М. Әуезов өзінің Индияға баруы туралы сан рет баяндамалар жасады.

Бірсыра елдердің жұртшылығы Қазақстанның искусствосымен танысты. 1954 жылы, соңғы жыйырма жылдың ішінде екінші рет, француз жұртшылығы қазақ музыкасын тыңдады. Батысты алғаш рет қазақ музыкасымен таныстырған Әміре Қашаубаевтың лайықты орынбасары, республиканың еңбек сіңірген артисі жас әнші Ермек Серкебаев қазақ әндерін орындады. Қазақтың әндері мен күйлері ССРО халық артисткасы Куляш Байсейтованың, республиканың халық артистері Байғали Досымжановтың, Жүсіпбек Елебековтың, Ғарифулла Құрманғалиевтің, ағалы-інілі Абдуллиндердің, республиканың еңбек сіңірген артисткасы Роза Бағланованың, Құрманғазы атындағы ұлт музыка аспаптары оркестрінің орындауында Румыния мен Венгрияда, Герман Демократиялық Республикасында, Польшада, Қытайда, Кореяда, Монголияда, Пакистанда және басқа елдерде жұртшылықтың алдына тартылды.

Қазақ жазушылары мен ақындарының шығармалары көптеген шетел тілдерінде басылып шықты. Шетелдік оқушылар қазақтың халық ақыны Жамбылдың өлеңдерін сүйсініп оқиды. Румынияның әдебиет оқушылары ақынды құрметтеп, Румынияның атақты скульпторы К. Бараский жасаған Жамбылдың скульптуралық бюсті біздің музейге сыйға тартты. М. Әуезовтың «Абай», Ғ. Мұстафиннің «Миллионер», Ғ. Мүсіреповтың «Қазақстан солдатты» романдары және қазақ әдебиетінің басқа шығармалары дүние жүзінің көптеген елдерінде сан рет басылып шықты.

Қазақ ғалымдары әртүрлі халықаралық ғылыми конгрестер мен конференцияларға қатысуда. Пакистанның медицина ассоциациясының сессиясына советтік медицина делегациясын профессор И. Қарақұлов, Польшаның педиатор-дәрігерлерінің съезіне совет делегациясын Қазақ ССР денсаулық сақтау министрінің орынбасары дәрігер А. Бисенова бастап барды. Шығыс елдерін зерттеуші ғалымдардың Лондондағы XXIII бүкіл дүниежүзілік конгресінің жұмысына академик Н. Сауранбаев қатысты.

Мәдени ынтымақтың екінші бір маңызды формасы — кітаптар алысу. Қазақстанның шетелдермен мәдени байланыс қоғамы 1954 жылдың өзінде әртүрлі елдерге II мың дана әртүрлі әдебиет жіберді. Халықтық демократия елдеріндегі көптеген ССРО-мен достық қоғамдары Қазақстанға



үнемі әдебиет, нотолар, граммофон пластинкаларын, фотоматериалдар жіберіп тұрады. Қазақ республикасының Ғылым Академиясы да 25 елдің ғылыми мекемелерімен, оның ішінде америка математиктерінің Колумбус қаласындағы қоғамымен, Огайо штатының университетімен, Буффаль университетімен (АҚШ), Лондонның математика қоғамымен, Британия музейімен және Англия математиктерінің ассоциациясымен, Швед Ғылым Академиясының кітапханасымен өзара кітап алысуды жолға қойды. Қазақстанның жоғары оқу орындары АҚШ-тың бірсыпра университеттерімен өзара ғылыми еңбектер алысып тұрады.

Қазақстанның шетелдермен ғылыми байланыс қоғамының бастауымен соңғы кезде Қазақстанның астанасында Польшаға, Болгарияға, Румынияға, Венгрия, Қытайға арналған көрмелер, сол сыяқты қытай және венгер искусствосына арналған көрмелер ашылды.

Республиканың еңбекшілерін шетелдік ғылымның және мәдениеттің табыстарымен таныстыру ісінде достық айлықтары және ұлы мәдениет қайраткерлерінің есімдерімен байланысты күндерді мерекелеу зор роль атқарады. Республикамыздың астанасының еңбекшілері белсенді қатысатын мұндай мерекелер мен айлықтарды Қазақстанның кәсіподақтар советімен бірге Қазақстанның шетелдермен мәдени байланыс қоғамы, Қазақ ССР Ғылым Академиясы, Мәдениет министрлігі, Бейбітшілікті қорғаудың республикалық комитеті және басқа қоғамдық ұйымдар өткізеді.

Соңғы біржарым жылдың өзінде республиканың жұртшылығы ұлы ағылшын драматургі Вильям Шекспирдің туғанына 390 жыл толуын, атақты чех композиторы Антонин Дворжактың қайтыс болғанына 50 жыл толуын, ерте замандағы грек драматургі Аристофанның туғанына 2400 жыл толуын және поляк композиторы Фредерик Шопеннің туғанына 145 жыл толуын салтанатпен құрметтеп өткізді.

Сол сыяқты шетелдік авторлардың шығармаларына арналған оқушылар конференциялары мен әдебиет кештерінің зор маңызы бар. Мәселен, Қазақстанның шетелдермен мәдени байланыс қоғамы, Қазақстанның совет жазушыларының одағы және «Қазахстанская правда» газетінің редакциясы Іле аудандық кітапханасында халықтық демократия елдері әдебиетінің кешін ұйымдастырды. Мұның өзі әдебиет оқушыларға көп пайда берді. А. С. Пушкин атындағы көпшілік кітапханасында Венгрия әдебиеті мен искусствосының кеші қызықты өтті. Бұл кеште оқушылар халықтық Венгрияның жазушылары мен ақындарының творчествосы туралы баяндаманы, венгер жазушылары Матэ Залка мен Тамаш Ацелдің шығармаларының үзінділерін, ақын Шандор Петефидің өлеңдерін, сол сыяқты Венгрияның сурет искусствосының өркендеуі және музыкасы туралы баяндамаларды ынтамен тындады.

Қазақстан туысқан халықтық демократия елдерінің жастары алдында өзінің оқу орындарының есігін меймандостықпен кең ашады; республиканың оқу орындарында (ауылшаруашылық, педагогика институттарында) Қытай Халық Республикасының және Монгол Халық Республикасының студенттері оқиды. Қазақ мал дәрігерлік-зоотехникалық институтын бітірген корей жастары кәзір өздерінің туған елінде жемісті еңбек етуде.

Үлкенді-кішілі елдер арасында бір-біріне сенім орнату үшін халықтар арасында жан-жақты мәдени байланыс жасаудың баға жетпес маңызы бар. Барлық совет адамдары сыяқты, Қазақстанның еңбекшілері ССРО үкіметінің халықаралық шиеленісті бәсеңдетуге бағытталған саясатын қызу қостап, қолдап отырады. Олар Қазақ республикасының шетелдердегі достарымызбен байланысының ұлғаюын қанағаттанғандықпен қарсы алады, өйткені мұндай байланыс адамзаттың ең қымбатты игілігіне — бейбітшілікке қызмет етеді.



# Вьетнам Демократиялық Республикасы жаңа өмір орнатуда

## Ш. ӨТЕГЕНОВ

2 сентябрьде вьетнам халқы және оның дүние жүзінің барлық елдеріндегі достары Вьетнам Демократиялық Республикасының құрылуының онжылдығын мерекелеп өткізді.

Вьетнам халқын ұлттық тәуелсіздікке, өзінің демократиялық мемлекетін орнатуға жеткізген жол ұзақ және ауыр жол болды. Шетелдік капиталистер мен жергілікті феодалдардың рақымсыз қанауында езілген, бостандық сүйгіш вьетнам халқы талай рет өзінің дұшпандарына қарсы күреске шықты. Әсіресе Ұлы Октябрь социалистік революциясынан және вьетнам халқының талай сыннан өткен көсемі Хо Ши Мин бастаған Индо-Қытай Коммунистік партиясының 1930 жылы құрылуынан кейін вьетнам еңбекшілерінің қарсылық қыймылы мықтап күшейді.

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде вьетнам халқының ұлттық-азаттық қозғалысы оған әрі өрледі. Коммунистік партия елдің барлық патриоттық күштерін, 1941 жылы құрылған Вьетнамның тәуелсіздік Лигасына (Вьет-Мин) біріктіріп, халықты француз колонизаторлары мен жапон басқыншыларына қарсы күреске бастап шықты. 1945 жылғы августтағы революцияның нәтижесінде, кезінде жапондар құрған қолжаулық үкмет құлатылды. Жапондар таққа отырғызған король Бао Дай орнынан түсіп, елде халықтық-демократиялық үкмет орнатылды — Хо Ши Мин бастаған Ұлттық азаттық комитеті құрылды. Халықтық уақытша үкмет 1945 жылғы 2 сентябрьде ерікті және тәуелсіз Вьетнам Демократиялық Республикасының құрылғанын жариялады.

Август революциясы вьетнам халқының шетелдік езушілерге қарсы, өзінің бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы, сексен жылға созылған революциялық күресінің, XIX ғасырдың жетпісінші жылдарында Индо-Қытайды француз колонизаторлары басып алғаннан бері тоқталмай келген күрестің, табиғи қортындысы болды.

Ерікті демократиялық сайлау негізінде құрылған Ұлттық жыйналыс 1946 жылғы 8 ноябрьде Вьетнам Демократиялық Республикасының Конституциясын бірауыздан қабылдады. Бұл конституция «елдегі өкмет билігі нәсіл, тап, дін, мүлік және жыныс айырмашылығына қарамастан бүкіл халықтікі» екенін жариялады. Ұлттық жыйналыс — жоғарғы өкмет органы, ал жер-жерде өкмет органдары жалпыға бірдей сайлау правосы негізінде жасырын дауыс беру жолымен сайланатын халықтық советтер болды. Вьетнам Демократиялық Республикасының Конституциясы халықтың қалың бұқарасына демократиялық праволар: еңбек ету, тегін оқып білім алу праволарын, сөз, баспасөз, жыйналыс бостандығын берді. Конституция әйелді еркекпен теңгерді, аз ұлттардың тең праволылығына кепілдік жасады. Вьетнамда бостандық пен бақыт күні туды.

Колонизаторлар өзінің демократиялық республикасын орнатқан вьетнам халқының тарихи жеңісін мойындағысы келмеді. 1945 жылғы 23 сентябрьде француз әскерлері Сайгонға басып кіріп, Индо-Қытай халықтарына қарсы соғыс бастады. Бірталай жеңілістерге ұшырағаннан кейін француз үкметі 1946 жылғы 6 мартта амалсыздан келісімге қол қойды. Бұл келісім бойынша ол Вьетнам Демократиялық Республика-



сын ерікті мемлекет деп танып, соғыс қыймылдарын тоқтатуға міндеттенді. Ал бірнеше ай өткеннен кейін, сол жылғы декабрьде, француз үкметі бұл келісімді опасыздықпен бұзып, шетелдік державалардың қолдауымен, Вьетнам Демократиялық Республикасына қарсы соғыс қыймылдарын бастады, бұл соғыс қыймылдары 1954 жылғы июльге дейін созылды.

Өзінің бостандығы мен тәуелсіздігі үшін күресуші халықтың жеңілмейтінін вьетнам еңбекшілері тағы да дәлелдеді. Индо-Қытай коммунистік партиясының шақыруы бойынша бүкіл вьетнам халқы өз отанының бостандығы мен тәуелсіздігін қорғауға шықты. 1951 жылғы февральда Индо-Қытай компартиясының орнына құрылған Вьетнамның Еңбекшілер партиясы төңірегіне топтасқан вьетнам халқының моральдық-саяси бірлігі, сайып келгенде, соғыс қыймылдарының тағдырын шешті. 1951 жылы бұл елдің екі бұқаралық саяси ұйымының — Вьет-Мин мен Льен-Вьеттің бірігуі негізінде Біртұтас Ұлттық майданның — Льен-Вьеттің құрылуы Вьетнам халқының бірлігінің артуының айқын белгісі болды. Кәзір Біртұтас Ұлттық майданның қатарында 12 миллион адам бар. Оның құрамына: Вьетнам еңбекшілерінің Жалпы еңбек конфедерациясы, Шаруалар одағы, Әйелдер және Жастар федерациялары, Вьетнамның Еңбекшілер партиясы, социалистік және демократиялық партиялар, әртүрлі ұйымдар және жеке адамдар кіреді. Біртұтас Ұлттық майданның негізі — жұмысшы табы мен шаруалар одағы, ал оның ұйымдастырушы және басшы күші — Вьетнамның Еңбекшілер партиясы.

Дүние жүзінің барлық бейбітшіл күштері қолдаған вьетнам халқының ұлттық-азаттық күресінің табыстары нәтижесінде 1954 жылғы июльде Женевада Индо-Қытайда бейбітшілікті қалпына келтіру туралы тарихи шешімдер қабылданды, сол сыяқты Вьетнамда, Лаоста және Камбоджада саяси тәртіп орнату туралы келісімдер жасалды. Бұл шешімдер Индо-Қытай халықтарының бостандық және тәуелсіздік алу праволарын тануға негізделді. Сонымен, вьетнам халқының демократия және тәуелсіздік жолындағы күресте берген сансыз көп құрбандықтары босқа кетпеді.

Женева кеңесінің шешімі бойынша Вьетнамда бұл елдің орта шенімен, 17-параллельдің біраз оңтүстік жағынан өтетін уақытша демаркациялық меже белгіленді. Екі жақтың әскерлерін өздерінің аймақтарына шегіндіру аяқталғаннан кейін Вьетнамның солтүстік бөлегі Вьетнам Демократиялық Республикасының қарамағында қалды. Вьетнамның бұл бөлегінде халықтың көпшілігі — 22 миллион адамнан 13 миллион адам — тұрады және Вьетнамның астанасы — Ханой қаласы да осында.

Женева кеңесінде жасалған келісім бойынша Индо-Қытайда бейбітшіліктің қалпына келтірілуі Вьетнам Демократиялық Республикасына өзінің экономикасы мен мәдениетін бейбітшілік жағдайда өркендетуге мүмкіндік туғызды. Соғыс жылдарының өзінде елді пункттерде және тіпті ну ормандар ішінде металлургия, химия, тоқыма, қағаз, фармацевт және басқа өнеркәсіп салаларының бірсыпра кәсіпорындары салынды.

Соғыс жылдарында өнеркәсіп пен сауда саласында мемлекеттік сектор құрылды. Бұл сектор елдің экономикасында маңызды роль атқаруда. Мұнымен бірге үкмет ұлттық экономиканы өркендетуге бағытталған жеке меншікті кәсіпті де қолдап отырады.

Вьетнам жұмысшылары заводтар мен фабрикаларды, темір жол транспорты мен кен өнеркәсібін қалпына келтіру және жаңадан салу ісінде нағыз еңбек ерлігін көрсетуде. Вьетнам теміржолшылары халықтың, сол сыяқты қытай жұмысшылары мен мамандарының белсенді көмегі арқасында Ханойдан Қытай Халық Республикасымен шекарадағы Фулан-Тунге дейінгі темір жолды үш айдың ішінде салып бітірді. Ұзындығы 170 километр бұл темір жол 1955 жылғы 8 февральда іске қосылды. Вьетнам Демократиялық Республикасының теңізге шығатын қақпасы



болып отырған Хайфонда қалпына келтіру жұмыстары кеңінен жүргізілуде.

Елдің ауыл шаруашылығы күшті қарқынмен дамытылуда. Бұрын Вьетнамда егістік жердің жартысына жуығы помещиктердің меншігінде болатын. Қауымдық жерлер барлық жердің 16 процентінен аспайтын, мұның өзі де іс жүзінде сол помещиктердің пайдалануында болатын. Оның үстіне жердің 10 процентке жуығы француз колонизаторларының қолында болды. Сонда шаруалардың сыбағасына егістік жердің небәрі 26 проценті тиетін. Шаруалардың көпшілігі амалсыздан помещиктің жерін жалға алып, оған күріш өнімінің 50 — 70 процентін төлейтін.

Вьетнамның Еңбекшілер партиясы мен үкметі аграрлық мәселені шешуге көп көңіл бөліп келді. Бірақ соғыс кезінде үкмет аграрлық реформа жасай алмай, оның орнына жерді жалға алу ақысын және қарыздың өсімін кемітуге бағыт ұстады. Бұл саясат дұрыс саясат болды, өйткені соғыстың ауыр жағдайында бүкіл халықты, елдің барлық патриоттық элементтерін топтастыру керек болды. Осылайша, аграрлық саясат ұлттық-азаттық күрестің негізгі міндетін орындауға — ұлттық тәуелсіздік, демократиялық бостандық және бейбітшілік орнатуға бағындырылды.

Кәзіргі уақытта Вьетнам Демократиялық Республикасында, 1953 жылғы декабрьде Ұлттық жыйналыстың үшінші сессиясы қабылдаған заң негізінде аграрлық реформа жасалуда. Қанаушы помещиктердің жерлері халық пайдасына алынуда. Халықтық өкметке адалдықпен қарайтын помещиктердің жері үшін мемлекеттік облигациялармен ақы төленеді. Помещиктерден алынған жер шаруаларға тегін беріледі. Кәзіргі уақытта аграрлық реформа елдің бірқатар провинцияларында жүргізілді.

Вьетнам халқының өмірінде аграрлық реформаның орасан зор маңызы бар. Бұл реформа феодалдық қанаушылықты, шаруалардың қайыршылығын және правосыздығын жояды, ауыл шаруашылығында және бүкіл экономикада өндіргіш күштердің өркендеуін тездетеді, халықтық-демократиялық құрылыстың негізі — жұмысшы табы мен шаруалар одағын нығайтады. Шаруалар пайдаланылмай тасталған жерлерді игеруге кірісеті, мұның нәтижесінде быйыл егіс көлемі 1954 жылғыдан 32 мың гектар ұлғайды.

Елде жер суару жүйелерін қалпына келтіру, жаңа суару жүйелерін жасау жұмыстары кеңінен жүргізілуде. Чу өзеніндегі плотина үш айдың ішінде қалпына келтірілді, ал колонизаторлар тұсында ол 12 жыл бойына салынған еді. 873 мың мау (мау — 0,36 гектар) жерді суара алатын жер суару жүйесі 1955 жылғы январьға дейін қалпына келтірілді.

Халықтық өкмет халықтың мәдени дәрежесін арттыруда едәуір табыстарға жетті. Бұрынғы Вьетнамда халық түгелінен сауатсыз болатын. 1945 жылы балалардың небәрі 2 проценті мектепте оқыды. Мектептер және мәдени-ағарту мекемелері орнына колонизаторлар көлтөген түрмелер салды. Егер 3 245 адамға бір бастауыш мектептен келсе, 1 000 адамға бір түрме болған еді.

Халықтық өкмет орнатылғаннан кейін үкмет алғашқы күндерден бастап мәдени құрылыс, әсіресе халық ағарту мәселелерімен шұғылданды. 1951 жылдың басында халық ағарту саласында реформа жасалды. Барлық мектептерде оқу ақысы жойылды. Халық ағартудың бірыңғай жүйесі — үш сатылы мектептерде тоғызжылдық оқу белгіленді. Оқу ана тілінде жүргізіледі.

Кәзіргі уақытта Вьетнам Демократиялық Республикасында бастауыш мектептер әрбір деревняда бар. Олардың жалпы саны 4 мыңнан асады. Кәзір мектеп жасындағы балалардың 90 проценті мектепте оқиды. Университет, педагогика институты, техникумдар бар. Ересек адамдар арасындағы сауатсыздықты жою жолында орасан зор жұмыс істелді.



10 миллионнан астам адам оқып, жазуды үйренді. Мұның өзі — республиканың мәдени құрылыс майданындағы орасан зор жеңісі.

Өзінің жасампаздық жұмысында Вьетнам Демократиялық Республикасы Совет Одағының, Қытай Халық Республикасының және демократиялық лагерьдегі басқа елдердің зор көмегіне сүйенеді. Президент Хо Ши Мин бастаған Вьетнам Демократиялық Республикасының үкмет делегациясы жақын арада ССРО мен Қытай Халық Республикасында болған кезде Совет Одағының Вьетнам Демократиялық Республикасына 400 миллион сом тегін көмек беру туралы келісілді. Бұл қаржы Вьетнам халқының тұрмыс дәрежесін арттыруға, оның экономикасын қалпына келтіруге пайдаланылады. Совет Одағы Вьетнам Демократиялық Республикасына, ССРО-ның жоғары және орта дәрежелі техникалық оқу орындарында өзінің мамандарын даярлауға, сол сыяқты Вьетнамның оқу орындарында мамандар даярлауды ұйымдастыруға көмектесіп келеді және келешекте де көмектеседі. Сол сыяқты Совет Одағы Вьетнам Демократиялық Республикасының кеңдерін барлауға, жұқпалы ауруларға қарсы күресте емдеу-профилактикалық шараларды жүргізуге көмектеседі. Екі ел арасында өзара сауданы кеңейтуге бағытталған сауда келісімі жасалды.

Халықтық Қытай вьетнам халқына зор көмек көрсетуде. Қытай үкметі Вьетнам Демократиялық Республикасына 800 миллион юань тегін жәрдем берді. Бұл қаржы темір жолдарды, өзен пристаньдарын, тас жолдарды, көпірлерді, фабрикаларды, заводтарды қалпына келтіруге, жаңадан салуға жұмсалады. Сол сыяқты екі ел арасында кең техникалық ынтымақ жасалады.

Жасампаз еңбекпен шұғылданып жатқан Вьетнам Демократиялық Республикасы бейбітшілік саясатын, басқа елдермен өзара сенім және ынтымақ саясатын дәйектілікпен жүргізуде. Бұл бейбітшілік саясаттың нәтижесінде Вьетнам Демократиялық Республикасы кәзір көптеген елдермен дипломатиялық қатнас жасап отыр. Вьетнам Демократиялық Республикасы мен Қытай, Индия, Бирма, Индонезия, Совет Одағы және Азия мен Еуропаның басқа көптеген елдері арасында өзара сенімге негізделген қатнасы орнатылды.

Вьетнам Демократиялық Республикасы Женева кеңесінің шешімдерін адалдықпен орындап, елдің бірлігін бүкіл Вьетнам территориясында жалпыға бірдей сайлау өткізу жолымен жүзеге асыруға күш салуда. Елді неғұрлым тез біріктіруді көздеп, Вьетнам Демократиялық Республикасының үкметі 1955 жылы 5 февральда елдің солтүстік және оңтүстік аймақтары арасында қалыпты қатнас орнатуға өзінің әзірлігін мәлімдеді. Бұл мәлімдемеде халықтық үкметтің солтүстік және оңтүстік аймақтар халқына өзара кедергісіз хат хабар алысуға, сауда жүргізуге, мәдениет, ғылым, техника, спорт және басқа салада жан-жақты алыс-беріс жасауға толық мүмкіндік беруге әзірлігі білдірілді.

Мұндай шараларды жүзеге асыру, сөз жоқ, елдің екі бөлегінің халқы арасында өзара ұғынысудың күшеюіне игілікті әсер етіп, Вьетнамда саяси тыныштық орнатуға қажетті негіз жасар еді.

Жалпыға бірдей сайлау өткізу туралы мәселе бойынша 1955 жылғы 20 июльден кешіктірмей кеңесуді көздейтін Женева келісімдеріне сәйкес Вьетнам Демократиялық Республикасының үкметі 1955 жылғы 6 июньде Оңтүстік Вьетнамның үкмет орындарына нота жолдады, бұл нотада, Вьетнамда жалпыға бірдей сайлау әзірлеу және өткізу мақсатымен ондай кеңес бастауға өзінің әзірлігін білдірді. Бірақ Нго Динь Дьем бастаған Оңтүстік Вьетнам үкметі бұл нотаға жауап қайтармады. 19 июльде Вьетнам Демократиялық Республикасының үкметі жаңа нота жолдады. Бұған жауап ретінде 20 июльде Сайгонда Вьетнамдағы халықаралық байқау және бақылау комиссиясының үйіне арандатушылық шабуыл жасалды.



Франция, Англия және АҚШ үкметтерінің 26 июльдегі ноталарында Вьетнам Демократиялық Республикасы үкметінің ноталарына жауап қайтарып, кеңес бастауға шақырғанына жауап ретінде Оңтүстік Вьетнамның сыртқы істер министрлігі мазмұндама жариялады, онда Оңтүстік Вьетнам үкметінің бұлдіру әрекетін Францияның, Англияның және АҚШ-тың мақұлдайтынын байқатты.

Нго Динь Дьемнің Женева келісімдеріне қарсы әрекеті мұнымен тынбайды. Оңтүстік Вьетнамда өкмет орындары келіссөзді жақтаушыларға қарсы террорды, Вьетнам Демократиялық Республикасына және халықаралық комиссияға қарсы насихатты күшейтті.

Бұл оқиғалар Оңтүстік Вьетнамда Женева кеңесінің Индо-Қытай туралы келісімдерін аяқсыз қалдыруға тырысатын күштердің жанданып бара жатқанын көрсетеді. Келесі жылғы июльде Вьетнамда өткізілуі тиісті жалпы сайлау кезінде халықтың басым көпшілігінің Хо Ши Минді жақтап дауыс беруінен қауіптенетін, батыс державалардың кейбір топтары Нго Динь Дьемнің бұл арандатушылық әрекетін қолдайтындығы күмәнсіз.

Ал сайлаудың осындай нәтижемен аяқталу мүмкіндігін көптеген буржуазиялық газеттер айтып отыр. Мәселен, Францияның «Трибюн де Насьон» газеті сайлауда Вьетнам Демократиялық Республикасының сөзсіз жеңетіндігі әрбір шолушыға айқын екенін жазды. Оңтүстік Вьетнамның саясатшылары және олардың шетелдік қамқоршылары сайлаудың мұндай нәтижемен аяқталуына көңісі келмейді, олар Вьетнамның бірігуіне және онда жалпы сайлаудың өткізілуіне жол бергісі келмейді. Сол сыяқты Оңтүстік Вьетнамды, Лаосты және Камбоджаны Оңтүстік Шығыс Азия елдерінің агрессиялық блогіне (СЕАТО) қосу әрекеттері де тоқталмай келеді.

Вьетнамның ұлттық бірлігінің жауларының бұл дұшпандығына вьетнам халқы және халықаралық жұртшылық наразылық білдіруде. Бейбітшіл күштер вьетнам халқының Индо-Қытай жөніндегі келісімдерді бұлжытпай орындауға ұмтылған тілегін қостайды. Мұның өзі ССРО Министрлер Советінің председателі Н. А. Булганин мен Индияның премьер министрі Нерудің бірлескен мәлімдемесінде, Вьетнам Демократиялық Республикасы мен Қытай Халық Республикасы үкметтерінің мазмұндамасында, сол сыяқты Совет үкметі мен Вьетнам Демократиялық Республикасы үкметінің 1955 жылғы 18 июльдегі мазмұндамасында атап көрсетілді. Бұл соңғы мазмұндамада Совет Одағы мен Вьетнам Демократиялық Республикасы үкметтерінің: «Женева келісімдеріне қол қойған мемлекеттер, сол сыяқты бұл келісімдерді жүзеге асыруға қатысы бар барлық мемлекеттер бұл келісімдерді жүзеге асыру үшін қажетті шаралар қолдануға тиіс» деп есептейтіні көрсетілді.

Вьетнам Демократиялық Республикасы үкметін алатын болсақ, жақын арада президент Хо Ши Мин Франс Пресс агенттігі тілшісінің сұрақтарына қайтарған жауабында, елді біріктіру және Женева келісімдерінде белгіленген шараларды бұлжытпай жүзеге асыру ісінде Вьетнам Демократиялық Республикасының бұлжымайтын позициясын тағы да мәлімдеді.

Вьетнам халқының бірігіп, өз тағдырын өзі шешуінің қасиетті правосын құрметтеуді талап ететін дүние жүзінің барлық бейбітшіл демократиялық күштері Вьетнам Демократиялық Республикасы үкметінің бұл позициясын тілектестікпен қолдайды.



# Партия тұрмысы

## Еңбекшілер арасындағы бұқаралық-саяси жұмыс

Ж. ЖАНДОСОВ,

*Қазақстан КП Орталық Комитетінің насихат және үгіт бөлімі меңгерушісінің орынбасары*

Қазақстан КП Орталық Комитетінің жақында болып өткен V Пленумы СОКП Орталық Комитеті июль Пленумының шешімдерінен туатын аса маңызды мәселелерді талқылады. Пленум жан-жақты шешімдер қабылдады, оларда республика партия ұйымдарының және барлық еңбекшілерінің іс программасы белгіленді.

Социалистік өнеркәсіпті, техникалық прогресті оған әрі дамыта беру, өндірісті ұйымдастыруды жақсарту беру, сол сыяқты астық өндірісін және мал шаруашылығының негізгі өнімдерін шұғыл арттыру жөніндегі партия мен үкмет белгілеп берген міндеттер республиканың партия ұйымдарынан және бүкіл еңбекшілерінен барлық күш пен ішкі резервтерді жұмылдыруды, сөйтіп Қазақстанның таусылмас кен байлықтарын Отанымыздың игілігіне пайдалануды талап етеді. Бұл жағдайда еңбекшілердің арасындағы бұқаралық-саяси жұмыс кәзіргі кезеңінің талаптарына сай дәрежеге көтерілуі керек. Партия бұл жұмысқа әр уақытта зор маңыз беріп келеді.

Еңбекшілер бұқарасының коммунизм құрылысына саналылықпен, ынтымақтастықпен қатнасуы біздің партияның аса зор жеңісі болды, сондықтан да Владимир Ильич Ленин Совет мемлекетінің жеңдірмес күші бұқараның саналылығында деп көрсеткен болатын. Бұқараның арасындағы саяси жұмыс, совет адамдарын мемлекетіміздің экономика, мәдениет жөнінен және саяси даму үшін ерекше маңызы бар міндеттерді орындауға жұмылдыратын болғандықтан да, аса маңызды іс болып есептеледі.

Республикамызда еңбекшілер арасындағы саяси жұмысты өрістетуге жөнінде белгілі пайдалы тәжірибе жыйналды. Партия ұйымдарының үгіт-көпшілік жұмысына баспасөзді, радионы, киноны, ауызша және көрнекі үгітті шеберлікпен пайдаланатынын, жаңа резервтердің ашылуын және пайдаланылуын, еңбек өнімділігінің артуын, мемлекеттік тапсырмаларын орындалуын және асыра орындалуын қамтамасыз ете білетінін көрсететін мысалдар аз емес.

Қарағанды-Сортировочная темір жол станциясының партия ұйымы зор саяси жұмыс жүргізіп келеді. Мұнда үгітшілерді өз ісін білетін, өндіріс озаттары қатарынан ұқыпты іріктеп алады. Өндіріске озат тәжірибені енгізу және озат тәжірибені насихаттау, тарату партия ұйымының жұмысында ерекше орын алады. Жаңашыл жұмысшыларға күнделікті көмек көрсетіліп, олардың қиыншылықтарды жеңуіне, рационалдық ұсыныстарының өндіріске енгізілуіне көмек көрсетіліп отырады. Үгітшілер өздерінің әңгімелерінде еңбек тәртібін бұзушыларды сынап, кемшіліктерді ашып, жұмысшы жыйналыстарын даярлауға және өткізуге белсене қатнасып отырады.

Еңбекшілердің жыйналыстары саяси жұмыстың аса өтімді формаларының бірі, халық бұқарасын елді басқаруға қатнастырудың аса маңызды құралы, сын мен өзара сынның трибунасы болып есептеледі. Республикамыздың озат өнеркәсіп орындарының бірі — Ақтөбе ферросплав заводында жұмысшы жыйналыстары цехтарда ұйымдастырылады. Бұл ұл-



гі аларлық іс. Мұндай жыйналыстар жоспарлы түрде үнемі өткізіліп тұрылады. Жыйналыстарда баяндаманы завод директоры, бас инженер, партия бюросының мүшелері және партия ұйымының секретары, сол сыяқты негізгі және көмекші цехтардың, сменалардың, бөлімдердің бастықтары жасайды. Жұмысшы жыйналыстарының алдында үлкен дайындық жұмыстары жүргізіледі, оларға кәсіподақ активтері мен өндіріс озаттары қатнасады. Сол сыяқты өндіріс мәжілістері де үлкен роль атқарады, олар барлық цехтарда өткізіледі. Соңғы уақыттарда жұмысшылардың, инженер-техник қызметкерлердің және қызметшілердің ұсыныстары негізінде заводтын партия-шаруашылық активтерінің жыйналысында жүзден астам ұйымдастыру-техникалық шаралар даярланды және талқыланды.

Барлық цехтарда да жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлердің социалистік жарыс қортындысын шығаруға арналған жыйналыстары ай сайын өткізіледі. Айлық өндірістік тапсырмаларын және өздерінің социалистік міндеттемелерін асыра орындаған озат цехтарға, бригадаларға ауыспалы қызыл тулар, сыйлықтар беріледі. Бұл жаңа резервтерді табуға, өндірісті ұйымдастыруды оған әрі жақсарту беруге, технологиялық процестерді жетілдіре беруге жағдай жасайды.

Семей облысы Новопокров ауданының колхозшыларының жыйналыстары қызылдықты өткізіледі. Ленин атындағы колхозда 70 колхозшы міндетті еңбек күн минимумын орындамады, ал кейбіреулері колхоз өндірісіне тіптен қатнаспады. Еңбек тәртібінің жағдайы туралы мәселені партия ұйымы колхозшылардың кең талқысына салуды ұйғарды. Бұл туралы жалпы жыйналысты даярлауға үгітшілер, коммунистер, комсомолецтер және ауыл шаруашылық артелінің озат адамдары тартылды. Жан-жақты жасалған баяндамада жалқау колхозшылардың аталуы қызу жарыссөз туғызды. Еңбек күн минимумын таппаған колхозшылар қатаң сыналды. Мұның үстіне колхоз басқармасына және бригадирлерге еңбек тәртібін нығайту жөнінде уақытында тиісті шаралар қолданбағаны үшін елеулі сындар айтылды. Партия ұйымы бұл жыйналысты даярлағандағы алдына қойған мақсатына жетті. Жыйналыстың ертеңіне-ақ істің беталысы өзгере бастады. Кәзір барлық еңбекке жарамды колхозшылар тегіс қоғамдық шаруашылықта белсене еңбек етуде.

Қолхоздардың, МТС-тер мен совхоздардың партия ұйымдары тың және тынайған жерлерді игеру жолындағы күресте саяси-көпшілік жұмысында белгілі пайдалы тәжірибе алды. Қостанай облысы «Краснопресненск», Ақмола облысы «Изобильный», Қөкшетау облысы «Сталинград» совхоздарының партия ұйымдары коммунистерді өндірістің шешуші участоктеріне дұрыс орналастырды, жұмысшылардың арасында социалистік жарысты жақсы ұйымдастырды. Мұнда қабылданған міндеттемелердің орындалу қортындылары үнемі шығарылып, социалистік жарыста озып шыққандарға ауыспалы қызыл тулар мен вымпелдер уақытында тапсырылып отырылады. «Сталинград» совхозының партия ұйымы митингілер өткізу, «жауынгерлік листоктар» және қабырға газеттер шығару сыяқты саяси жұмыстың формаларын шебер пайдаланады. Тың жерде жүргізілген алғашқы бороздаға, құрылыста қаланған бірінші кірпішке, бірінші квартираға озат тракторшының семьясының кіруіне байланысты митингілер өткізілді. Бұл оқиғалардың барлығы бүкіл коллектив үшін шын мәнінде мереке болды.

Бірақта жалпы алғанда республика еңбекшілерінің, әсіресе село халқының арасында саяси-көпшілік жұмысының өрістеуі және дәрежесі партиямыздың бұл жұмысқа қойып отырған жоғары талаптарына әлі де жауап бере алмайды.

СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумында Солтүстік Қазақстан облысы, Октябрь аудандық партия комитеті Докучаев атындағы совхоздың жаңа қонысшылары арасындағы саяси жұмыстың қанағаттанғысыз екендігі үшін сыналған болатын. Бірақ аудандық партия комите-



тінің қызметкерлері бұл сыннан қоғамды шығармады. Аудан халқының арасындағы саяси жұмыс бұрынғысынша бетімен жіберілген қалпында. Басшы қызметкерлер халық арасындағы саяси жұмысқа қатнаспайды. Олардың бірде-біреуі СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумының шешімдеріне байланысты аудан шаруашылығын дамытудың міндеттері мен болашақтары туралы баяндамалар жасаған жоқ. Күнделікті саяси жұмыстың жоқтығы және жұмысшылардың тұрмыс керектеріне, мұқтаждарына бюрократтық көзбен қараудың салдарынан Докучаев атындағы совхозда жұмысшы күшінің тұрақтамаушылығы әлі күнге дейін күшті.

Республикамызда мал шаруашылығы ауыл шаруашылығының артта қалған салаларының бірі екені белгілі. Сондықтан шаруашылықтың бұл саласының тез өркендеуін қамтамасыз ету үшін мал өсірушілер арасындағы саяси жұмысты күшейту керек. Бірақ бізде әлі бұл істе де елеулі кемшіліктер бар.

Оңтүстік Қазақстан облысы, Пахта-Арал ауданының көптеген колхоздары малды Торғай және Қызылқұм отар учасоктеріне жаяды. Мұнда өздерінің семьяларымен жүздеген мал өсірушілер тұрады. Екі учасокта да қызыл отау бар, бірақ олар жұмысты нашар істейді. Айлар бойына газет-журналдар әкелінбейді, радиостанция тыңғылықты жұмыс істемейді, колхоз басқармалары мен сауда ұйымдары малшылардың керектерін қанағаттандыру жөнінде қамқорлық жасамайды. Малшылар өте қажетті көпшілік қолды заттармен қамтамасыз етілмейді, тұрғын үй жағдайлары нашар, оларға дәрігерлік және мәдени қызмет көрсету жолға қойылмаған.

Идеологиялық жұмыстың ең елеулі кемшіліктерінің бірі адамдардың санасындағы ескінің түрлі сарқыншақтарына қарсы, зиянды дәстүрлері мен әдеттеріне қарсы күрестің нашар жүргізілетіндігі болып есептеледі. Ал ескінің сарқыншақтарына қарсы күрестің нашарлауы ол сарқыншақтардың жандануына және әсіресе жастардың арасына тарауына соқтыратыны белгілі. Бұл жөнінде үгіттің әсерлі, пәрменді сипаты болуы керек.

Еңбекшілер арасындағы көпшілік-саяси жұмыстың көбінесе науқаншылдық сипаты болады, ол тек ірі саяси шараларды әзірлеу және өткізу кезінде ғана жанданады, осы кезде ғана үгітшілердің, үгіт коллективтері жетекшілерінің мәжілістері мен семинарлары шақырылады, үгіт пунктерінің қызметі жанданады. Ал науқан аяқталғаннан кейін үгіт-көпшілік жұмыстары баяулай бастайды. Бірсыра жерлерде істің бұл сыяқты жарамсыз жағдайына тезудің салдарынан көпшілік-саяси жұмысында өрлеу мен баяулаудың бұлай алмасып отыруы едәуір кең таралған системаға айналған. Бұл сыяқты кемшілікті батыл жою керек.

Саяси жұмыстың дәрежесі және өрістеуі ең алдымен үгітшілер мен насихатшылардың құрамына байланысты. Қазір республикамызда 200 мыңдай үгітші бар. Бұл зор күш. Бірақ көптеген үгітшілер саяси көпшілік жұмысын оқта-текте жүргізеді. Саяси үгіттің жоғары идеялы, батыл, әсерлі болуы үшін үгітшілерді іріктеп алу, орналастыру және тәрбиелеу жұмыстарын негізінен жақсарту керек.

Үгітшілерді таңдап алуға көп реттерде қалай болса солай үстірт қаралады, оларды іскерлік сапасына, жалпы білім және идеялық-саяси дәрежесіне қарамай, формальді белгілері бойынша үгітшілердің қатарына тіркей салады. Міне сондықтан да үгітшілердің құрамында тек шала сауатты адамдар ғана емес, сонымен бірге тіпті еңбек тәртібін бұзушылар да кездеседі. Мысалы, Жамбыл облысы, Шу ауданының Абай атындағы колхозының (партия ұйымының секретары Әлімқұлов жолдас) үгіт коллективінде үгітшілердің көпшілігінің тек бастауыш қана білімі бар, ал бұл колхоздағы жоғары білімі бар оннан астам мамандардың бірде-біреуі саяси үгіт жұмысын жүргізбейді.

Бастауыш партия ұйымы секретарьларының саяси және жалпы білім дәрежесі де партия-көпшілік жұмысының жағдайына елеулі әсерін тигі-



зеді. Партия ұйымының секретарының дәрежесі қаншалықты жоғары болса, ол еңбекшілер арасындағы көпшілік-саяси жұмысты соншалықты жақсы және істі білгендікпен ұйымдастырады. Осылай бола тұрса да қалалық және аудандық партия комитеттері бұл маңызды мәселеге аз көңіл бөледі. Өнеркәсіп орындарының, колхоздардың, МТС-тер мен совхоздардың көптеген бастауыш партия ұйымы секретарьларының жалпы білім дәрежесі төмен, ал олардың жалпы дайындықтарын арттыру жөнінде қандайда болсын елеулі шаралар жүргізілмейді. Мынаны айтсақта жеткілікті, 2669 кәсіпорны партия ұйымының секретарьларынан 1916 адамның жетіжылдық және бастауыш білімі бар.

Әсіресе колхоз партия ұйымы секретарьларының білім дәрежесі төмен. Мысалы, Гурьев, Алматы, Ақмола, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Қарағанды, Семей және Солтүстік Қазақстан облыстарында колхоз партия ұйымының жоғары білімі бар бірде-бір секретары жоқ.

Көзір жұмысшылардың, колхозшылардың арасында орта және ортадан төмен білімі бар адамдар көп. Фабрикалар мен заводтарда, МТС-тарда, совхоздарда жоғары білімі бар мамандар да мол. Бұл жағдайда партия ұйымының ой өрісі тайыз, жалпы білім дәрежесі төмен секретары бүгінгі күннің талаптарына жауап бере алмайды, коммунистердің және партияда жоқ бұқарапын басшысының көп салалы міндеттерін атқара алмайды.

Саяси үгіт жұмысына үстірт басшылық ету оны бүтіндей қатардағы үгітшілерге артып қоюға алып келіп соғады, олар үгіт жұмысын төмен дәрежеде жүргізеді. Ал партия және совет ұйымдарының тәжірибелі басшы қызметкерлері, өнеркәсіп орындарының басшылары, колхоздардың, МТС-тердің, совхоздардың басшылары, ауыл шаруашылығының мамандары, инженер-техник қызметкерлер, көптеген мұғалімдер, дәрігерлер халық арасындағы саяси жұмысты жүргізуге нашар қатнасады. Мысалы, Қазақстан КП Орталық Комитетінің соңғы Пленумы көрсеткендей, Қарағандыда көптеген шахталардың, разрездердің бастықтары, құрылыс ұйымдарының басшылары бұқарамен аз байланыс жасайды, жұмысшылармен сирек әңгімелеседі, олардың тұрмыс жағдайымен нашар танысады, олардың алдында саяси баяндамаларды сирек жасайды. Мұндай жағдайға төзуге болмайды.

Басшылардың бұқарамен қатнас жасап отыруының және олардың еңбекшілердің жыйналысында сөйлеуінің баға жетпес маңызын көрсете келіп, В. И. Ленин: «Саясатта жеке ісінмен әсер ету және жыйналыстарда сөз сөйлеу өте бағалы, мұнсыз саяси қызмет болмайды» деп көрсетті. В. И. Лениннің өзі теңдесі жоқ үгітші және насихатшы болды. Ол жұмысшылармен және шаруалармен жиі-жиі ұзақ әңгімелесті, еңбекшілердің жыйналыстарында, митингілерде сөз сөйледі. В. И. Лениннің сөзін тыңдаған жұмысшылар мен шаруалар оның алда тұрған міндеттер туралы қандай тартымды, әрі жігерлі сөйлей алатындығын, оның қандай қыйыншылықты болса да жеңуге жігерлендіре алатындығын еске түсіреді.

Біздің партия В. И. Лениннің нұсқауларын басшылыққа ала отырып басшы қызметкерлердің саяси жұмысқа қатнасуына зор маңыз беріп келді және маңыз беріп отыр. Бұл заңды да, тиісті даярлығы, жұмыс тәжірибесі бар, жағдайды білетін басшылар жұмысшылар мен колхозшыларға біздің партияның саясатын шебер және қонымды етіп түсіндіріп, оларды творчестволық инициатива көрсетуге жігерлендіре алады.

Республикамызда ондаған мың ой еңбегінің қызметкерлері бар. Көптеген инженер-техник қызметкерлердің, агрономдардың, зоотехниктердің, мұғалімдердің, дәрігерлердің және басқа мамандардың қоғамдық жұмысқа нашар қатнасындығын интеллигенцияның арасындағы саяси жұмысты бағаламаушылықпен ғана түсіндіруге болады.



Быйылғы жылдың басында Қөкшетау облысы Арықбалық ауданының интеллигенттері облыстың барлық мұғалімдерін, дәрігерлерін, ауыл шаруашылығының мамандарын еңбекшілер арасында саяси және мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізуге белсене қатнасуға шақырып, хат жазды. Бұл шақыру Қөкшетау облысының интеллигенттерінің аудандық жыйналыстарында барлық жерде талқыланды және ол қызу қуатталды. Арықбалық ауданының көптеген педагогикалық коллективтері бұл шақыруға жауап ретінде колхозшылар мен жұмысшылар арасындағы саяси және мәдени-көпшілік жұмыстарды күшейтті. Арықбалықтықтардың бастамасы — республикамыздың қалаларына, аудандарына, облыстарына кең тартуға тұрарлық бастама.

Әдетте мұғалімдер селодағы ең сауатты адамдар болып есептеледі. Өзінің педагогикалық қызметінен басқа халық арасында саяси жұмыс жүргізетін мұғалімдер ғана еңбекшілер арасында орынды беделге ие бола алады. Міндет инженер-техник қызметкерлердің, ауыл шаруашылығы мамандарының, мұғалімдердің, дәрігерлердің белсенділігін күшейтіп, оларды қоғам қайраткерлері, бұқараның ұйымдастырушылары етуде болып отыр.

Қазір селолық жерде көпшілік-саяси жұмысын ауыл шаруашылығының ерекшелігін, оның мұқтаждары мен міндеттерін білмейінше, «жалпы» жүргізуге болмайды. Селода үгітші және насихатшы болып ауыл шаруашылық өндірісі мәселесін жақсы білетін адам ғана істей алады. Осындай жағдайда ғана оның сөзі колхозшылар мен совхоз қызметкерлерінің арасында беделді болады. Міне осындай үгітші ғана колхозды село еңбекшілеріне өндіріс резервтерін ашуда және пайдалануда әсерлі көмек бере алады. Бұқаралық-саяси жұмысқа адамдарды тандап алуда бұл талаптарды үнемі есте ұстау керек.

СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумында Н. С. Хрущев жолдас саяси үгіт жұмысындағы елеулі екі түрлі кемшілікті көрсетті. Мәселен, үгітшілердің бір бөлігі тек жетістіктер туралы ғана айтуға үйреніп алған, олар қиыншылықтар мен кемшіліктерді көрсетуден қашады. Ал үгітшілердің екінші бөлігі халыққа берілген жеңілдіктер туралы ынтамен кеңеседі, сөйтіп еңбек тәртібін нығайту және жұмыстардағы олқылықтарды жою жөнінде үндемей қалуды қолайлы көреді. Мұндай тәсілдердің большевиктік үгіт пен насихаттың дәстүріне жат екені әбден түсінікті, өйткені біздің партия барлық уақытта да халықты қиыншылықтан қорықпауға, оны батыл жеңуге үйретіп келеді.

Саяси жұмыстың белгілі бағытта, пәрменді жүргізілуі үшін оны нақтылы ерекшеліктерді есепке ала отырып құру керек. Саяси жұмысты әсіресе іс нашар жүріп жатқан жерде күшейту керек, еңбекшілерге кемшіліктердің себебін түсіндіру қажет, бұл кемшіліктерге нақты жауапты адамдарды сынап, коллективті бұл кемшіліктерді жоюға жұмылдыру керек.

Халықтың барлық топтары арасында жүргізілетін саяси жұмыс еліміздің алдында тұрған шаруашылық және саяси міндеттерді түсіндіруге бағытталуы керек. Еліміздің бүкіл еңбекшілерінің жігерлі күресі ғана партия белгілеп берген міндеттердің жүзеге асуына мүмкіндік беретінін атап көрсете отырып, әрбір совет азаматына біздің еліміздің экономикасын өркендету күресіндегі оның орнын және ролін түсіндіру керек. Қазір бұқаралық-саяси жұмысты республиканың өнеркәсібін күшті қарқынмен өркендету, егін жыйнауды тезірек аяқтау, ауылшаруашылық өнімдерін дайындауды мерзімінде өткізу мал азығын даярлау жоспарын орындау, мал шаруашылығы өнімдерін арттыру жолындағы күресті өрістетуге бағыттау керек.

Саяси жұмыста баспасөзді, радионы, киноны, мәдени-ағарту мекемелерін, ауызша және көрнекі үгітті кең түрде қолдану керек. Бүкіл бұқаралық-саяси жұмыс тікелей істің табысты болуы шешілетін жерде:



заводтарда, цехтарда, мал шаруашылығы фермалары мен егін қостарында жүргізілуге тиісті. Саяси жұмысты барлық басшы қызметкерлер мен село интеллигенциясы жүргізуге міндетті.

Міндет саяси жұмыстың түрлі формаларын пайдалана отырып, әрбір адамға жақындаса білуде, адамдарда жұмысты жақсы істеуге деген ынта тугызуда, олардың творчестволық инициативасы мен белсенділігін дамытуда болып отыр. Әрбір еңбекшіге көңіл бөліп оған қамқорлық жасау, оның бастамасын мезгілінде қолдау, оның өзіне тапсырылған істі табыспен орындап шығатынына сенімін арттыру керек. Бұл жөнінде біз әр уақытта ұлы Лениннің, егер бұқара барлығын біліп, барлығына саналылықпен баратын болса, онда ол қандай кедергіні болса да жеңе алады деген нұсқауып басшылыққа алуымыз керек.

СОКП-ның XX съезін лайықты табыстармен қарсы алу жолындағы социалистік жарыс бүкіл республикамызда кең өріс алуда. Бұл жарыс өндіріске озат техниканы және прогрессивтік технологияны кең еңгізуге, еңбек өнімділігін үнемі арттыру негізінде өнімді мол шығаруға, оның сапасын жақсартуға және түсер құнын кемітуге бағытталған. Село еңбекшілері егінді тезірек жыйнап алу және ауылшаруашылық өнімдерін дайындау жоспарын мерзімінен бұрын орындау, мал шаруашылығын жемшөппен толық қамтамасыз ету, колхоздардың қоғамдық шаруашылығын нығайту жолында табандылықпен күресуде. Бұл міндеттердің орындалуының нәтижесінде совет халқының тұрмыс-күйі арта түседі.

Республикамыздың еңбекшілері СОКП XX съезін туысқан Коммунистік партияның төңірегіне тағы да берік топтаса түскендікпен қарсы алады. Қазақстанның еңбекшілері съезд қарсаңындағы социалистік жарыста алған міндеттемелерін орындап, біздің Отанымыздың экономикалық күш-қуатының онан әрі арта беруіне лайықты үлес қосады.



# Ұйымдастыру жұмысы — табыстың кепілі

А. АСҚАРОВ,

*Жамбыл облысы, Красногор аудандық партия  
комитетінің секретары*

Красногор ауданының колхоздарында шаруашылықты ойдағыдай өркендетуге керекті жағдайдың бәрі бар. Бұл колхоздарға қунарлы егістік, шабындық және жайлым жерлер мәңгі пайдалануға бекітіп берілді, өздерінің жұмысында олар машина-трактор станцияларының қуатты техникасына сүйенеді. Сондықтан ауыл шаруашылығын ойдағыдай өрге бастыру кәзір, көбінесе партия және совет органдарының жұмысына, колхоздарға, МТС-терге және совхоздарға басшылықты күшейтуге, советтік деревня мен ауылдың еңбекшілер бұқарасын ұйымдастыра білуге байланысты.

СОКП Орталық Комитетінің январь және июль Пленумдарының қаулыларын талқылай отырып, ауданның колхозшылары бүкіл егіс көлемінде жоспарлы мөлшерден жоғары өнім алуға, егінді қысқа мерзімде жыйнауға, астық дайындаудың мемлекеттік жоспарын мерзімінен бұрын орындауға, зябь жырту және күздік егу жұмыстарын жақсы агротехникалық мерзімдерде аяқтауға міндеттенді. Олар алған міндеттемелерін кәзір нақты істерімен тыянақтауда.

Партия ұйымдары Отар алқабындағы тың жерлерді игеруге жетекші болды. Быйылғы көктемде бұл алқапта 5 мың гектардан астам жаздық дақылдар егілді. Жаздың қуаң болуына қарамастан, колхоздар жаңа жерлерде гектарына 10 — 12 центнерден астық алды. Бұл алқапта беде жақсы өнім береді. Мәселен, Сталин атындағы колхоз сусыз жерге егілген 9 гектар беденің гектарынан 2,5 тоннадан өнім алды. Жерді пайдалануды дұрыстап жолға қойса, Отар алқабын астық пен жемшөпті мол өндіретін маңызды ауданға айналдыруға болады.

Ауданда егін жыйнау кезінде колхоздар мен МТС-тің орындаған жұмыстарының көлемі мықтап өсті. Дәнді дақылдардың егіс көлемі үш есе, оның ішінде жаздық бидайдың егіс көлемі 70 процент ұлғайды, кәзір астық дайындаудың жоспары орындалып келеді.

Аудандық партия комитеті мен бастауыш партия ұйымдары бұқара арасындағы ұйымдастыру жұмысын жүргізгенде, бұл жұмысты онан әрі жақсартпайынша, егінді мезгілінде ысырапсыз жыйнап, астық дайындау жоспарын мерзімінен бұрын орындауды қамтамасыз етуге болмайтынын әрдайым есте тұтады. Егін орағы басталудан көп бұрын ауыл шаруашылығы озаттарының кеңесі шақырылды, июльде озат комбайншылар мен тракторшылардың аудандық кеңесі өткізілді. Колхоздарда және жеке бригадаларда егін жыйнау жұмыстарының жоспарлары бекітілді. Партия жыйналыстарында және колхозшылардың жалпы жыйналыстарында егін жыйнауға әзірлікті байқаудың нәтижелері талқыланды.

Бұл шаралардың бәрі ойдағыдай нәтиже берді. Ауданда егін жыйнайтын машиналарды жөндеу 1 июльге толық аяқталды, 25 қырман, 18 астық қоймасы және бүкіл таразы шаруашылығы әзірленді.

Кәзір аудан жүгеріден басқа дәнді дақылдарды жыйнауды аяқтады. Жаздың қуаң болуына қарамастан, күздік бидайдың шығымдылығы орта есеппен гектарына 25 центнерге жетеді. Колхоздар мен совхозда 70 комбайн, 50 трактор, көптеген автомашиналар жұмыс істейді.



Алдыңғы қатарлы колхоздар астық өндіруде зор табыстарға жетті. Мысалы, «Ақтерек» колхозы (председателі Жұмабасев жолдас) екі мың гектардан астам егінді қысқа мерзімде жыйнап, мемлекетке мерзімінен бұрын 60 мың пұт астық тапсырды. Бұл колхозда астық өндірудің ұлғаюы арқасында, оның экономикасы тез арада мықтап өсті. Колхоздың ақшадай табысы 1953 жылы 1 миллион сом болса, өткен жылы 2,7 миллион сомға жетті, быйыл 4 миллион сомнан асып түседі.

СОКП Орталық Комитеті июль Пленумының шақыруына жауап бере отырып, ауданның комбайншылары жоғары еңбек өнімділігінің үлгілерін көрсетті. Мысалы, комбайншы, СОКП мүшесі Ермеков жолдас «Сталинец-6» машинасымен күніне 40 гектардан астам егін жыйнады. Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты, коммунист Алексеев жолдас «Сталинец-6» машинасымен 18 жұмыс күні ішінде 573,5 гектар егін жыйнап, 5207 центнер астық бастырды. Коммунист Қененбаев жолдас 20 жұмыс күні ішінде 402 гектар егін жыйнап, 3 633 центнер астық бастырды.

Астық тазартушылар жұмысты жақсы атқарды. «Шарбакты» колхозында 70 жастағы Жақыпов жолдас, Киров атындағы колхозда Тұрлықожаев жолдас, Ворошилов атындағы колхозда Жаппуев жолдас дайындау пункттеріне күніне 200 — 250 центнерден астық жөнелтіп тұрды.

Автомашиналардың шоферлері мемлекетке астық тапсыру жоспарын неғұрлым тез орындауға көп еңбек сіңіруде. Ворошилов атындағы колхоздың шофері, СОКП мүшесі Дегелбаев жолдас күніне дайындау пунктіне 250 — 300 центнер астық жеткізіп береді, шофер Хатуев жолдас 20 километр жердегі пунктке күніне 4 қатнау орнына, 10 — 12 рет қатнайды.

Егін жыйнау кезінде көпшілік-саяси жұмыстың қандай зор маңызы бар екенін біз өткен жылдардың тәжірибесінен айқын көріп отырмыз. Тоғыз егін бригадасында, жеті комбайн агрегатында партия-комсомол топтары құрылды. Қазір егін қостарында, комбайн-трактор бригадаларында 400 үгітші, 30 саяси баяндамашы және 12 лектор жұмыс істейді. Олар колхозшыларға СОКП Орталық Комитеті Пленумдарының шешімдерін түсіндіреді, оларды өз еліміздегі және шетелдердегі күнбе-күнгі оқиғалармен таныстырады, егін даласы еңбекшілерінің күш-жігерін олардың алдына қойылған міндеттерді ойдағыдай орындауға бағыттан отырады.

Аудандағы 7 оқу үйі, 5 қызыл мүйіс, 2 қызыл отау, 2 көшпелі автокино өздерінің жұмысын тікелей егін қостарына көшірді. Колхоз комсомолецтерінің көмегімен бес комбайн агрегатында саяси, агрозоотехникалық және көркем әдебиетпен жабдыкталған көшпелі кітапханалар ұйымдастырылды. Әрбір егін қосында плакаттар, ұрандар, көрсеткіш тақталар, құрмет тақталары, мәдени құралдар бар.

Қазіргі уақытта ауданның алдына маңызды міндет — қоғамдық мал шаруашылығына керекті жемшөпті жеткілікті дайындау міндеті қойылып отыр. Жемшөп дайындайтын көптеген трактор бригадалары және пішен машиналарының машинистері жұмысты ынтымақпен және ұйымшылдықпен орындаудың үлгілерін көрсетуде. Мысалы, Дубовиков, Оспанов, Чудновский және Харунов жолдастардың трактор бригадалары пішен шабу жоспарын едәуір асыра орындады. Олар өздерінің жұмысындағы табыстарға ең алдымен еңбекті жақсы ұйымдастыру, механизмдерді дұрыс пайдалану арқасында жетті. Бұл бригадирлер өздерінің жұмысында коммунистер мен комсомолецтерге сүйенеді, өздері белсенділік көрсетеді. Пішен машиналарының алдыңғы қатарлы машинистері Карваниди және Орлицкий жолдастар күн сайын нормалы 30 гектар орнына 60 гектардан пішен шабады.

Бұл мысалдар, коллективті өзінің міндетін және мемлекет алдындағы борышын жақсы түсінетін, істі жақсы ұйымдастырып, бұқараны бастай білетін адам басқарған жерде жұмыстың да табысты болатынын көрсетеді.



Киров атындағы колхоздың бастауыш партия ұйымының (секретары Қылышпаев жолдас) тәжірибесі, партия ұйымы бригадалардағы, фермалардағы еңбекті ұйымдастыру мәселелерімен терең шұғылданған жерде, жұмыстың беталысы да түзеле беретінін дәлелдейді. Бұл партия ұйымының мүшелері жер-жердегі жұмысты тікелей өздері ұйымдастырады. Барлық коммунистер нақты партиялық тапсырмаларды орындап отырады. Мұның нәтижесінде колхоз өндірісте жақсы табыстарға жетті.

Аудандық партия комитетінің МТС аймағындағы нұсқаушысы Нұртаев жолдас колхоздың партия ұйымына зор көмек көрсетеді. Оған Киров атындағы және «Ақтерек» колхоздары бекітіп берілген. Нұртаев жолдас өзінің жұмыс уақытының бәрін бастауыш партия ұйымдарында, егін және трактор бригадаларында өткізеді, көпшілік саясат жұмысын жолға қоюға іс жүзінде жәрдемдеседі, партия және комсомол күштерін дұрыс орналастыруға, бригадаларда партия топтарын ұйымдастыруға көмектеседі, партия жыйналыстарын әзірлеуге қатысады, үгітшілерге нұсқау беріп отырады. Киров атындағы колхозда оның бастауымен барлық егін бригадалары мен мал фермаларында партия-комсомол топтары құрылды, 24 коммунист пен комсомолецтен құралған үгітшілер коллективінің жұмысы жолға қойылды, лекторлар тобы құрылды. Ауыл шаруашылығының мамандары, медицина қызметкерлері, мұғалімдер колхозшыларға лекциялар оқиды, баяндамалар жасайды, көрнекі үгіт жолға қойылды. Мұның бәрі Киров атындағы колхозға ауылшаруашылық жұмыстарын ойдағыдай атқаруға көмектеседі.

Аудандық партия комитетінің МТС аймағындағы нұсқаушысы Голубев жолдасын да жұмыс тәжірибесі назар аударарлық. Калинин атындағы және «Красный Октябрь» колхоздарының партия ұйымдарына көмектесу керек болды. Олардың секретарьлары Алексеев және Жанабаев жолдастардың партия жұмысын атқаруға дағдыланған тәжірибесі болмады, олар маңызды мәселелерді шешуге батыл кірісе алмады, Нұсқаушы бұл колхоздардағы жағдайды мұқият зерттеп, партия ұйымдарының жұмысына талдау жасады. Партия және комсомол күштерінің орналастырылуы қайта қаралды, үгітшілер іріктелді, партия жыйналыстарының шешімдерінің орындалуын тексеру жолға қойылды. Қазір бұл колхоздарда егін жыйнау ұйымшылдықпен, жоғары агротехникалық дәрежеде өткізілуде.

Аудандық партия комитетінің бюросы соңғы кезде бригадирлер мен ферма меңгерушілерінің есептерін жиі-жиі талқылайтын болды. Мұның өзі жер-жердегі ұйымдастыру жұмысының дәрежесін арттыруға мүмкіндік туғызады.

Мынадай бір мысал келтірейік. «Красный Октябрь» колхозында жаңа техникамен қаруланған № 3 трактор бригадасының жұмысы қанағаттанғысыз болды. Бригадада еңбек нашар ұйымдастырылды, жұмыс күнінің тәртібі орындалмады, пішен жыйнайтын машиналардың көп уақыт жұмыссыз қарап тұруына жол берілді. 5 тракторы, 2 өзі жүретін пішен машинасы, мая салғышы және трактормен жүретін тырмалары бола тұрып, бригада 30 жұмыс күні ішінде небәрі 138 гектар пішен жыйнады. Бригаданың мүшелері, оның ішінде бригадир Жалтықов жолдасын өзі де мұндай халге оншама қынжылмады.

Бригададағы істің жәйі туралы мәселе аудандық партия комитетінің бюросында талқыланды, бригадаға бюро мүшесі Шаршаков жолдас жіберілді. Ол бригадада жыйналыс өткізді, тракторшылармен әңгімелесті, сөйтіп бригаданың артта қалуының себептерін ашты. Сондай-ақ бригадада мәдени-тұрмыс қажетін өтеу жұмысының нашар жолға қойылғаны анықталды. Азық-түлік мезгілінде жеткізілмеген, ыстық тамақ болмаған. Бұл табылған кемшіліктердің бәрі колхоз басқармасының мәжлісінде талқыланды. Мұнан кейін бригаданың жәйі тез арада түзелді. Қазір № 3 трактор бригадасы өзінің жұмысында жақсы нәтижелерге жетті.



Екінші бір мысал. Киров атындағы колхоздың товарлы-сүт фермасы өзінің алдына қойылған міндеттерді орындамай келді. Ферманың меңгерушісі коммунист Салқынов жолдас қарамағындағы адамдарға қатаң талаптар қоймады, фермада еңбек нашар ұйымдастырылды. Әрбір сыйырдан алынатын сүт күніне 4 — 5 литрден аспады.

Киров атындағы колхоздың бастауыш партия ұйымы фермадағы істің жәйін жақсартуға шұғыл шаралар қолданды. Колхоздың партия ұйымының секретары Қылышпаев жолдас бірнеше күн фермада болды. Фермаға үстеп үш сауыншы берілді. 90 сыйыр қолда бағуға қойылды, оларға әртүрлі жемшөп берілді, жұмыс күнінің тәртібі қатаң орындалды, малдың күтімі жақсартылды. Кәзір фермада әрбір сыйырдан күніне 11—13 литр сүт алынады. Ферма мемлекетке сүт тапсыру жоспарын орындап келеді.

Жақын арада аудандық партия комитетінің бюросында МТС-тің бастауыш партия ұйымының секретары Зайка жолдасын ғылым табыстарын және озат механизаторлардың тәжірибесін насихаттау туралы баяндамасы тыңдалды. Қомбайншы, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты Алексеев жолдасын, трактор бригадасының бригадирі, Социалистік Еңбек Ері Алемский жолдасын, «Красный Октябрь» колхозының аға табыншысы, Социалистік Еңбек Ері Данияров жолдасын және басқа озаттардың жұмыс тәсілдері аудандық «Красногоршы» газетінде және үгітшілердің әңгімелерінде кеінен насихатталып отырады.

Бастауыш партия ұйымдарының жұмысындағы кейбір табыстарды көрсеткенде, ондағы елеулі кемшіліктерді айтпау, әрине, дұрыс болмас еді. Көптеген партия ұйымдары, колхоз басқармалары, МТС басшылары өздерінің жұмысын әлі де нашар атқарады. Оның ішінде «Шарбақты» колхозының бастауыш партия ұйымы мен басқармасын ерекше көрсетіп өту қажет. Мұнда саяси-тәрбие жұмысы мүлде жүргізілмейді деуге болады. Партия ұйымының ролі елеусіз. Партия жыйналыстарының шешімдері ұйымдастыру жұмысымен тыянақталмайды, лекциялар мен баяндамалар колхоз тұрмысымен байланыстырылмайды, сын және өзара сын жоқ. Партия ұйымының секретары Қарашегенов жолдас жұмысты атқара алмайды. Аудандық партия комитетінің МТС аймағындағы, бұл колхозға бекітілген нұсқаушысы Атамқұлов жолдас колхозшылар арасында жұмысты аз жүргізеді, партия ұйымының секретарына нұсқау берумен қанағаттанады.

Аудандық партия комитетінің бюросы бастауыш партия ұйымдарын нығайтуға бірсыпыра шаралар қолданды. Жоғары дәрежелі білімі, партия жұмысында алған мол тәжірибесі бар және ауыл шаруашылығын жақсы білетін Нүсінов жолдас Ворошилов атындағы колхоздың, Ермеков жолдас «Шарбақты» колхозының партия ұйымының секретары болып сайланды. Алайда, ауданда партия кадрларын іріктеу және тәрбиелеу ісінде әлі де кемшіліктер бар.

Ұйымдастыру жұмысы қателерді түзетіп, жұмыстағы кемшіліктер мен олқылықтарды жою жолында нақты күрес жүргізуді талап етеді. Кемшіліктерді батыл ашып, тез жою керек. Мұнымен бірге бастауыш партия ұйымдарын кәзіргі кезеңнің міндеттерін түсінетін, бұқараны бастай білетін адамдар басқаратын болу керек.

Ауылшаруашылық жұмыстарын толық аяқтау, зябь жыртудың жоспарын мерзімінен бұрын орындау, мал қыстатуға үлгілі әзірлік жасау— бұл міндеттердің бәрі партия-ұйымдастыру және көпшілік-саясат жұмысын оған әрі жақсартуды, барлық бастауыш партия ұйымдарының, әрбір коммунистің іскерлігін күшейтуді талап етеді.



# Жергілікті баспасөзге шолу

## Өнеркәсіп жаңашылдарының тәжірибесі кеңінен таратылып, өндіріске қажырлылықпен енгізілсін

Социалистік қоғам еңбекшілерінің тәжірибесі, білімі, мамандығы, оның нешеалуан рухани байлығы материалдық игіліктердің ұдайы өндірісінде зор роль атқарады. «Бар халықтың өнерінің дәрежесі, — деп үйретті К. Маркс, — әрдайым бүкіл өндірістің алғышарты, демек, байлықтың басты қоры болып табылады» («Қосымша күн теориялары», III том, 229-бет).

Жаңашылдардың тәжірибесі — совет халқының ұлттық игілігі. Өнеркәсіп озаттары техниканы ойдағыдай меңгеріп, творчестволықпен пайдалануда, жұмыстың әдістері мен тәсілдерін жетілдіруде, еңбек өнімділігін арттырудың жаңа резервтерін ашуда, өнім шығаруды ұлғайтуда. Жаңашылдардың тәжірибесін насихаттау, оны өндіріске енгізу машина-жабдықты жақсы пайдалануға, механикаландыру дәрежесін арттыруға, еңбектің ұйымдастырылуын жетілдіруге, бүкіл өндірісті өрге бастыруға көмектеседі. Озаттардың тәжірибесін меңгерген жұмысшылар неғұрлым көп болса, оның нәтижесі солғұрлым зор болады.

Өнеркәсіп жаңашылдарының тәжірибесі — коммунистік қоғам орнатып жатқан совет адамдарының творчестволық инициативасы мен белсенділігінің айқын белгісі. Сондықтан да ұлы Ленин Совет өкметінің алғашқы жылдарында-ақ жаңалықтың өркендерін мейлінше қолдап, қамқорлықпен өсіруге, еңбекті жаңаша ұйымдастыру тәжірибесін бұқараның игілігіне айналдыруға шақырды. Капиталистік қоғамда өзін көрсете алмаған өнеге күшінің, — деп көрсетті В. И. Ленин, — жерге және фабрикаларға жеке меншікті жойған қоғамда орасан зор маңызы болады, оның себебі бұл қоғамда адамдардың жақсы өнегеден үлгі алатындығында ғана емес, мұнымен бірге оның себебі — өндірісті ұйымдастырудың жақсы өнегесін қолданумен қатар еңбектің сөзсіз жеңілейін, өндірісті жақсы ұйымдастырушылардың тұтынатын нәрселері жыйынның молаяттындығында.

Жаңашылдардың тәжірибесін насихаттап, өндіріске енгізу — мемлекеттік зор маңызы бар іс. Озат тәжірибені тарату — әрбір жұмысшымен тікелей байланыс жасап, оның жақсы тәжірибені меңгеруіне, сөйтіп барған сайын зор табыстарға жетуіне жағдай туғызу деген сөз. Еңбектің прогрестік әдістері мен тәсілдерін меңгеру — барлық совет адамдарының патриоттық борышы.

Жаңашылдардың тәжірибесін таратып, өндіріске енгізуде біздің газеттеріміз ерекше зор роль атқарады. Советтік баспасөз коммунистік құрылыстың барлық кезеңдерінде жаңалықтың, озаттықтың бәрін күнбе-күн қолдап, бұқараның социалистік жарысының жауынгер ұйымдастырушысы болып келеді. Соғыстан кейінгі жылдарда советтік баспасөз, жоғары еңбек өнімділігінің, техниканы жақсы пайдаланудың үлгілерін көрсетіп отырған еңбек озаттарының көптеген бағалы жаңашылдық бастамаларын ашты және оны қолдап келді.

Қазақстанның облыстық газеттері өнеркәсіп жаңашылдарының тәжірибесін қалай насихаттайды, бұл тәжірибені өндіріске енгізу үшін қалай



күреседі? Мұны Гурьев пен Семейде шығатын облыстық газеттердің мысалы бойынша көрсетейік.

Гурьев облысының экономикасында мұнай өнеркәсібі негізгі орын алады. Мұнда сан мың мұнайшылар еңбек етеді, олардың қатарында көптеген өндіріс жаңашылдары бар. Бірақ «Прикаспийская коммуна» газеті олардың тәжірибесін нашар таратады. Бұл газетте 1955 жылдың жеті айы ішінде басылған материалдарға талдау жасау осыны дәлелдейді.

Жаңа жылға арналған номерде редакция «Казнефтестрой» тресінің № 1 құрылыс басқармасының бригадирі М. Фисуннің хабарын жариялады. Ол өзінің бригадасының ағаш шеберлері бесжылдық тапсырманы 1954 жылдың бірінші тоқсанында орындап, көзір 1957 жылдың есебіне жұмыс істеп жатқанын айтады. Олар бұл үздік табыстарға қалай жетті? Амал не, хабарда бұл туралы ешнәрсе айтылмаған. Редакция авторға өзінің бригадасының еңбек әдістерін көрсетуге көмектеспеген, сөйтіп бұл бригаданың бағалы тәжірибесі ашылмаған.

«Скважиналар күшті шапшандықпен бұрғылансын» деген бөлім онан біраз нақтылы әзірленген. Мұнда жас бұрғышылар К. Досановтың, Ш. Жетпісовтың және М. Сидекешевтің мақалалары жарияланған. Олардың әрқайсысы скважиналарды бұрғылауда едәуір табыстарға жеткен. Бұлардың тәжірибесінің Эмбінің басқа бұрғышыларына көмектестіңдігі сөзсіз. Бірақ быйыл бұл тақырыпта тек жалғыз осы бөлім берілді. Ал, әсіресе Қазақстан мұнай бірлестігінің кәсіпшіліктерінде скважиналардың әлі өте шабан, Совет Одағының басқа көптеген мұнай кәсіпшіліктеріндегіден анағұрлым жәй бұрғыланатынын ескерсек, таңдаулы бұрғышылардың тәжірибесінің ерекше зор маңызы бар.

Мұнай шығаруды арттыру үшін скважиналардың техникалық күтімін үлгілі жолға қоюдың маңызы зор. Жер астындағы жөндеу жұмысының қызметкерлері шығарылатын мұнай қорының жайын күнбе-күн анықтап, белгілі бір скважина мұнайды аз бере бастаса, оның мұнай өнімін қалпына келтіру шараларын қолдануға міндетті. «Прикаспийская коммуна» Доссор-Мақат мұнай кәсіпшілігі басқармасының жер астындағы жөндеу жұмысының мастері Х. Нұғымановтың «Скважиналарды жөндеудің жоғары сапалы болуы — табыстың негізі» деген хабарын жариялады. Алайда мұнда да негізгі нәрсе — жұмыс тәжірибесі ашып көрсетілмеген. Х. Нұғыманов былай деп жазады: «Әдетте скважиналар шапшаң және сапалы жөнделеді. Бұған біз бригада мүшелерінің кепілдікпен жөндеу жолындағы социалистік жарысын кең өрістетуге арқасында жеттік» Эмбінің басқа мұнайшыларының скважиналарды шапшаң және жақсы жөндеу үшін не істеу керек екенін бұл жалпылама сөздерден біле алмайтыны айқын.

Газеттер озаттардың тәжірибесін таратып қана қоймай, онымен бірге барлық жаңалықты, прогресті өндіріске енгізу үшін батыл күресуге міндетті. «Прикаспийская коммунаның» бетіндегі материалдар оның редакциясының бұл міндетті қанағаттанғысыз атқарып отырғанын дәлелдейді. Қазақстан КП Орталық Комитетінің августа өткізілген V Пленумында Қазақ ССР Ғылым Академиясының Орал-Эмбе ғылыми-зерттеу базасының 1950 жылдың өзінде-ақ мұнай көздерін пайдаланудың прогрестік әдісін — сулы-газды репрессия деп аталатын, мұнай шығаруды едәуір арттыруға мүмкіндік беретін, мұнай қабатына бір жолы су мен газ жіберу әдісін — ұсынғаны көрсетілді. Бұл әдістің экономикалық тиімділігіне қарамастан, Эмбі мұнай кәсіпшіліктерінде ол әдіс іс жүзінде қолданылмай келеді немесе өте шағын көлемде қолданылады. Алайда газет бұл енжарлыққа, кертартпалыққа қарсы, мұнай шығарудың прогрестік технологиясын енгізуді жақтап принциптік күрес жүргізбейді.

Быйыл «Прикаспийская коммуна» мамандардың бірнеше мақаласын жариялады. Бұл мақалалар Эмбіде жаңа техниканы, озат технологияны



өндіріске енгізуге атүсті қараушылық бар екенін көрсетеді. Мысалы, өткен жылы Петровский атындағы заводқа мұнайлы деэмульсиялауға керекті жана электромагниттік белгіштің жартылай заводтық установка-сының тәжірибелік үлгісін жасау тапсырылды, бұл үлгіні ғылыми қызметкер Иванов жолдас ұсынды. Бұл әдісті алдын ала сыннан өткізу, оның мұнайды деэмульсиялаудың кәзіргі әдісін түбірінен өзгерте алатынын көрсетті. Оны қолдану деэмульсиялаудың түсер құнын бірнеше есе кемітеді, өндірісті қымбатқа түсетін химиялық реагенттер алудан босатады, жылына өндірістің жүздеген мың сом қаржысын үнемдейді. «Бірақ сонан бері сегіз айдан астам уақыт өтті, — деп жазады газет 27 майда, — ал завод заказды әлі күнге орындаған жоқ».

1952 жылы техникалық ғылымдардың докторы Беньковский жолдас мұнайды деэмульсиялауда олеофильногидрофильдік фильтрді қолданатын әдісті ұсынды. Жартылай заводтық установка жасалды, алайда Қосшағыл мұнай кәсіпшілік басқармасы оны екі жыл бойына өндірістік жағдайда сынамай келеді. Ал бұл жана әдісті қолдану деэмульсиялаудың түсер құнын едәуір кемітуге мүмкіндік туғызар еді.

Мұнан үш жыл бұрын сол Беньковский жолдас мұнайды сақтағанда, оның жеңіл тектерінің ысырап болуын азайту тәсілін белгілеп, оны өндірістік жағдайда сынап көрді. Бұл ұсынысты енгізу Мұнайлы және Құлсары кәсіпшіліктерінің өзінде халық шаруашылығының қажетіне жүздеген тонна бағалы бензиндік көмірсутектерін сақтап, товарлы мұнайды көбейтуге мүмкіндік туғызар еді. «Бірақ бұл ұсыныс та, — деп хабарлайды газет, — өндіріске енгізілмеді...»

Өткен жылы инженер Кагерманов жолдас Қаратон мұнайын деэмульсиялаудың, жылына 360 мың сомдай қаржыны үнемдейтін жана технологиялық процесін ұсынды. Қажетті машина-жабдықтар мен металл конструкциялар әзірленді. Бірақ бұл іс сонымен тоқталып қалды.

Төрт айдай уақыт өткеннен кейін, 24 июньде, «Прикаспийская коммуна» өзінің 27 майда жазғаны туралы жана мақала жариялады. Бәзбаяғы сол фактілер, сол фамилиялар, сол нәтижелер көрсетілді. Дұрысында ешқандай нәтиже жоқ. Жаңалық, прогрестік өндіріске үнемі енгізілмей келеді, газет бұған төзіп отыра береді.

«Прикаспийская коммуна» 29 майда, «Казнефтеразведка» тресі бұрғышыларының төменнен жуылатын қашауларды тәжірибе ретінде қолдануға кірісіп, бағалы бастама жасағанын хабарлады. Төменнен жууға бейімделіп, қайтадан жасалған алғашқы екі қашау жақсы нәтиже берді: үшінші және сенон-турон дәуірлерінің саздарын бұрғылағанда орташа механикалық шапшандық сағатына 15 метр болды, ал жалпы қазудың орташа шапшандығы әрбір қашауға 198 метрден келді. Оның ізінше түсірілген жай қашау бұл пародалардан өткенде оның механикалық шапшандығы орта есеппен сағатына 8,2 метрден, әрбір қашауға 128 метрден келді. «Сонымен, — деп қорытады газет, — төменнен жуылатын қашауды қолдану механикалық шапшандықты екі есе, ал қашаудың қазу шапшандығын 50 процент арттыруға мүмкіндік береді. «Казнефтеразведка» тресі бұрғышыларының бастамаларын Эмбинің барлық бұрғышылары қолдауға тиіс». Бірақ олар бұл жана бастаманы қолдады ма, жоқ па — оны газеттен біле алмайсың.

«Қазақстаннефть» бірлестігінің кәсіпшіліктерінде мұнаралар жасаудың үлкен блокты әдісі де кеңінен таратылған жоқ. Тездетіп бұрғылаудың озат тәжірибесі өте жеткіліксіз таратылады: мұны инженер А. Шевченко өзінің мақаласында хабарлады. Бұл және осындай фактілерді келтіре тұрса да, «Прикаспийская коммуна» советтік баспасөзге тән қасиет — жаңалықты, прогрестікті өндіріске енгізуде табандылық көрсетпей келеді.

«Өнеркәсіпті онан әрі өрге бастыру үшін күресейік» деген бас мақаласында (26 июльде) редакция: «Өндіріс озаттары мен жаңашылда-



рының тамаша тәжірибесінің жеткілікті қорытылып, таратылмауына енді тезуге болмайды» деп жазды. Шынында да бұған тезуге болмайды. Бірақ оған кім айыпты? Редакцияның пікірінше, бұған партия, кәсіподақ және шаруашылық ұйымдары айыпты. Бұл пікір газеттің 2 марттағы және 25 июньдегі бас мақалаларында айтылған. Ал өнеркәсіп жаңашылдарының тәжірибесін насихаттап, өндіріске енгізуде облыстық газеттің ролі қандай? Оның ролі ұнамсыз фактілерді көрсетуде ғана ма? Ал «Прикаспийская коммунаның» ролі әзірге тек осымен тежеліп отыр.

Гурьевтің екінші облыстық «Социалистік құрылыс» газеті озат тәжірибені оқта-текте, үстірт және істі жете білмегендікпен насихаттайды. Редакция кейде өндірістің озаттары туралы бөлімдер немесе тіпті тұтас беттер береді, бірақ бұл материалдарда негізгі мәселе — жаңашылдардың тәжірибесі туралы түсінікті әңгіме болмайды. Мәселен, газет 3 июньде «Озаттардың тәжірибесі кеңінен таратылсын» деген бөлімде Доссор-Мақат мұнай кәсіпшілігі басқармасының жұмысы туралы материалдар берді. Редакцияның айтуынша, бұл басқармада мұнай шығаруды арттырудың мол тәжірибесі жыйналған, бірақ ол мұны бірде-бір нақты мысалмен дәлелдемейді. Июльде газет «Мұнайды шығаруда және бұрғылауда жаңа табыстарға жетейік» деген тақырыпқа тұтас бір бет жариялады, онда мұнай кәсіпшіліктерінің мастерлеріне және басқа мамандарына сөз берді. Алайда мұнда да өндіріс жаңашылдарының тәжірибесі туралы ешнәрсе айтылмайды.

Мұнай өнеркәсібінің жұмысы туралы «Социалистік құрылыста» жарияланған мақалаларда цифрлар тым көп келтіріледі, материалдардың идеялық дәрежесі төмен. Мұндай мақалалар ешнәрсені үйретпейді. Көптеген мұнайшылардың керек ететіні — жаңашылдардың табыстарын іскерлікпен айқын көрсету, өндіріс озаттарының мұнай шығару және бұрғылау жөніндегі мемлекеттік тапсырмаларды қандай әдістермен толық және асыра орындайтыны туралы әңгіме бұл мақалаларда жоқ.

Семей облысының экономикасында жеңіл өнеркәсіл маңызды орын алады. «Прииртышская правда» өндіріс жаңашылдарының тәжірибесін қанағаттанғысыз насихаттайды. Мұны газеттің оқушылары да айтып отыр. Баспасөз күніне арналған номерде газеттің оқушылары, шұлық фабрикасының жұмысшылары Т. Ветохина мен В. Сорокина былай деп жазды: «Семейдің көптеген заводтары мен фабрикалары басқа қалалардың өнеркәсіп орындарымен жарысқа түсіп отыр, ал газет бұл жарыс туралы сирек жазады». Газет оқушы И. Косарев газетке «өзінің беттерінде озат тәжірибе трибунасын ашып, бұл бөлімді үнемі беріп отыруға» тілек білдірді.

Мұнан кейін «Прииртышская правда» 10 және 12 июньде «Озаттардың тәжірибесі барлық жұмысшыларға таратылсын» деген тақырыпта екі бөлім берді, бірақ онда жарияланған материалдардың сапасы төмен. «Большевичка» тігін фабрикасының бірінші цехының бригадирі А. Попованың мақаласын мысалға келтірейік. Мақала «Жаңашылдардан үйрену керек» деп аталған. Бірақ онда жаңашылдардан нені үйрену керек екені айтылмаған, олардың жұмыс тәжірибесі көрсетілмеген. А. Попова былай деп жазады: «Қазір бригада жоспар бөйынша белгіленген 190 шалбар орнына, 200 — 210 шалбар тігіп шығарады. Бұйымдардың сорттылығы да арттырылды». Ал бригада сорттылықты қалай арттырды, шалбарды қалай көп шығаратын болды? Мақаладан мұны біле алмайсың. Бригадирдің: «Біздің бригаданың жұмысшы әйелдері өндіріс озаттарынан үлгі алады» деген сөздері олардың мұндай табыстарға жетуінің сырын тіпті де ашпайды.

Редакция озат тәжірибені көрсетудің орнына, «жеңіл технологиясын» көрсетпейтін, нақты мысалдармен тыянақталмаған жалпылама сөздермен қанағаттанады. Мұндай мақалалар мен хабарлардың көздеген мақсатқа жетпейтіні түсінікті.



«Прииртышская правдада» жарияланған жеке материалдар, егер іске байсалдырақ қараса, редакцияның өндіріс озаттары тәжірибесін жақсы ашып көрсете алатынын дәлелдейді. Бұл жағынан алғанда, қаланың озат тас қалаушыларының мақалаларынан құрастырылған бөлім айрықша көзге түседі. Редакция, тас қалаушылармен байланыс жасағанындай, өнеркәсіптің әртүрлі салаларының жаңашылдарымен кездесу мәжілістерін жиірек өткізіп тұруға тиісті еді.

Газеттің жаңашылдар тәжірибесін тарату мәселелерін қозғаған бас мақалалары туралы бірнеше сөз. Бұл мақалаларда да жалпылама байымдаулар, әртүрлі қыйыстырылған бәз-баяғы бір пікірлер көп келтіріледі. «Бесжылдық жоспарларды мерзімінен бұрын орындау үшін күресейік» деген редакциялық мақалада (11 февральда) былай делінген: «Шаруашылық басшылары, партия және кәсіподақ ұйымдары... жаңашылдардың әдістерін таратып, өндіріске енгізуге аз көңіл бөледі...» Ал «Өнеркәсіпті онан әрі өрге бастыру үшін күресейік» деген бас мақалада (28 майда) сол пікір былайынша айтылады: «Партия және кәсіподақ ұйымдары социалистік жарысқа басшылықты жақсартып, бұқараның творчестволық инициативасын күшейтуге, озат тәжірибені қорытып, таратып отыруға және өндіріске қажырлылықпен енгізіп отыруға тиіс». Бұл пікірлер біраз басқаша түрде, газеттің 1 марттағы және 22 июньдегі бас мақалаларында да келтіріледі.

Семей облыстық партия комитетінің екінші баспасөз органы — «Екпінді» газеті де жаңашылдардың тәжірибесін нашар таратады, оны өндіріске енгізуде қажырлылық көрсетпейді. Бұйыл жарияланған мақалалар, хабарлар редакцияның кәсіпорындар экономикасына терең зер салмайтынын, енжарлыққа және кертартпалыққа қарсы нашар күресетінін дәлелдейді.

4 мартта газет аяқкиім фабрикасының табыстары туралы бөлім берді. Онда цифрлар өте көп келтіріледі, кәсіпорынның жақсы табыстарға қандай әдістермен жеткені туралы ешнәрсе айтылмайды, өндіріс озаттарының тәжірибесі ашып көрсетілмейді. 7 мартта жарияланған, қала өнеркәсібінің жұмысына арналған бетте де сондай кемшіліктер бар. Редакция көбінесе, қалай істелгенін емес, не істелгенін айтады. Озаттардың тәжірибесінің егжей-тегжейіне, яғни оқушылар білуге тиісті мәселеге газет көңіл бөлмейтін болса керек.

\* \*  
\*

Озаттардың тәжірибесін, ғылым мен техниканың табыстарын насихаттау, барлық жаңалықты, озаттықты өндіріске қажырлылықпен енгізу ұлы Отанымыздың байлығын, күші мен қуатын арттыра береді. Өнеркәсіпті онан әрі өрге бастырудың, техникалық прогрестің және өндірісті ұйымдастыруды жақсартудың орасан зор программасын белгілеген СОКП Орталық Комитетінің июль Пленумы бүкіл партияны, бүкіл совет халқын, өндіріс озаттары мен жаңашылдарының табыстарын қажырлылықпен таратып, енгізуді, мұның негізінде жаңа табыстарға жетуді көздеген социалистік жарысты онан әрі кең өрістетуге шақырды.

Бұқараның инициативасын мейлінше өрістетуге, жаңашылдардың тәжірибесін күнбе-күн таратып отыру, өнеркәсібіміздегі, сол сыяқты социалистік индустрияның сан миллион қызметкерлерінің творчестволық еңбегінде туған және туып отыратын жаңалық пен озаттықтардың бәрі өндіріске енгізу үшін қажырлы күрес жүргізу — Қазақстанның бүкіл баспасөзінің жауынгерлік міндеті.



# Сын және библиография

## Совет мемлекетінің қызметін зерттеудегі былыққа және жауапсыздыққа қарсы

Советтік социалистік мемлекет — өзінің мәні мен формасы жағынан, өзінің міндеттері мен қызметі жағынан, оған дейінгі мемлекеттердің бәрінен принципінде өзгеше, жаңа тұрпатты мемлекет. Ол, — В. И. Лениннің көрсеткеніндей, — буржуазияға қарсы жаңаша диктаторлық, еңбекшілер үшін жаңаша демократиялық мемлекет. Ол капиталистік қоғамды коммунистік қоғамға айналдырып, ұлы революциялық өзгеріс жасаудың негізгі құралы болып қызмет етеді.

Маркс пен Энгельстің іліміне сүйене отырып, В. И. Ленин социалистік мемлекет теориясын дамытып айқындады. Коммунистік партияның басшылығымен елімізде коммунизм құрылысын ұымдастырушы Совет өкметінің творчестволық ролін ашты.

Советтік социалистік мемлекет — социалистік базистің саяси қондырмасы. Өзінің шаруашылық-ұымдастыру және мәдени тәрбие қызметімен ол ССРО экономикасының жоспармен дамытылуын, өндіргіш күштердің өсуін, коммунизмнің материалдық-техникалық базасының жасалуын, совет халқының әл-ауқаты мен мәдениет дәрежесінің үнемі арта беруін, еңбекшілерге коммунистік тәрбие берілуін, капитализмнің адам санасындағы қалдықтарының жойылуын қамтамасыз етіп отырады. ССРО-ның экономикалық негізін — екі түрлі формадағы — мемлекеттік және кооператив, колхоздық — социалистік меншікті сақтап, дамыта отырып, Совет мемлекеті біртұтас жалпыхалықтық меншікке бірте-бірте өтуге алғы жағдай жасайды. Өзінің сыртқы қызметімен Советтік социалистік мемлекет совет адамдарының бейбіт жасампаздық еңбегін қамтамасыз етеді. Совет мемлекетінің сыртқы саясаты бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті нығайтуға бағытталған.

Совет мемлекеті қызметінің мәселелерін маркстік-лениндік тұрғыдан зерттеудің зор теориялық және практикалық маңызы бар. Сондықтан да Қазақ мемлекеттік баспасы бастырған, философиялық ғылымдардың кандидаты Ж. Туленовтың «Совет мемлекеті — социалистік меншікті сақтаудың басты

құралы» деген кітапшасы оқушылардың назарын аударады.

Ж. Туленовтың еңбегі кіріспеден және екі бөлімнен құралған. Бұл бөлімдердің біреуі — «Совет мемлекеті — социалистік меншікті сақтаудың құралы» — ССРО-ның экономикалық негізі — шаруашылықтың социалистік системасы мен өндіріс құрал-жабдықтарына социалистік меншіктің кейбір мәселелерін қамтыйды. Сол сыяқты бұл бөлімде Совет мемлекетінің дамуының бірінші фазасында социалистік меншікті сақтаудың жайына қысқаша шолу жасалған. «Совет мемлекетінің коммунизм құрылысында социалистік меншікті сақтау қызметінің маңызы» деп аталған екінші бөлімде автор Совет мемлекетінің дамуының екінші фазасында социалистік меншікті сақтау мәселелерін, сол сыяқты оның коммунистік қоғам орнатудағы маңызын сөз қылады. Кітапшаның ақырында Совет мемлекетінің социалистік меншікті сақтап, нығайтудағы тәжірибесінің халықтық демократия елдері үшін маңызы қысқаша сипатталады.

Кітапшаның авторы, оның кіріспеден жазғанындай, өзінің алдына — ССРО-дағы социалистік құрылыс практикасының фактілі материалына сүйене отырып, Совет мемлекетінің социалистік меншікті сақтаудағы қызметін баяндау және бұл қызметтің коммунистік қоғам орнатудағы маңызын көрсету міндетін қойған.

Ең алдымен, оқушылар көпшілігіне танылған бұл кітапшада қандайда болсын мемлекеттің негізгі қызметі туралы ғана емес, Совет мемлекетінің шаруашылық-ұымдастыру және мәдени-тәрбие қызметі туралы да ешнәрсе айтылмағанын көрсету қажет. Ал бұл қызмет тек біздің социалистік мемлекетке тән нәрсе емес. Автор иебәрі, Совет мемлекеті және право социалистік қоғамның экономикалық базисінің қондырмасына қосылатынын ескертіп қана өткен. Ж. Туленов бұл мәселеге талдау жасағанда, пролетариат диктатурасы дәуірінде экономика мен саясаттың арасалмағы туралы негізгі лениндік қағидаларды келтірмеген. Кітапшада В. И. Лениннің социалистік мемлекет теориясын жасаудағы үздік ролі туралы да ешнәрсе айтылмаған.

Ж. Туленовтың «Советтік социалистік мемлекет» деген кітаптың авторы Ф. Черновпен айтысы оқушыны таңдан-

\* Ж. Туленов «Совет мемлекеті — социалистік меншікті сақтаудың басты құралы». Қазақ мемлекеттік баспасы. Алматы, 1955.



дырады. Ж. Туленов кітапшаның 25 — 26-беттерінде былай деп жазады: «Бірінші фазада, капитализмнен социализмге өту дәуірінде, Совет мемлекеті алдына, қалада да, деревняда да өндіріс құрал-жабдықтарына қоғамдық-социалистік меншікті жасау міндеті қойылды» деу дұрыс емес. «Біздің елімізде социалистік қоғамдық меншік, меншіктің толық үстем формасы болып орныққаннан бері Совет мемлекеті алдына советтік социалистік қоғамдық құрылыстың түп негізі — қоғамдық меншікті сақтау міндеті түгелімен қойылды» (Қараңыз: Ф. Ф. Чернов «Советтік социалистік мемлекет», 64 — 65-беттер, Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы, 1951).

Жоғарыда келтірілген үзіндіде Ф. Чернов: совет мемлекеті өзінің дамуының бірінші фазасында қоғамдық меншікті халықтың дәулетін ұрлаушылардан қорғамады деп тіпті де айтпайды. Ф. Чернов өту дәуірінің жағдайында біздің елімізде, В. И. Лениннің көрсеткеніндей, бес қоғамдық-экономикалық уклад болғанын негізге алады. Совет мемлекетінің социалистік меншікті сақтау қызметінің тууы қоғамдық меншіктің толық үстем форма болып орнауына сай келді және ол советтік қоғамның экономикалық базисінде түбірлі өзгерістер жасалуынан туды.

Ф. Черновтың кітабында келтірілген бұл қағиданы қате деп есептеп, Ж. Туленов: Совет мемлекетінің жаңа қызметі тек саяси себептерден, талқандалған қанаушы таптардың қарсылық көрсету формаларының өзгеруінен туды деп есептейді (26 — 27-беттер). Бірақ оның бұл біржақты байымдауын шынғында да қостауға болмайды.

Мұнан әрі. Сөз болып отырған кітапшаның авторы Ф. Черновтың келтірген, социалистік меншікті сақтау қызметінің екі жағы туралы қағиданы (71-бет) пайдаланып, оны — Совет мемлекетінің «екі жақты міндеті» деп көрсетеді. Алайда, Ф. Черновтың Совет мемлекеті бүкіл халықты тәрбиелейді деп дұрыс айтқанына қарсы келіп, Ж. Туленов: совет заңдарын бұзушыларды ғана тәрбиелеу керек деп есептейді. Ол былай деп жазады:

«...екіншіден, қоғамымыздың неғұрлым артта қалған, социалистік меншікке қол сұғатын мүшелеріне мемлекеттік зорлау шараларын қолдана отырып, ол бұл азаматтарды еңбекке және қоғамдық меншікке коммунистік тұрғыдан қарау рухында, социалистік қоғамның ережелерін бұлжытпай орындау рухында тәрбиелейді, сөйтіп, социализмнен коммунизмге өтуге әзірліктің рухани алғы жағдайларын жасауға көмектеседі» (5-бет, Сөздердің астын сызған біз: Г. С., Е. Ш.).

Мұнда, аз дегенде, екі қате бар.

Бірінші. Социализмнен коммунизмге өтуді «әзірлеудің рухани алғы жағдайларын» (?) тек қоғамның неғұрлым артта қалған мүшелерін тәрбиелеу жолымен жасауға тіпті де болмайды. Қо-

ғамның барлық мүшелерін тәрбиелеу керек және коммунистік партия тәрбиелеуде.

Екінші. Ж. Туленов социалистік қоғамның қандай ережелерін сөз қылып отырғаны түсініксіз. Мүмкін, әңгіме СССР Конституциясының 130-статьясында айтылатын социалистік қоғам өмірінің ережелері туралы болып отырған шығар?

Совет азаматтарының және бұқаралық ұйымдардың — кәсіподақтардың, комсомолдың және басқаларының — социалистік меншікті сақтап, дамытудағы ролін көрсету орнына, автор кітапшасының бірқатар жерлерінде олар (азаматтар, бұқаралық ұйымдар) қоғамдық дәулетті сақтауға «тиісті», «міндетті», социалистік меншіктің сақталып нығайтылуы үшін азаматтардың өздеріне «ерекше жауаптылық» жүктеледі деген сыяқты жалпылама сөздермен қанағаттанады. Бірақ мұның бәрі фактілі материалмен тыянақталмайды. Халық дәулетін сақтау жолында еңбекшілердің жанқиярлықпен күресуінің бірден бір үлгісін автор тек Қытайдан, Ляодун провинциясы, Эайген қаласындағы қағаз фабрикасынан табады. (Айтқандайын, Қытайда мұндай қала жоқ). Ал егер Ж. Туленовтың өзі тілесе совет адамдарының социалистік меншікті сақтап дамыту жолындағы жанқиярлық, шын қаһармандық күресінің мысалдарын ол көп таба алар еді. Мұндай мысалдарды тіпті Қазақстанның өзінен де табуға болар еді.

Совет мемлекетінің социалистік меншікті сақтау қызметі жұмысшы табы мен колхозшы шаруалардың одағын олар өрі нығайтуды қалайынша қамтамасыз ететінін автор көрсетпеген. Сол сыяқты Совет мемлекетінің, Коммунистік партияның бүкіл халқымыздың социалистік меншікті сақтау жолындағы, халық дәулетін ұрлаушыларға қарсы күресі — жаңшылық пен ескілік арасындағы қайшылықтың формасы болып табылатыны да көрсетілмеген.

Кітапшадағы бірсыпыра кателер базис пен қондырма туралы маркстік-лениндік ілімінің қағидаларын жеткілікті дұрыс пайдалана білмеуден болып отыр. Мысалы, 22-бетте, право «...қоғамның материалдық тұрмыс жағдайларының бейнесі» болып табылады делінген. Алайда, правоны қоғамның материалдық тұрмысының барлық жағдайларының (географиялық орта және т. б.) бейнесі деп есептеуге тіпті де болмайды. Правоның мазмұны базис бойынша, яғни дамудың сол кезеңіндегі қоғамның экономикалық құрылысы бойынша белгіленеді.

Сол сыяқты, автордың: Совет мемлекетінің социалистік меншікті қорғау қызметі 1936 жылға қарай, социалистік индустрия өнімінің өсуі нәтижесінде өзгерді деуі де (32-бет) дұрыс емес. Өндіріс қондырманың дамуына тікелей әсер ете алмайды дейтін марксистік қағида Ж. Туленовқа мәлім болса керек еді.



Амал не, мұндай қателер кітапшада көп. Мысалы, 64-бетте: принцип — әдіс, материалдық ынталандыру принципі социализмнің аса маңызды принципі болып табылады делінген. Алайда, социализмнің аса маңызды принципі—ССРО Конституциясының 12-статьясында жазылған «әркімнен қабілетіне қарай, әркімге еңбегіне қарай» деген принцип екені мәлім. Материалдық ынталандыру принципін алатын болсақ, ол Н. С. Хрущев жолдастың СОКП Орталық Комитетінің сентябрь (1953 ж.) Пленумындағы баяндамасында көрсеткеніндей, тек «социалистік шаруашылықты жүргізудің түбірлі принциптерінің бірі» болып табылады.

Автор: «бақылау-тексеру жұмысын ұйымдастыру және жүргізу ісінде қолхоздардың тексеру комиссияларына және аудандық ауылшаруашылық бөлімдерінің нұсқаушы-бухгалтерлеріне зор жауаптылық жүктеледі» (58-бет. Сөздердің астын сызған біз Г. С., Е. Ш.) дейді. Бірақ СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумынан кейін аудандық ауылшаруашылық бөлімдерінің жойылғаны жұртқа мәлім. Мұның өзі Қазақ ССР Конституциясының 72-статьясында, 1954 жылғы 16 июльде республиканың Жоғарғы Советінің V сессиясы қабылдаған редакциясында көрсетілді.

Ж. Туленовтың ССРО Халық Комиссарлары Советінің 1936 жылғы 15 апрельдегі ведомствоның ішкі финанс бақылауы туралы қаулысы бойынша «Совет мемлекетінің барлық мекемелерінде товар-материалдық бұйымдардың міндетті есебі енгізілді» (45-бет) деуі оқушыны мықтап шатастырады. Оған дейін, Совет өкіметінің өмір сүруінің 19 жылы бойына, мұндай есеп міндетті болмады дегенге нану қиын. Егер білгісі келген оқушы ССРО Халық Комиссарлары Советінің ол қаулысының текетімен танысса (сот-прокуратура қызметкерлерінің қолдануына керекті заңдар анықтамасы, М. 1949, 3-том, 205—206-беттер), ол Ж. Туленовтың өзін адастырып отырғанын көреді. Үкметтің бұл қаулысында мүлде басқа мәселе туралы, — ведомствоның ішкі бақылау мен финанс тексеруі туралы айтылған.

ССРО Конституциясының 130-статьясы Совет Одағының әрбір азаматына социалистік қоғам өмірінің ережелерін құрметтеуді міндеттейді. Бірақ Ж. Туленов, неге екені белгісіз, бұған қайшы келіп, ССРО Конституциясы әрбір совет азаматына социалистік қоғам өмірінің ережелерін қорғауды (?) міндетті дейді (33-бет).

Кітапшадағы басқа да бірсыпыра қателер мен көмескіліктерді келтіруге болар еді. Бірақ, кітапшаның авторы өзі пайдаланған материалдарды мұқият зерттеуді қажет деп таппағанын дәлелдеу үшін, осы айтылғандардың өзі жеткілікті.

Ж. Туленовтың цитаталарды пайдалану әдісіне де наразылық білдірмекке болмайды. Бір жағынан, бұл еңбекте тырнақшасыз келтірілген цитаталар

көп (24, 25, 61 және басқа беттерде), оның үстіне мұндай цитаталар келтіргенде автор кейде марксизм-ленинизмнің негізін қалаушылардың пікірін бұрмалайды. Екінші жағынан, қарастырылған мәселелерге тікелей қатысы жоқ цитаталар көп келтіріледі, мұның салдарынан марксизмнің белгілі қағидалары бұрмаланып, үйлеспейтін байымдаулар пайда болады. Мысалы, 14-бетте автор таптық қоғамдағы меншік туралы сөз болатын К. Маркстің «Моральдандыратын сын және сыншылдандыратын мораль» деген мақаласынан алынған цитатаны пайдаланып, оны өзінің қоғамдық құрылыс туралы байымдауына қолданады. Сөйтіп, бейне бір Маркстің айтуынша, қандайда болсын қоғам — таптық қоғам болып саналады.

25-бетте автор: «1921 жылы жаңа экономикалық саясатқа көшерде В. И. Ленин қоғамдық меншікті сақтау туралы заңдарды қайта қарап, қайта жасауды талап етті...» деп жазады. В. И. Лениннің бұл ретте Ж. Туленов пайдаланған «Азық-түлік салығы туралы» еңбегінде: «Жалдаптық туралы барлық заңдарды қайта қарап, қайта жасау керек...» делінген (Шығармалар, 32-том, 379-бет. Сөздердің астын сызған біз Г. С., Е. Ш.). В. И. Лениннің пікірін бұрмалау кітапшаның авторына ыңғай үшін қажет болғаны түсініксіз. Сірә, мұның ізінше, В. И. Лениннен тырнақшасыз алынған, әрбір ұрлықтың мемлекеттік бақылаудан жалтарудың жазаланатыны туралы цитатаны пайдалануға мүмкіндік алу үшін керек болған болар.

Ж. Туленовтың кітапшасының тақырыбы көптеген праволық мәселелерді қамтыды. Меншік—экономикалық қатынас қана емес, онымен бірге праволық ең маңызды мәселелерінің бірі және бұл меншікті сақтау праволық негізгі міндеті болып табылады. Мұның өзі авторды социалистік меншікті сақтау қызметін зерттеудің праволық мәселелеріне тиісінше байсалдылықпен, мұқият қарауға міндеттейді. Бірақ амал не, автор бұл міндетті де орындамаған.

Кітапшада оған тікелей қатысы бар бірсыпыра маңызды заң мәселелері сөз болмаған немесе тек үстірт қозғап өткен. Мысалы, социалистік меншік правосын қорғаудың қылмыстық-праволық және әкімшілік-праволық әдістеріне біраз көңіл бөле тұрса да, Ж. Туленов социалистік меншікті азаматтық-праволық сақтау сыяқты маңызды мәселе жайында түк айтпаған. Ал социалистік ұйымдардың басқа, заңсыз иеліктегі мемлекет, кооператив және қоғам мүлкін талап ету правосы, социалистік ұйымдардың мүлкіне зиян келтірген үшін материалдық жауаптылық—бұл мәселелердің көзіргі уақытта, қылмыстық және әкімшілік жауаптылық мәселелерінен кем емес қайта зор маңызы бар.

Мемлекет органдарының бақылау жұмысын сөз қылғанда, Ж. Туленов бұл жұмыстың шеңберін тарылтып, Мемлекеттік бақылау министрлігі органдары



ның және ведомствоның ішкі бақылауының қызметін шағындайды. Істің шынында мемлекеттік социалистік меншікті сақтауды бақылау қызметінің шеңбері оған ана гүрлым кең. Автор ССРО финансы министрлігінің бақылау-тексеру басқармасының және оның жергілікті органдарының жұмысы туралы, кәзір ерекше маңыз беріліп отырған — мемлекеттік банктің социалистік ұйымдардың қызметін бақылауы туралы, арнаулы банкілердің халық шаруашылығына бөлінген сан миллион мемлекеттік күрделі қаржының дұрыс пайдаланылуын бақылауы туралы, еңбекшілер депутаттарының жергілікті Советтерінің тұрақты комиссияларының бақылау жұмысы туралы және социалистік меншіктің сақталуын қамтамасыз ететін бақылаудың басқа түрлері туралы автор ешнәрсе айтпаған.

Соғ және прокуратура органдарының социалистік меншікті сақтау жөніндегі жан-жақты жұмысы кітапшада мүлде жеткіліксіз баяндалған. Социалистік меншікті сақтау өзінің негізгі міндеттерінің бірі болып отырған арбитраж органдарының жұмысы туралы ешнәрсе айтылмаған.

Ж. Туленов мемлекеттің бір жағынан, бүкілхалықтық дәулет — мемлекеттік меншікті, екінші жағынан ортақ меншік — кооператив-колхоздық меншікті сақтау жұмысын айқын көрсетпеген және бұл жұмыстың шегін айырмаған. Ол түгіл автор социалистік және мемлекеттік меншік ұғымдарын шатыстырады. Мысалы, ол былай деп жазды: «**қоғамдық, социалистік меншікті сақтау жолындағы күрестің кейбір бағыттары осындай. Бірақ мұнан тіпті де, мемлекеттік меншікті сақтау осы көрсетілген шаралармен тұжырылады** деген мағна тумайды» (48-бет. Сөздердің астын сызған біз. Г. С., Е. Ш.). ССРО Конституциясының 5-статьясы ССРО-да социалистік меншіктің не мемлекеттік меншік (бүкіл халық дәулеті) формасы не кооператив-колхоздық меншік (жеке колхоздардың меншігі, кооператив бірлестіктерінің меншігі) формасы болатынын мейлінше айқын көрсетеді. Социалистік меншіктің кең ұғымын оның екі түрінің бірі — мемлекеттік меншік ұғымымен шатыстыру қатты қателескендік болады.

Автор: қанаушы таптар жойылғаннан кейін социалистік меншікті сақтауда тәрбие әдістері бірінші орынға қойылды дейді, бірақ оны ешбір дәлелдемейінше, социалистік меншікті ұрлаған үшін жазалайтын қылмыс заңдарын шолуға көшеді. Бұл заңдарды өзгертудің себептерін түсіндіргенде автор бірсыпыра кәтелерге жол береді. Ол былай деп жазады: «ССРО Жоғарғы Советі Президиумының 1947 жылғы 4 июньдегі Указы шығарылғанға дейін ...социалистік меншікке қастандық жасалған үшін жазаның неғұрлым жұмсақ шаралары қолданылып келгені мәлім. РСФСР Қылмыс Заңының 162-статьясын мысалға келтірейік... Егер бұл заң біздің еліміздің социализмді ойдағыдай орнатып,

социализммен коммунизмге бірте-бірте өту міндеттерін жүзеге асыруға кіріскен кезде, Совет өкметінің орасан зор табыстарға жетуіне байланысты, социалистік меншікті ұрлау, айталық, Ұлы Отан соғысы жылдарындағыдай оншама көп таралмаған кезде қолданылғанын ескерсек, бұл жағдайлардың бәрін ескерсек, социалистік меншікті ұрлағандарға РСФСР Қылмыс заңының 162-статьясы бойынша ол уақыт үшін жұмсақ жаза берудің өбден орынды болғанын түсіну қиын емес.

Бірақ Ұлы Отан соғысы басталды... Уақытша экономикалық қиыншылықтардың зардабынан, өздерінің санасында капитализмнің қалдықтары әлі де күшті болған кейбір совет адамдары қоғамдық социалистік меншікті ұрлай бастады... Сондықтан оларға қарсы күресті күшейту керек болды...

Бұған байланысты ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы 1947 жылғы 4 июльде (дұрысында 1947 жылғы 4 июньде Г. С., Е. Ш.), мемлекеттік және қоғамдық мүлікті ұрлағандарға жазаның неғұрлым қатаң шараларын қолдануды көздейтін «Указ қабылдады» (34 — 36-бет).

Сонымен, Ж. Туленовтың айтқанына нанатын болсақ: соғыстың алдындағы дәуірде, Совет өкметінің табыстарына байланысты, социалистік меншікті ұрлау едәуір азайыпты, сондықтан Қылмыс заңының 162-статьясында белгіленген жұмсақ шараларды қолдану орынды болыпты. Ұлы Отан соғысы дәуірінде социалистік меншікті ұрлау күшейіпті, сол себепті 1947 жылғы 4 июньдегі неғұрлым қатаң указды шығару қажет болыпты.

Бұл баяндаудың жасандылығы айқын көрініп тұр. Біріншіден, 162-статья Қылмыс Заңында қабылданған күннен бері, яғни 1926 жылдан бері болып келеді. Басқаша айтқанда, бұл статьяда белгіленген жазалау шаралары социалистік мемлекеттің дамуының бірінші фазасы дәуірінде де қолданылды. Қылмыс Заңының бұл статьясын соғыстың алдындағы дәуірге өздігінен әкеп қойып, сөйтіп мұндай жұмсақ шараларды өзі келтірген дәлелдермен ақтауға тырысып, автор мұның бәрін орынсыз оңайлата қояды.

Екіншіден, Ұлы Отан соғысы дәуірінде социалистік меншікті ұрлау күшейді деу ешқандай фактілермен дәлелденбейді және бүкіл совет халқының ол кезде майданда, сол сияқты тылда көрсеткен ерлік істеріне өрескел қайшы келеді.

Үшіншіден, 1947 жылғы 4 июньдегі Указ соғыстың аяқталуынан екі жылдан кейін, яғни Совет өкметінің бейбіт құрылыстағы табыстары соғыстың алдындағы дәуірдегіден тіпті де кем болмаған кезде шығарылғанын автор «байқамайды».

Біздің пікірімізше, Ж. Туленовтың 1947 жылғы 4 июньдегі Указ бойынша, социалистік мүлікті ұрлаған үшін жауаптылықтың күшейтуіне ұрлаудың көбеюі себеп болды деуіне ешқандай дә-



дел жоқ. Оның бұл қортындысы көріне ойдан шығарылған. Указды шығарудың негізгі себебі — мемлекеттік және қоғамдық меншікті ұрлаған үшін қылмыстық жауаптылық туралы заңдарды бір ізге салу қажет болды. Указдың кіріспе бөлімінде бұл тұжырымның ең алдымен келтірілуі тегін емес.

Ж. Тулсеновтың кітапшасындағы елеулі қателерді, амал не, оның редакторы О. Ф. Обручевқа байқамаған. Ол әдеби редакциялау жұмысында авторға тиісті көмек көрсетпеген. Мұның салдарынан кітапшада көмескі, кейде тіпті теріс тұжырымдар мен сөйлемдер көп кездеседі. Бірнеше мысал келтірейік:

«Мемлекеттік меншік, — делінген 10-бетте, — социалистік меншіктің негүрлым пісуі жеткен формасы болып табылады». Онан да, бүкілхалықтық дәулет ретіндегі мемлекеттік меншік социалистік меншіктің жоғарғы формасы болып табылады деу дұрысырақ болар еді.

Немесе: «...Совет мемлекетінің қызметі...қанаушы таптарды толық жою міндетін де орындады...» (32-бет). Қызмет міндетті қалай орындай алады?

Сол бетте «...социалистік индустрияның...соғысқа дейінгі өнімнен жеті есе асын түскені...» айтылған.

Мұндай мысалдар толып жатыр.

\* \* \*

Маркстік-лениндік теория мәселелеріне арнап жарияланған бірсыпыра насихаттық еңбектерде жаттампаздық пен догмашылдық, табиғат және қоғам туралы нақты ғылымдар материалдарын жете білмегендік, лениндік философиялық мұраны өте нашар пайдаланатындық әлі де болып отырғаны партиялық баспасөз бетінде талай рет көрсетілді. Бұл кемшіліктердің бәрі Ж. Тулсеновтың кітапшасында да толық көрінді. Бұл кітапша өзінің теориялық және идеялық-саяси дәрежесі жағынан өмірдің, практиканың талаптарына, қоғам туралы маркстік-лениндік ғылымның міндеттеріне сай келмейді.

Көріне сапасыз және былыққан еңбекті асығыс бастырып шығара қойған Қазақ мемлекеттік баспасының талғаусыздығы оқушыларды тандандырады.

**Г. СТЕПАНЕНҚО,**

заң ғылымдарының кандидаты,

**Е. ШЕХТЕРМАН,**

философия ғылымдарының кандидаты.



# Партия тұрмысының хабарлары

## ПАРТИЯ ОҚУЫ ЖҮЙЕСİNДЕГІ ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫ АЛДЫНДА

Павлодар облыстық партия комитеті партия оқуы жүйесіндегі оқудың қортындыларын шығарып жаңа оқу жылына әзірлік шараларын белгіледі.

Еріктілік принципін қолдана отырып, партия ұйымдары өткен жылы коммунистердің саяси оқуына басшылықты біраз жақсартты. Партия оқуы жүйесінде 9 мыңнан астам коммунистер мен партияда жоқ активтер оқиды. Маркстік-лениндік теорияны өздігінен үйренушілер екі есе көбейді. Олар үшін 163 консультациялық пункт, СОКП тарихы мен нақты экономиканың 18 семинары ұйымдастырылды, марксизм-ленинизм классиктерінің жеке шығармалары, халықаралық жағдай тақырыптарында 300-ден астам лекция, баяндамалар оқылды. Насихатшы кадрларды тәрбиелеу және тәрбиелеу жұмысы біраз жақсарды.

Мұнымен бірге саяси оқуды ұйымдастыруда елеулі кемшіліктер де болды. Павлодар қалалық партия комитеті, Каганович, Галкин және Максим Горький аудандық партия комитеттері маркстік-лениндік теорияны өздігінен үйренушілерге жеткілікті көмек көрсетпеді. Бесқарағай, Өрлігөбе, Михайлов, Май аудандық партия мектептерінің жұмысы қанағаттанғысыз болды. Бұл мектептерді құрастырғанда бірсыпра қателерге жол берілді, мектеп сабақтары кейде мезгілінде өткізілмеді. Галкин, Михайлов, Максим Горький және басқа кейбір аудандық партия комитеттерінің тиісінше бақылап отырмауы себепті жеке лекциялар мен баяндамаларда қателерге, көмескілікке жол берілді.

Облыстық партия комитеті қалалық партия комитеті мен аудандық партия комитеттерінен жаңа оқу жылында мұндай кемшіліктерді болғызбауды талап етті. СОКП тарихын, саяси экономияны және өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының нақты экономикасын үйрететін лекторийлер мен семинарларды көбейтуге, сентябрьде насихатшылардың облыстық кеңесін өткізуге ұйғарылды. Облыстық және аудандық газеттердің редакцияларына, радиохабар комитетіне жоғары сапалы теориялық және методикалық мақалаларды үнемі жариялап отыру, радио арқылы беру, насихат жұмысының тәжірибесін қорытып, тараптып отыру тапсырылды.

## КОММУНИСТЕР ӨНДІРІСТІҢ ШЕШУШІ УЧАСТОКТЕРІНДЕ

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь және январь Пленумдарының шешімдерін орындай отырып, Қазталовка аудандық партия комитеті колхозлардың бастауыш партия және комсомол ұйымдарын нығайту, коммунистер мен комсомолецтерді ауылшаруашылық өндірісінің шешуші учасоктеріне орналастыру жөнінде біраз жұмыс істеді. Быйылғы жылдың өзінде тағы да 35 коммунист пен 51 комсомолец тікелей өндіріске жіберілді.

Энгельс атындағы колхозда коммунистер мен комсомолецтердің бәрі дерлік өндірісте жұмыс істейді. Мұнда малды күтетін комсомол-жастар бригадасы құрылды. Комсомолка Ұлбаш Нығметова өзіне бекітіп берілген 13 сыйырдан 13 бұзау алып, аман сақтады. Бірінші августқа дейін әрбір сыйырдан алынған сүт 1138 литрден келді. Колхоз мал шаруашылығын өркендету жоспарын малдың барлық түлігінен мерзімінен бұрын орындады. Жемшөп дайындау және басқа ауылшаруашылық науқандары ойдағыдай өткізілді.

Коммунистер мен комсомолецтерді колхоз өндірісінің шешуші учасоктеріне орналастыру туралы аудандық партия комитетінің есебін тыңдағаннан кейін, Батыс Қазақстан облыстық партия комитеті аудандық партия комитетінен бұл жұмысты онан әрі жүргізе беруді, оңдағы кемшіліктерді жоюды талап етті. Аудандық партия комитетіне оның бастауыш партия ұйымдарын аудан орталығындағы коммунистер есебінен батыл нығайтпай отырғаны көрсетілді: аудан орталығындағы 177 коммунистен колхоздарға небәрі екі коммунист жіберілген.

## ПАРТИЯ КОМИТЕТІНІҢ БАСПА ОРГАНЫ

Өскемен қалалық партия комитеті «Алтайсвинецстрой» тресі партия комитетінің көптиражды «Алтайский строитель» газетіне басшылығы туралы мәселені қарады. Бұл партия комитетінің өзінің баспасөз органына өте қанағаттанғысыз басшылық ететіні, быйыл редакцияның жұмысы туралы мәселенің бірде-бір рет талқыланбағаны анықталды. Құрылыстардың басшы қызметкерлері газетке атсалыспайды.

Бұл айтылғандардың салдарынан «Алтайский строитель» газеті өзінің міндеттерін нашар атқарады. Құрылыс мә-



селелері үстірт баяндалады, кемшіліктер жеткілікті сыналмайды. Газет өндірістің резервтерін ашпайды, құрылыстың индустриялық тәсілдерін еңгізу туралы, техниканы толық пайдалану туралы аз жазады. Экономика, социалистік жарыс мәселелері ойдағыдай баяндалмайды. Жарияланған материалдардың нәтижелілігі өте төмен.

Қалалық партия комитеті трестің партия комитетінен газетке басшылықты жақсартып, оны іс жүзінде бұқараның ұйымдастырушысы болатын дәрежеге жеткізуді талап етті. Редакцияға өндіріс жоспарларын мезгілінен бұрын орындау, құрылыс жұмыстарының сапасын жақсартып, түсер күннің кеміту, еңбек өнімділігін арттыру жолындағы социалистік жарыс мәселелерін кеңінен жазып отыру ұсынылды. Газет озат тәжірибені насихаттап, өндіріске еңгізуге негүрлым көп көңіл бөлуге тиіс.

Партия комитеті мен редакция газеттің авторлар активін көбейтіп, жарияланған материалдардың нәтижелілігін күшейтуге, қабырға газеттеріне басшылықты жақсартуға міндетті.

#### ПАРТИЯЛЫҚ ДОКУМЕНТТЕР МҰҚЫЯТ САҚТАЛСЫН

Қостанай облыстық партия комитеті СОКП Орталық Комитетінің партия шаруашылығын тиісті тәртіпке салу, партияның мүшелері мен кандидаттарының партиялық документтерді сақтауға жауаптылығын күшейту туралы талаптарын кейбір партия ұйымдары мен коммунистердің өлі де қатаң орындамайтынын анықтады. Қостанай қалалық партия комитеті, аудандық партия комитеттері және бастауыш партия ұйымдары партия шаруашылығын жүргізуге көңіл бөлуді бәсеңдетті. Бастауыш партия ұйымдарындағы партия шаруашылығының жәйі, коммунистердің өздерінің партиялық документтерін сақтауы сирек тексеріледі.

Жеке коммунистердің қырағылығының болмауы себепті кейбір ұйымдарда, оның ішінде Қостанай қалалық және Семиозер аудандық партия ұйымдарында партиялық документтердің ұрланғаны және жоғалғаны болды. Партия мүшелері А. И. Гордиенко мен Д. Х. Ткач өздерінің партиялық документтерін екі рет жоғалтты.

Облыстық партия комитеті қалалық партия комитеті мен аудандық партия комитеттерінің секретарьларына партия шаруашылығын жүргізу тәртібін бұлжытпай орындау және коммунистердің партиялық документтерді сақтауға жа-

уапсыздықпен қарауына жол бермеу шараларын қолдануды міндеттеді. СОКП мүшелері және мүшелікке кандидаттар арасында тәрбие жұмысын күшейту шараларын белгілеп, облыстық партия комитеті тәртіпсіздік және ашықауыздық көрсеткен коммунистерді партия жолымен қатаң жауапқа тартуды ұсынды.

#### ЛЕНИНОГОРДЫҢ РАЦИОНАЛИЗАТОРЛАРЫ МЕН ӨНЕРТАПҚЫШТАРЫ

Лениногордың кәсіпорындарында көптеген рационализаторлар мен өнертапқыштар жұмыс істейді. Олар өндіріс техникасын өркендетуге үнемі қамқорлық жасап отырады. Бірақ, Лениногор қалалық партия комитетінің атап көрсеткеніндей, партия, шаруашылық және кәсіподақ ұйымдары оларға ойдағыдай көмектесіп отырмайды. Сол себепті олар қабылданған ұсынысты өндіріске еңгізуге көп уақыт өткізеді.

Полиметалл комбинатында бір жылдың ішінде 430 рационализаторлық ұсыныстар мен өнертабыстардан небәрі 160, «Лениногорсксвинестрой» тресінде 33-тен 10, геология-барлау партиясында 16-дан 4 ұсыныс және өнертабыс өндіріске еңгізілді. Жеке рационализаторлық ұсыныстар ұзақ уақыт бойына қаралмайды. Мысалы, жұмысшы Антипов жолдастың (байыту фабрикасы) ұсынысы комбинаттың Рационализаторлық ұсыныстар мен өнертабыстар бюросында он айдан бері, ал Холдин жолдастың ұсынысы өткен жылғы апрельден бері қаралмай жатыр.

Лениногор қалалық партия комитетінің бюросы полиметалл комбинатының директоры Малкин, «Лениногорсксвинестрой» тресінің басқарушысы Маницын, «Шахтастройуправлениенің» бастығы Ушаков жолдастарға, басқа кәсіпорындардың басшыларына рационализаторлар мен өнертапқыштар арасындағы жұмыстың кемшіліктерін жоюды міндеттеді. Қабылданған және өндіріске еңгізілген ұсыныстар туралы кеңінен мәлімет беріп отыру, рационализаторлар мен өнертапқыштардың конференцияларын өткізіп тұру, әрбір кәсіпорында, әрбір цехта және құрылыс учасоктерінде рационализаторлар мен өнертапқыштарға техникалық көмек көрсететін бюро ұйымдастыру ұсынылды.

Бастауыш партия ұйымдары рационализаторлар мен өнертапқыштар арасындағы жұмыстың жәйі туралы мәселені талқылап, оларға бюрократтық қозқарас фактілерімен батыл күресуге міндетті.

#### РЕДАКЦИЯ КОЛЛЕГИЯСЫ:

Бучкин Б. А. (бас редактор),  
Әбілдаев К., Глебов С. А., Ордабаев Б.,  
Покровский С. Н., Рахимов Х., Федюкин С. А.

Редакцияның адресі:  
Алматы қаласы,  
Комсомол көшесі, 107  
Тел. 39-00, 23-03.  
11-45, 17-96.

15/IX-1955 ж. басуға қол қойылды, қағаз 70×108<sup>1</sup>/<sub>16</sub> — 2 қ. — 5,48 авт. т. УГ02871

Тираж 15300. Алматы, ҚКП Орталық Комитетінің баспаханасы. Зак 1002.





# Кітап жаңалықтары

## партия активінің кітапханасы үшін

**Н. А. БУЛГАНИН.** Төрт держава үкметтері басшыларының Женева кеңесінің қортындылары. Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы, 1955 ж. 40 бет. Бағасы 40 тыйын.

**К. МАРКС.** Капитал. Саяси экономияға сын. 2 том. II кітап. Капиталдың айналу процесі. Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы, 1955 ж. 530 бет. Бағасы 10 сом 70 тыйын.

**Марксизм-ленинизм соғыс, армия және соғыс ғылымы туралы.** Мақалалар жыйнағы. Әскери әдебиет баспасы, 1955 ж. 220 бет. Бағасы 4 сом 45 тыйын.

**М. П. КИМ.** Коммунистік партия — ССРО-дағы мәдени революцияның ұйымдастырушысы. Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы, 1955 ж. 340 бет. Бағасы 5 сом.

**С. П. ПЕТРОВ.** Совет Одағы Коммунистік партиясының тарихы — жүзеге асырылып отырған марксизм-ленинизм. Саяси және ғылыми білімдер таратушы Бүкілодақтық қоғам. «Знание» баспасы, 1955 ж. 40 бет. Бағасы 60 тыйын.

**С. М. ПЕТРОВ.** Коммунистік партия соғыс алдындағы жылдарда (1938 — 1941 июль) социализм құрылысын аяқтап, коммунизмге бірте-бірте өту күресінде. Лекция. Жоғарғы партия мектебінің баспасы, 1955 ж. 96 бет. Бағасы 1 сом 70 тыйын.

**В. Л. ИГНАТЬЕВ.** Коммунистік партияның сегізінші съезі және жұмысшы табы мен еңбекші шаруалардың одағын онан әрі нығайтуда оның тарихи маңызы. Лекция. Саяси және ғылыми білімдер таратушы Бүкілодақтық қоғам. «Знание» баспасы, 1955 ж. 32 бет. Бағасы 60 тыйын.

**И. КОЗЫРЕВ.** 1905 — 1907 жылдардағы революция дәуірінде большевиктердің армия және флот үшін жүргізген күресі. Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы, 1955 ж. 180 бет. Бағасы 2 сом 20 тыйын.

**Е. Д. ЧЕРМЕНСКИЙ.** Бірінші орыс революциясы жылдарында (1905 — 1907 жж.) большевиктердің жұмысшы табы мен шаруалар одағы үшін жүргізген күресі. Лекция. Саяси және ғылыми білімдер таратушы Бүкілодақтық қоғам. «Знание» баспасы, 1955 ж. 48 бет. Бағасы 60 тыйын.

**М. Е. НАЙДЕНОВ.** 1905—1907 жылдардағы революция — империализм заманындағы бірінші халықтық революция. Саяси және ғылыми білімдер таратушы Бүкілодақтық қоғам. «Знание» баспасы, 1955 ж. 40 бет. Бағасы 60 тыйын.

**П. Н. ПАТРИКЕЕВ.** Революцияның онан әрі өрлеуі. 1905 жылғы октябрьдегі бүкілроссиялық саяси стачка. Декарбь қарулы көтерілісі. Лекция. Москва университетінің баспасы, 1955 ж. 24 бет. Бағасы 40 тыйын.

**Д. И. НАДТОЧЕЕВ.** Ең алдымен ауыр индустрияны мейлінше өркендетудің лениндік саясаты және партияның

оны жүзеге асыру жолындағы күресі. Саяси және ғылыми білімдер таратушы Бүкілодақтық қоғам. «Знание» баспасы, 1955 ж. 48 бет. Бағасы 60 тыйын.

**Д. Д. КОНДРАШЕВ.** ССРО-да халық шаруашылығын мемлекеттік жоспарлауды ұйымдастыру. Лекция. Жоғарғы партия мектебінің баспасы, 1955 ж. 35 бет. Бағасы 60 тыйын.

**А. К. КОЛЕСНИКОВ.** Істің орындалуын тексеру және СОКП-ның ұйымдастыру жұмысында оның маңызы. Саяси және ғылыми білімдер таратушы Бүкілодақтық қоғам. «Знание» баспасы, 1955 ж. 48 бет. Бағасы 60 тыйын.

**Б. ҒАФУРОВ.** Тәжікстанның партия ұйымдары мақта шаруашылығын өрге бастыру күресінде. («Партия ұйымдарының жұмыс тәжірибесінен» сериясы). Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы, 1955 ж. 68 бет. Бағасы 80 тыйын.

**Ф. ГЕОРГИЕВ.** Дүниенің танымдылығы және оның заңдылықтары. «Московский рабочий» баспасы, 1955 ж. 56 бет. Бағасы 65 тыйын.

**ССРО тарихының материалдары.** I том. Советтік қоғам тарихының документтері. ССРО Ғылым академиясының баспасы, 1955 ж. 520 бет. Бағасы 19 сом 50 тыйын.

**ЛЮ ЮАНЬ-ЦЗЕН.** Қытай Халық Республикасындағы экономикалық өзгерістер. Ленинград университетінің баспасы, 1955 ж. 228 бет. Бағасы 9 сом 45 тыйын.

**С. Д. НАТЕЛЬ.** Индия мен Пакистандағы ауылшаруашылық жұмысшылары. Ағылшын тілінен аударылған. Шетелдік әдебиет баспасы, 1955 ж. 199 бет. Бағасы 7 сом 60 тыйын.

**Е. И. ИНДОВА.** XIX ғасырдың бас кезіндегі крепостнойлық шаруашылық. Воронцовтар вотчинасы архивінің материалдары бойынша. ССРО Ғылым академиясының баспасы, 1955 ж. 151 бет. Бағасы 8 сом.

**В. С. РОЖИЦИН.** Джордано Бруно және инквизиция. ССРО Ғылым академиясының баспасы, 1955 ж. 384 бет. Бағасы 15 сом.

**М. Д. ЦЕБЕНКО.** XVIII ғасырдың француз материалистері және олардың идеализмге қарсы күресі. Лекция. Жоғарғы партия мектебінің баспасы, 1955 ж. 56 бет. Бағасы 95 тыйын.

**М. Я. ЯКОВЛЕВ.** Орыс революцияшыл демократтары дінге қарсы күресте. «Знание» баспасы, 1955 ж. 32 бет. Бағасы 60 тыйын.

**П. К. ФИГУРНОВ.** Европалық халықтық демократия елдерінде социалистік экономиканың құрылысы және сыртқы сауданың өркендетілуі. Сыртқы сауда баспасы, 1955 ж. 112 бет. Бағасы 4 сом 80 тыйын.

**В. В. ЗАГЛАДИН.** Француз халқының бейбітшілік және ұлттық тәуелсіздік жолындағы күресі. Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы, 1955 ж. 174 бет. Бағасы 2 сом.